

# Өмір энергиясы

# 2019

## ЖАСТАР ЖЫЛЫ

SAMRUK ENERGY

## БІРІКТІРІЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

1 Том



**_Есеп туралы_**

*«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын ұстанатынын мәлімдейді.*

*Компания бұл Есепті мүдделі тараптармен қарым-қатынас тәсілдерінің бірі ретінде қарастырады.*

*Осы Есепті әзірлеу барысында мүдделі тараптардың пікірлері, соның ішінде GRI Standardts: Негізгі нұсқаға сәйкес барлық негізгі аспектілер қамтылды. Есепте стандартты элементтердің орналасуын көрсететін кесте қоса ұсынылып отыр. Осы Есепті дайындау кезінде Компания «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» есептілігі мен электр энергетикасы саласындағы GRI салалық хаттамасының (Electric utility, EU) әзірлеу қағидаттарын, есептілікке қойылатын БҰҰ Ғаламдық шартының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты талаптарын ескерді.*

*Есептегі болашаққа қатысты келтірілген деректер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Есептеледі», «болжам жасалады», «күтіледі», «бағаланады», «ниет білдіреді», «жоспарлайды» сияқты сөздер, «жоспар» белгісі бар көрсеткіштер және оларға ұқсас ұғымдар аталған жағдайда болжамды мәлімдемелер туралы айтылатынын көрсетеді. Нақты болған нәтижелер болжалды мәлімдемелердегі жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, болжанатын нәтижелерден, бағалардан және ниеттерден елеулі түрде ерекшеленуі мүмкін. Болжалды мәлімдемелер Есеп шыққан мерзімге қатысты көрсетіледі. Компания өз қызметінің болжалды мәлімдемелердегі күтілетін нәтижелеріне шын мәнінде қол жеткізілуіне кепілдік бермейді, сондықтан олар барынша ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қарастырылмауы тиіс және қарастырылмайды (Есеп туралы толық мәлімет 164 бетте).*

# МАЗМҰНЫ


«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының кіріспе сөзі .... 2

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі ............... 4

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 6

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің картасы 8
Бизнес-модель 10
«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің құрылымы 12
2019 жылғы негізгі оқиғалар 14
«Самұрық-Энерго» АҚ қағидаттары 16

## 2018 – 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ 18

Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру қорытындылары 23
Трансформация бағдарламасы 25

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 26

Қазақстан электр энергиясы мен қуат нарығының моделі 28
Электр энергиясы нарығындағы бәсекелес орта 33
«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру саласында 34
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның қуат нарығына қатысуы 38
Көмір нарығы 38

## «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ 42

Өндіруші компаниялар 44
Таратушы және өткізуші компаниялар 55
Өндіруші және сервистік компаниялар 58

## КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ 62

Маңызды қаржылық оқиғалар 64
Макроэкономикалық факторлар 65
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер 67
Тариф саясаты 72
Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері 76
Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) 77
Инвестициялық қызмет 79
Күрделі шығындарды талдау 80
Сатып алуды басқару 82

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 84

Корпоративтік басқару құрылымы 86
Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестік 86
Акционер 90
Директорлар кеңесі 91
Атқарушы орган 98
Комплаенс 105
Омбудсмен 108
Ішкі аудит 109
Сыртқы аудит 110
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау 111

## ОРНЫҚТЫ ДАМУ 114

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 118
«Экономикалық» санат 124
«Экологиялық» санат 131
«Әлеуметтік» аспектісі 144

## ҚОСЫМШАЛАР 162

Есеп туралы 164
Есептің GRI нұсқаулығына сәйкес келу кестесі 169
Пайдаланылған қысқартулар 173

Байланыс ақпараты 177

# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



**Құрметті оқырман!**

«Самұрық-Энерго» АҚ қатысушы нарықтарда энергия ресурстарының сенімді бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету, акционерлік капитал құнын арттыру, орнықты дамыту стратегиялық мақсаттарын негізгі бағдар ретінде ұстана отырып, Қазақстан нарығындағы электр энергиясын өндіруде басым үлеске ие.

Бүгінгі күні Компаниядағы қуат өндіру көздерінің 70%-дан астамын көмірмен жұмыс істейтін конденсациялық энергия блоктар құрап отыр. Компанияда ЖЭК жобалары қолға алынуына қарамастан таяу болашақта «Самұрық-Энерго» үшін көмір негізгі қуат өндіру көзі ретінде қала бермек. Осыған орай электр қуатын өндіруді дамыту аясындағы жұмыстар негізінен қолданыстағы қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыруға, соның ішінде: өндірістік шығынды оңтайландыруға, жабдықтарды пайдалану мен жөндеуден өткізу нәтижелілігін арттыруға, инновациялық дамуға, бизнесті цифрландыруға, инвестициялық бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға бағытталып отыр.

Осы бағыттағы міндеттерді орындау аясында «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС кәсіпорнында техникалық қажеттіліктерді өтеуге жұмсалатын отын мен судың меншікті шығыны төмендетіліп, нәтижесінде 1 млрд теңге қаражат үнемделді.

2019 жылы отандық инвестормен энергия-сервистік шарт жасалып, жасанды жарық көздерінің көмегімен «Богатырь Көмір» кәсіпорнындағы тау-кен қазба орындары мен өндіріс алаңдарын жарықпен қамтамасыз ету кезінде қуатты барынша үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруға қол жеткізу күтіліп отыр. Жыл қорытындысы бойынша нақты тиімділік шамамен 103,3 млн теңгені құрады.

2019 жыл қазақстандық энергия тарихында тағы бір жаңалығымен қалмақ. Қоғам Акционері – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «Интер РАО» ПАО-дан «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның 50% акциясын сатып алу мәмілесін аяқтады. Сөйтіп маңызды электр энергетикалық актив толығымен Қазақстан Республикасының бақылауына өтті. Қазақстандық тарап үшін электр станциясының қызметіндегі басым бағыт – станцияны кеңейту мен жаңарту аясында 636 МВт-тық үшінші энергоблокты орнату болып табылады. Бұл жобаны жүзеге асыру Қазақстанның электр энергиясы мен қуатына деген күн сайын артып келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз етуге, оның экспорттық әлеуетінің ұлғаюына мүмкіндік бермек.

Компания тарапынан жүргізілген іс-шаралар аясында, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қарызды басқару және қаржылық тұрақтылық саясатында көзделген қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты мәндеріне Қарыз/ EBITDA, EBITDA/ пайыздық сыйақы бойынша Шығыстар, Қарыз/ӨК көрсеткіштеріне қол жеткізіп, тиісінше тәуекелдің жасыл аймағына өттік.

Компания Мойнақ су электр станциясының құрылысы үшін Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкінен 136,3 млн АҚШ доллары сомасында алынған валюталық займды мерзімінен бұрын өтеді. Мәміленің жүзеге асырылуы «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің кредит портфеліндегі валюталық займ үлесін 17%-дан 3%-ға дейін елеулі түрде қысқартып, валюта бағамы ауытқуының холдингтің қаржылық көрсеткіштеріне тигізетін жағымсыз әсерін азайтып, Акционердің 50 млн АҚШ доллары сомасындағы корпоративтік кепілдігін босатып алуға, соның нәтижесінде шарттық міндеттемелер сомасын төмендетуге мүмкіндік берді.

Компания инвестициялық бағдарламаларды нәтижелі орындап, өз капиталының табыстылығын жоғары деңгейде сақтап қалуға тырысуда. Компанияның жобалар портфелінде орта мерзімді кезенде жүзеге асыруды қажет ететін «Екібастұз ГРЭС-1 қуатын кеңейту және қайта жаңарту (№ 1 блокты қалпына келтіру)», «№ 3 энергоблокты орната отырып Екібастұз ГРЭС-2 станциясын кеңейту және қайта жаңарту», «Богатырь» (ЦПТ) кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, біртектілеу және тиеудің циклдық-толассыз технологиясына көшу жобасын іске асыру» жобалары еніп отыр, «Шардара СЭС жаңғырту» жобасын іске асыру жұмыстары аяқталуда. ЖЭК секторында: «Қуаты 50 МВт болатын Ерейментау ЖЭС құрылысы», «Алматы облысы Шелек ауданындағы қуаты 60 МВт ЖЭС құрылысы» жобалары бар. Қазақстан нарығындағы ірі электр қуатын жеткізуші ретінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның төмен көміртекті экономика құрудағы маңызды рөлін атап өткім келеді.

Компания алдағы уақытта да қызмет бағыттарын дамыту, тиімділікті, айқындылық пен ашықтықты арттыру мақсатында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларын белсенді түрде жүргізе беретін болады. Энергохолдингті сенімді де тұрақты дамыту жолындағы бизнес процестерді оңтайландыру, басқару жүйесін ықшамдау және өндірістік процестің барлық бағыттары бойынша қызмет тиімділігін арттыру жұмыстары жалғаса бермек.

**Қарымсақов**
**Бейбіт Еркінбайұлы**

# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



**Құрметті оқырман!**

2019 жыл Компания үшін жемісті әрі Қазақстанда электр энергетикасы саласын дамыту тарихына жазылатын маңызды оқиғаларға толы жыл болды.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 243,7 млрд теңгені құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында электр қуатын өндіру көлемі 30 200,3 млн кВтс құрады. Көмір кесіктерінде 44 848 мың тонна отын өндіріліп, Ресей Федерациясына жөнелтілетін экспорт көлемі артты.

2019 жылы Қазақстанда электр энергетикасы саласын жеткілікті деңгейдегі инвестициямен қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде қуат нарығы енгізілді, бұл шара ұзақ мерзімді болашақта нарық үшін қолайлы жағдай тудырмақ. Электр энергиясын өндірушілердің табысы екі құрамдас бөлікке жіктелді — электр энергиясын сатудан түскен табыс (ағымдағы шығынды өтеуге жұмсалады) және электр қуатын әзірлікте ұстау қызметін көрсетуден түскен табыс (негізгі қарызды өтеуге және инвестицияға жұмсалады).

Энергия тапшылығы сезілетін Түркістан облысында Шардара су электр станциясын түбірлі жаңғырту жұмыстары аяқталуға жақын. Станцияның қайта жаңғыртылуы СЭС қуатын 126 МВт-қа дейін ұлғайтып, жаңа гидротурбиналар жылына электр қуатын өндіру көлемін 480-нен 537 млн кВтс-қа жеткізуге мүмкіндік береді.

Алматы энергия кешенінде «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ күшімен жүктемені «Горный Гигант» қосалқы станциясынан жаңғыртылған «Ерменсай» қосалқы станциясына көшіру жобасы аяқталды. Соның нәтижесінде оңтүстік астанада төтенше жағдайлардың алдын алып, электр энергиясын апаттық өшіру қаупін болдырмау мәселесі толығымен шешілді.

Компанияның ЖЭК активтері портфеліне Алматы облысындағы 2019 жылы құрылысы аяқталған қуаты 0,4 МВт-тық күн электр станциясы (КЭК) енді. Жоба Қапшағай қ. орналасқан қолданыстағы қуаты 2 МВт-тық КЭК инфрақұрылымы базасында жүзеге асырылды.

Осы өңірде болашақта қуатын 300 МВт-қа дейін ұлғайту мүмкіндігі бар 60 МВт-тық жел электр станциясын салу жобасы қолға алынды. ЖЭК нысандарын іске қосу нәтижесінде Шелек дәлізінде парникті газдар шығарындыларын жылына 206 мың тонна CO2 көлемінде төмендету, сондай-ақ жылына 89 мың тонна отынның орнын алмастыру мүмкіндігі тумақ. Осылайша жаңа ЖЭК нысаны Қазақстанда «таза» электр қуатын өндіру көлемін ұлғайтуға және жаңартылатын энергия көздерін дамытуға өзіндік үлес қосатын болады.

Fitch Ratings Халықаралық рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін шетелдік және ұлттық валютада «ВВ» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты»; Бағалау мемлекеттің қаржылық қолдауына сүйенетін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның стратегиялық жағдайына, сондай-ақ Компанияның берік нарықтық ұстанымына негізделеді.

«Ereymentau Wind Power» ЖШС мен ЕАДБ арасында «Ерейментау қ.50 МВт ЖЭС құрылысы» жобасын қаржыландыруды қамтамасыз ететін 23,2 млрд теңге сомасындағы Кредиттік келісімге қол қойылды.

Электр энергиясын сату көлемін ұлғайту және экспорттық әлеуетті пайдалану үшін «Самұрық-Энерго» АҚ Орталық Азияның электр энергиясы нарығына шықты. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Өзбекістан Ұлттық электр желілері» АҚ арасында электр энергиясын сату-сатып алу шартына 0,9 млрд кВтс. көлемінде электр энергиясы жеткізілді.

Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру аясында 2019 жылы Компанияда Қазақстанда бірегей болып танылған: «Ақпараттық технологияларды басқарудың жаңа моделін енгізу», «Сатып алуларды санаттық басқару», «Сату процестерін дамыту және трейдинг процестерін енгізу» деп аталатын 3 жоба аяқталды.

Компания Трансформациялау бағдарламасын іске асыру бағыттарын қайта қарастырды. Өндірістік міндеттерді шешуге баса назар аударылып, өндіріс қуатын арттыруға бағыт алдық. Компания Жобалар портфелінің жаңартылған нұсқасын әзірледі. Негізгі бағдар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, компания құнын арттыру мен операциялық шығынды азайтуға бағытталған.

Компания өз қызметінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын ұстанып, өз құзыреті аясында орнықты дамудың ғаламдық мақсаттарын басшылыққа алады. Біз әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға, жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, қызметкерлер мен өңірлердегі жергілікті тұрғындардың әл-ауқаты деңгейін арттыруға, өндірісте еңбектің қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғауға, сатып алуларда жергілікті қатысу үлесін арттыруға баса назар аударамыз.

2019 жылы Компания еңбекті және қоршаған ортаны қорғау шараларына 7,1 млрд теңгеден астам қаражат бөлді.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғаламдық шарты мен «БҰҰ — әйелдер» серіктестігі аясында әзірленген «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңету қағидаттарын» қолдау туралы мәлімдемеге қол қойды. Бұл Компаниямыз бен Еуропалық даму және қайта құру банкінің адам құқығы саласындағы саясатты дамыту, гендерлік теңдікке және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қолдау көрсету бағытындағы бірлескен жобасы бойынша қол жеткен нәтижелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауына байланысты, жас ұрпақтың дамуына ықпал ету және қолдау көрсету мақсатында жыл бойы жас мамандарды қолдауға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Жастар кеңесі құрылып, цифрландыру бағдарламасы аясында кәсіби тағылымдамалар ұйымдастырылды, түрлі өңірлердегі жоғары білікті, белсенді жас мамандар қатарынан кадр резерві жасақталды.

Өскелең ұрпаққа Компанияны дамытудағы басты күш ретінде, стратегиялық мақсаттарды табысты орындауда белсенді ресурқа айналу міндеті жүктеліп отыр.

**Жоламанов**
**Бақытжан Төлеужанұлы**

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ акционерлік қоғамы жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңарту және жаңаларын енгізуге қатысты ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында 2007 жылғы 10 мамырда құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес құрылды (толығырақ Компанияның www.samruk-energy.kz сайтында).

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы – Қазақстан Республикасында энергетикалық активтерді басқаруды жүзеге асыратын холдинг. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутегі және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын өндіру және ыстық суды дайындау, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізу, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Бүгінгі күні Компания активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызға ие станциялар, сондай-ақ Ертіс СЭС каскадына енген республиканың негізгі су электр станциялары, еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі СЭС («Шардара СЭС» АҚ және «Мойнақ СЭС» АҚ) нысандары бар. «Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің құрамына Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін кәсіпорын «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына Алматы өңірінде электр және жылу энергиясын өндіретін станция, сондай-ақ өңірлік тарату желілері мен өткізу компаниясы («Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық активтері 12 бетте) енген.

«Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 Қаулысына сәйкес қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ-ны бәсекелес ортаға беру жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда.

2019 жылы Алматы энергия кешенінің компаниялары («АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ және «АЭС» ЖШС) Қоғамды жалпы жекешелендіру аясында аталған активтерді Қоғам периметрінде сақтай отырып, жекешелендіруге жататын активтер тізімінен алып тасталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия «Тегис Мұнай» ЖШС-ны жекешелендіруге жататын активтер тізімінен алып тастау туралы, сондай-ақ жалпы Компанияны жекешелендіру шеңберінде активті Қоғам периметрінде сақтау мақсатында шешім қабылдады.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ны жекешелендіруге қатысты шараларды жалғастыру жоспарланып отыр.



# АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР



## КӨМІР ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

«Forum Muider B.V.»
50%



## ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

«АлЭС» АҚ
100%

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС
100%

«Екібастұз станциясы МАЭС-2» АҚ
50%

«Балқаш ЖЭС» АҚ
100%

«Тегіс Мұнай» ЖШС
100%



## ТАРАТУШЫ КОМПАНИЯЛАР

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
100%

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
90,29%



## СЭС КОМПАНИЯЛАРЫ

«Шардара СЭС» АҚ
100%

«Мойнақ СЭС» АҚ
100%

«Шүлбі СЭС» АҚ
92,14%

«Өскемен СЭС» АҚ
89,99%

«Бұқтырма СЭС» АҚ
90%



## ЖЭК КОМПАНИЯЛАРЫ

«Бірінші жел электр станциясы» АҚ
100%

«Energy Solutions Center» ЖШС
100%

«Ereymentay Wind Power» ЖШС
100%

«Samruk-Green Energy» ЖШС
100%

«Энергия Семиречья» ЖШС
25%

«Казгидротехэнерго» ЖШС
100%

НЕМЕРЕЛЕС КОМПАНИЯЛАР

«БОГАТЫРЬ КӨМІР ЖШС
100%

«РЕСУРСЭНЕРГОУГОЛЬ» ЖШҚ
100%

«ЭНЕРГОТРЕЙДУГОЛЬ» ЖШҚ
100%

METTLERA CORPORATION LTD
100%

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС
100%

«ТЕПЛОЭНЕРГОМАШ» ЖШС
95%

# 2019 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

## 01 Қаңтар

**«Богатырь Көмір» ЖШС бірінші болып «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия сервистік шарт жасасты**

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмір кесіктерінде жыл сайын 7,7 млн кВт.с. немесе 207,8 млн теңгедей қаражатты үнемдеу – «Богатырь Көмір» ЖШС мен «PROLUX LED» ЖШС қазақстандық компаниясының арасында жасалған энергия сервистік шарттан күтілетін экономикалық тиімділік. Шарт аясында қазіргі уақытта қолда бар 1,5 мыңнан астам өнеркәсіптік шамдарды жарық диодты шамдарға ауыстыру жоспарлануда.

## 02 Ақпан

**«АЖК» АҚ жүктемені «Горный гигант» қосалқы станциясынан жаңартылған «Ерменсай» қосалқы станциясына ауыстыру жобасын аяқтады**

Жобаны жүзеге асыру болуы мүмкін апаттың алдын алуға және оңтүстік астананы электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар «Самал», «Қазақфильм», «Бағаналы», «Таугүл» және басқа да жаңа тұтынушыларды қосу шектеулерін алып тастауға және электр энергиясын жеткізу көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

«Ерменсай» қосалқы станциясынан 40 шақырым кабель желілері құрастырылып, жұмыс кернеуіне қойылды; ұзындығы 11 км-ден асатын екі әуе желісі қайта құрылды; электр энергиясын қабылдау, тарату және жеткізу үшін жоғары вольтты жабдық кеңейтіліп, жаңғыртылды; энергияны есепке алу жүйесі мен аварияға қарсы автоматика мен релелік қорғаныс құралдары қосымша орнатылды.

## 03 Наурыз

**Трансформация бағдарламасының «Сатып алуды санаттық басқару» жобасы аяқталды**

Жоба Компанияның операциялық басқаруына берілді. Сатып алуды санаттық басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді.

Жоба барысында сатып алудың 10 санаттық стратегиясы әзірленді. 2017–2019 жж. Аралығындағы нақты экономикалық тиімділік 2,5 млрд теңгені құрады.

## 04 Сәуір

**«Шардара СЭС» АҚ-да станцияны түпкілікті жаңғырту аясында екінші гидроагрегат іске қосылды**

СЭС-те технологиялық жабдықтарды сынау сәтті аяқталды және негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді. Станцияның технологиялық жабдықтары 50 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді, жаңғырту жобасы басталған кезде жабдықтардың тозуы шамамен 100%-ды құрады. Қайта құру СЭС қуатын 26 пайызға – қазіргі 100-ден 126 МВт-ға арттыруға және су электр станциясының қызмет ету мерзімін 35-40 жылға дейін ұзартуға мүмкіндік береді. Оған қоса, жылына 57 млн кВт/сағ. өндірілетін болады, бұның энергия тапшылығы бар Түркістан облысын энергиямен қамтамасыз етудегі маңызы зор.

**«Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі**

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингін «ВВ» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».

## 05 Мамыр

**Қазақстандағы тұңғыш «ЭКГ-20» тау-кен экскаваторы**

«Богатырь» кесігінде Қазақстандағы тұңғыш «ЭКГ-20» тау-кен экскаваторы салтанатты түрде пайдалануға берілді. «Богатырь Көмір» компаниясы техникалық паркін жаңарту бағдарламасы аясында «Уралмашзавод» кәсіпорнынан ең қуатты тау-кен машинасын сатып алды. Осындай сыныпты экскаваторды іске қосылуына байланысты кәсіпорынның өндірістік қуаты едәуір артатын болады.

## 06 Маусым

**Сыртқы міндеттемелерді қайта қаржыландыру**

«Мойнақ СЭС» АҚ-ның 136 млн АҚШ доллары сомасындағы валюталық міндеттемелері табысты қайта қаржыландырылды. Мәміле нәтижесінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 50 млн АҚШ доллары сомасындағы кепілдігі босатылып, кредит портфеліндегі валюталық міндеттеме деңгейі 17%-дан 3%-ға дейін қысқарды.

**«Өзбекістан Ұлттық электр желілері» АҚ-мен электр энергиясын сату-сатып алу шартына қол қойылды**

Электр энергиясын сату көлемін ұлғайту және экспорттық әлеуетті пайдалану үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орталық Азияның электр энергиясы нарығына шығу жұмыстары табысты жүргізілді. Нәтижесінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Өзбекістан Ұлттық электр желілері» АҚ арасында электр энергиясын сату-сатып алу шартына қол қойылды, құжат 2019 жылдың маусымынан желтоқсанына дейін 1,01 млрд кВтс. көлеміндегі электр энергиясының жеткізілуін көздейді.

## 07 Шілде

**«Самұрық-Энерго» АҚ сату процестерін дамыту және трейдинг процестерін енгізу бойынша Трансформация жобасын аяқтады**

Сату бөлімінің енгізілген мақсатты моделі барлық клиенттер үшін «бір терезе» қағидаты негізінде Корпоративтік орталық деңгейінде сату қызметін орталықтандыруды көздейді. Осылайша, компаниялар тобы өндірген электр энергиясын «Самұрық-Энерго» Сауда үйі, оның ішінде «КОРЭМ» АҚ алаңының орталықтандырылған сауда-саттық аукционында сатады.

2018–2019 жж. аралығында 5 миллиард теңгеден астам қаржылық кіріске қол жеткізілді.

**Трансформация бағдарламасының АТ басқарудың жаңа моделін енгізу жөніндегі жобасы аяқталды**

Жоба АТ-қызметтерінің тиімділігі мен сапасын арттыруға, АТ-ны басқарудың орталықтандырылған, ашық және тиімді моделін құруға және АҚ-стратегияларын қалыптастырудың кешенді нысанын енгізіп, Қоғам мен Жоба периметріне енетін 10 еншілес ұйымның АТ-инфрақұрылымының біртұтас архитектурасын құруға бағытталған.

«АТ-қызметтерін басқару» ақпараттық жүйесі әзірленіп, «Energy Solutions Center» ЖШС базасында АТ бойынша жалпы қызмет көрсету орталығы құрылды.

## 09 Қыркүйек

**Алматы облысында жаңа күн электр станциясы салынды**

Алматы облысында қуаты 0,4 МВт күн электр станциясының құрылысы аяқталды. Станция «Алатау Жарық Компаниясы». АҚ желілеріне қосылған. Жобаны «Самұрық-Энерго» АҚ-ның құрамына кіретін «Samruk-Green Energy» ЖШС жүзеге асырды.

Жоба Қапшағай қаласында жұмыс істеп тұрған қуаты 2 МВт күн электр станциясының инфрақұрылымы негізінде жүзеге асырылды. Жаңа станцияны салу кезінде отандық тауар өндірушіні қолдау мақсатында «Astana Solar» ЖШС қазақстандық компаниясының фотоэлектрлік модульдері қолданылды.

## 11 Қараша

**Орталықтандырылған сауда-саттық**

«КОРЭМ» АҚ сауда алаңында электр қуатының 2020 жылға арналған орталықтандырылған сауда-саттығы жүргізілді. «Самұрық-Энерго» АҚ сауда-саттығының қорытындысы бойынша 2909,63 МВт қуат (сондай-ақ МГЭС 298 МВт, ШарГЭС 61 МВт, АлЭС 402 МВт, жалпы алғанда 3 670 МВт) сатылды.

## 12 Желтоқсан

**Шардара СЭС-те 3-ші гидроагрегатты іске қосу операциясы басталды**

Сырдария өзеніндегі су электр станциясын толығымен жаңғыртуға байланысты ауқымды жоба аяқталуға жақын. Күрделі қайта құру СЭС қуатын 26 пайызға – қазіргі 100-ден 126 МВт-ға арттыруға мүмкіндік береді. Харьков зауытының ескі гидротурбиналарын австриялық-германиялық Andritz Hidro GmbX компаниясы шығарған жаңаларына ауыстыру станция өнімділігін жылына 480-нен 537 млн кВт/сағ. ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында әркайсысының қуаты 31,5 МВт болатын алғашқы екі гидроагрегаттың іске қосылуының арқасында Шардара СЭС жылдық өндіру жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

**Екібастұз ГРЭС-2 Қазақстанның бақылауына көшті**

«Самұрық-Қазына» АҚ Ресейдің энергетикалық компаниясы «Интер РАО» ЖАҚ-тан «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның 50% акциясын сатып алуды аяқтады. 13.12.2019 жылы акциялар «Самұрық-Қазына» АҚ қарамағына өтіп, актив толығымен Қазақстан Республикасының бақылауына көшті.

**«АЖК» АҚ Қазақстанда тұңғыш рет алты ауданда диспетчерлік пункттерді қайта құру жобасын іске асырды**

Жоба желілерді жедел басқару тиімділігін едәуір арттырады, ЖЭО-да төтенше жағдайлардың дамуына жедел жауап қайтару мүмкіндігі пайда болады. Бейнекабырға диспетчердің жұмыс орнынан SCADA жүйесі арқылы басқарылады және оған нақты уақыт режимінде болып жатқан барлық технологиялық процестерді сенімді түрде бақылауға мүмкіндік береді. Нақты уақыт режимінде АЭС коммутациялық жабдықтарының жай-күйі туралы барлық деректер қаланың тарату желілерінің Орталық диспетчерлік пунктіне жіберіледі.

# «САМРҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАҒИДАТТАРЫ



## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Компания қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі – табысты қызмет кепілі. Сондықтан Компания әрбір қызметкердің жеке әрі кәсіби тұрғыда дамуына тең мүмкіндік бере отырып, қолайлы жұмыс жайы мен әрбір маманның өз әлеуетін іске асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып және өз бетінше кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға тырысады.



## КОМПЛАЕНС

Ереже-қағидаттарды бұлжытпай орындау ортақ мақсат, ортақ мінез-құлық мәдениеті мен дәстүрлер негізінде біріккен кәсіби мамандар командасы ретінде қала беруімізге, сондай-ақ Компанияның өз ішінде, іскери серіктестермен және клиенттер арасында да тиісті деңгейдегі өзара түсінушілікті сақтауға ықпал етеді.



## ҚАУІПСІЗДІК

Біз әлемді қуатпен қамтамасыз етуде қауіпсіз әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамыз.



## ТӘУЕКЕЛГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАР

Біз корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсініп, Компанияның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін дер кезінде анықтауға және төмендетуге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырамыз.



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз өндірістік қызметімізді қоршаған ортаны қорғай отырып және бірлесе әрекет ететін қауымдастықты құрметтей отырып жүргізуге тырысамыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсатымыз – жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеу.



## ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

Біз кездесулерге, талқылаулар мен ашық пікірталасқа дайынбыз, мүдделі тұлғалармен өз мақсат-мүдделерімізді ескере отырып және Компания мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен олардың мақсат-міндеттері арасындағы балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға талпынамыз.

# 2018–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2020 жылдарға арналған даму стратегиясын Директорлар кеңесі 2018 жылғы 28 тамызда бекітті (ДК № 08/18 хаттамасы).

«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиясы компанияның жұмыс істеу жағдайына әсер ететін сыртқы орта мен энергетика саласының негізгі үрдістерін ескере отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ағымдағы ұстанымдарына негізделеді. Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін анықтау PESTEL-талдау, макроэкономикалық және салалық үрдістерді талдау, сондай-ақ ішкі ортаны талдау негізінде құрылды.

## Макроэкономикалық үрдістер

Бүгінгі таңда әлемдік энергетика алдында энергетикалық трилемманың компоненттері: электр энергиясының экономикалық қолжетімділігі, жабдықтау сенімділігі және экологиялық тұрақтылық арасындағы оңтайлы теңгерімді табу бойынша ауқымды міндет тұр. Бұл ретте, трилемма құраушыларын теңгерудің басымдығы, әдетте, көп жағдайда елдің даму деңгейімен айқындалады және дамушы елдер жағдайындағы электр энергиясының экономикалық қол жетімділігінен дамыған елдер жағдайындағы экологиялық тұрақтылыққа ығысады.

### Жаһандық энергетикалық трилемма және ел дамуындағы императивті Негізгі Негізгі




### Негізгі қауіп-қатерлер

Қазіргі уақытта Компанияның алдында оның ағымдағы жағдайының, сыртқы ортаның сипаттамалары мен даму үрдістерінің салдары болып табылатын бірқатар негізгі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер тұр.





## Негізгі сыртқы қауіп-қатерлер

**1. Қуат нарығын ендіру**

Электр қуаты нарығы аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолда бар электр станцияларының үздіксіз жұмысы үшін өндіруші жабдықтың тозу деңгейін қысқарту жөніндегі болжамдар. Жаңа қуаттарды салу және жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғырту, қайта құру болжанады.

**2. ЕАЭК жалпы электр энергиясы нарығын қалыптастыру**

ЕАЭК-тың жалпы электр энергетикалық нарығын енгізу нәтижесінде Қазақстан Республикасы Кеңеске қатысушы елдердің нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар электр энергиясының сыртқы жеткізушілері үшін ішкі нарықтың ашылуын атқарады.

**3. Бос қуаттардың болуы**

Қазақстан Республикасында генерацияның едәуір бөлігі өзара байланысты, яғни электр энергиясын жеткізуші үлестес компанияларға жатады. Өзара байланысты генерация құрамындағы энергия блоктар жалпы алғанда еркін нарықта жұмыс істейтін электр станцияларымен салыстырғанда жүктеменің ауқымды деңгейімен сипатталады және олардың кепілді өткізу нарығы бар. Байланысты генерацияны дамыту Компанияның өткізуді кеңейту жөніндегі нарықтық мүмкіндіктерін шектейді (белсенді бәсекелестер, біліктіліктің жеткіліксіздігі, электр энергиясын өңіраралық беруге арналған жоғары тарифтер).

**4. Көмірді сату көлемдерінің төмендеуі**

Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін меншіктік станциялар жүктемелерінің төмендеуі көмірді сату көлеміне жағымсыз әсер етеді. ҚР-дағы бөгде тұтынушылардың Екібастұз көмірін тұтынудың өсу әлеуеті шектеулі. РФ-ға жеткізу көлемі ауыспалы сипатқа ие, ол РФ-да электр энергиясын тұтынудың өсуімен байланысты. Сонымен қатар, Ресей көмір станцияларын ішкі өндірушілердің көміріне немесе табиғи газға ішінара ауыстыру бойынша РФ саясаты жалғасуда

**5. Экологиялық заңнама талаптарын күшейту**

Қазіргі уақытта әлемде қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендетуге арналған тұрақты тренд байқалады. Қазақстан Республикасының экология саласындағы халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде және Самұрық-Энергоның экологиялық және әлеуметтік жауапты компания ретінде қабылдаған міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістерге проактивті әрекет жасау қажеттілігін белгілейді.

**6. ЖЭК-ті дамыту жөніндегі реттегіш ортаның өзгеруі**

ЖЭК объектілерін салу үшін аукциондық сауда-саттық тетігі ендірілді. Аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін қаржылық қамтамасыз етуді енгізу қажет болатын белгіленген шекті аукциондық бағалардан бастап электр энергиясына бағаны төмендету қағидаты бойынша жүргізіледі.

**7. Бизнесті цифрландыру**

Қазіргі уақытта әлемде өндірістік және операциялық процестерді цифрландыру тренді байқалады, ол уақыт шығындарын оңтайландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға және автоматтандырылған режимде алынатын талдау деректерін дамытуға әсер етеді.

## Негізгі ішкі қауіп-қатерлер

1. 2016–2020 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспары аясында Компанияның активтерін әділ нарық баға бойынша сатуды қамтамасыз ету қажеттігі.

2. Компанияның операциялық тиімділігін түбегейлі арттыру қажеттігі.

## ПАЙЫМДАУ

***Тиімділігі жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы***

## МИССИЯ

***Акционерлер үшін құндылық қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму жолымен артып отырған сұранысты қанағаттандыру***

### «Самұрық-Энерго» АҚ жағдайының SWOT-талдауы

**01 Күшті жақтары**

Өндіруде өзіндік құны төмен энергеткалық көмірдің мол қорының болуы

Қазақстан Республикасындағы қуат көздері тозуының жалпы деңгейіне қарағанда тиімді энергетикалық қуаттар

Мемлекет және Қор тарапынан қолдау

**02 Әлсіз жақтары**

Белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің төмен болуы

Баға ұсыныстарын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы

**04 Мүмкіндіктер**

Жыл сайын электр тұтыну көлемінің өсуі, бәсекеге қабілеттіліктің артуы және инвестициялық бағдарламаны іске асыру есебінен электр энергиясын өндіру көлемінің артуы

Экспорттық әлеуеттің дамуы

Нарық қажеттілігіне сәйкес қуат балансын оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК)

Стратегиялық серіктеспен бірлесіп, ЖЭК-өндірісінің дамуы

Көмірді пайдалану бағыттарын, оның ішінде байыту есебінен кеңейту

**03 Қауіптер**

Тарифтерді ұстап тұру жөніндегі мемлекеттік саясат («тарифтік тыныштық» қағидасы)

Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту

Өндіруші қуаттардың сұранысы мен ұсыныстарының арасындағы айырмашылықтың өсуі

Экологиялық заңнаманы шамадан тыс. күшейту

ЕАЭО-ның ортақ электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру

Көрші елдердегі геосаясаттың тұрақсыздығы

Валюталардың айырбас бағамының әлсіреуі себебіненн ірі инвестициялық жобалардың қымбаттауы



### СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

- ҚАТЫСУШЫ НАРЫҚТАРДА ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫНЫҢ СЕНІМДІ ӘРІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕТКІЗІЛІМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
- АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНЫН АРТТЫРУ
- ОРНЫҚТЫ ДАМУ

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

- Сату тиімділігін арттыру
- Қызмет тиімділігін арттыру
- Инвестициялық бағдарламаларды тиімді іске асыру
- Корпоративтік басқару және орнықты даму

### МІНДЕТТЕР

- Электр энергиясы мен көмірді ішкі нарықта өткізуді арттыру
- Электр энергиясы мен көмірді сыртқы нарықта өткізуді арттыру

- Жумыс істеп түрған қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру
- Инновациялық дамыту және цифрландыру
- Қаржылық тұрақтылықты арттыру
- Активтердің мақсатты құрылымына өту
- Компанияның трансформациялау бағдарламасын іске асыру

- Инвестициялық жобаларды іске асыру

- Тиімді корпоративтік басқару
- Адам капиталын дамыту
- Орнықты даму саласында бастамаларды іске асыру

## Негізгі стратегиялық міндеттерді іске асыру қорытындылары

**Ішкі және сыртқы нарықтарды электр энергиясы мен көмірді өткізудің ұлғаюы**

- Компанияда 28,6 млрд кВтсағ көлемінде электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді, оның ішінде 966,3 млн кВт.сағ көлемінде Өзбекстанға экспортталды.

**Қызметтің тиімділігін арттыру**

- Аталған тапсырма бойынша өндірістік шығындарды оңтайландыру бойынша бірқатар шаралар іске асырылды, оның ішінде:
- «ГРЭС-1» ЖШС-дағы отынның (көмір, мазут) үлесті шығыны мен технологиялық мұқтаждықтарға арналған су шығындары азайтылды, соның нәтижесінде үнемділік шамамен 1 млрд теңгені құрады.
- Отын-энергетикалық ресурстарға (дизельдік отын, бензин) арналған шығындарды оңтайландырудан болған әсер 71 млрд теңгені құрады.
- Жабдықтың техникалық жай-күйін ескере отырып жүргізілетін жөндеуге жұмсалатын шығыстарды оңтайландырудан түсетін пайда шамамен 1 млрд теңгені құрады.

**Инновациялық даму және цифрландыру**

- «Екібастұз кен орнының (ҒЗТКЖ) жоғары күлді көмірлерін жағу үшін қазандық агрегаттарының оттық құрылғыларының технологиясы» жобасын іске асыру шеңберінде Назарбаев Университеті базасында ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды.
- «Қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі» жобасы бойынша қазіргі уақытта Қытайда жабдықты жеткізушілердің арасында инжинирингтік талдау жүргізілді, сондай-ақ Қытайда Екібастұз көміріне тиісті зертханалық сынақтар жүргізілді.
- Цифрландыру бойынша жобаларға ағымдағы инфрақұрылымның дайындығы тұрғысынан алғашқы тексеру жүргізілді, қорытындысы бойынша Цифрландыру бағдарламасының тұжырымдамасы қалыптастырылды. Сондай-ақ «Қуатты реттеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу» жобасы іске қосылды.

**Қаржылық тұрақтылықты арттыру**

Компания жүргізген іс-шаралар шеңберінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қарызды басқару және қаржылық тұрақтылық саясатында көзделген қарыз/EBITDA, EBITDA/пайыздық сыйақы бойынша шығыстар, Қарыз/СК қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізілді және тиісінше тәуекелдің жасыл аймағына қол жеткізілді.

**Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру**

Компания инвестициялық бағдарламаны тиімді орындауға және меншікті капитал кірістілігінің талап етілетін деңгейін сақтауға ұмтылады. Қазіргі уақытта іске асыруды аяқтаудың орташа мерзімі бар іске асырылатын неғұрлым маңызды жобалар «Екібастұз ГРЭС-1 қуатын кеңейту және қайта жаңарту (№ 1 блокты қалпына келтіру)», «№ 3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта жаңарту», «Богатырь «(ЦАТ) кесігінде көмір өндіру, тасымалдау, орташалау мен тиеудің циклдік-ағымдық технологиясына көшу жобасын іске асыру», «Қуаты 50 МВт-тық Ерейментау ЖЭС салу», «Алматы облысының Шелек ауылы ауданында қуаты 60 МВт ЖЭС салу» болып табылады. «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы аяқталу кезеңінде.

## Стратегиялық НҚК-ларды орындау

| № | Атауы | Нақты 2017 | Нақты 2018 | Нақты 2019 | 2020 болжам | 2021 болжам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Таза табыс, млрд теңге | –27,9 | 3,2 | 6,8 | 7,0 | 37,9 |
| 2 | Қарыз /EBITDA (ара қатынасы) | 4,64 | 3,18 | 3,31 | 3,04 | 1,98 |
| 3 | ROACE, % | –1,20 | 2,99 | 3,43 | 3,63 | 7,55 |
| 4 | Таза активтердің құны (NAV), млрд теңге | 382,9 | 385,3 | 392,1 | 399,1 | 437,1 |
| 5 | Корпоративтік басқару рейтингі | B | BB | – | BBB | – |
| 6 | ҚР электр энергиясы нарығындағы үлесі,% | 28 | 29,7 | 28,5 | 26,8 | 28,4 |
| 7 | LTIFR | 0,17 | 0,28 | 0,33 | 0,23 | 0,22 |

Тұтастай алғанда Компанияның Стратегиялық көрсеткіштері 2018–2021 жж. кезеңде жақсара түспек. Бұл өсімнің негізгі себептері ретінде ішкі нарықта электр энергиясы мен қуатты сату көлемдерінің ұлғаюын, қуатқа жеке тарифтің белгіленуін, технологиялық қажеттілікке жұмсалатын отын мен су көлемдерінің қысқаруын, ТЭР-энергиямен жабдықтау шығынының оңтайландырылуын, сондай-ақ қарыз жүктемесінің төмендеуін тап өтуге болады.

Бұл ретте стратегиялық көрсеткіштерге ықпал ететін жағымсыз факторлар валюта бағамындағы кері өзгерістер, өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер бағасының өсуі болып табылады.

2019 жылы Таза табыстың оперативтік көрсеткішінің артуы өткен жылдың сәйкес кезеңінде 3,6 млрд теңгені немесе 213% құрады. Оң ауытқу активтердің құнсызcustomerлануынан болған шығындардың, бағамдық айырма бойынша шығыстардың қысқаруына және үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін пайда үлесінің ұлғаюына байланысты негізгі емес қызметтен шығыстардың азаюымен негізделген.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ қаржылық тұрақтылық коэффициентерінің мақсатты мәндеріне қол жеткізді (Қарызды және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатында көзделген) және тиісінше жасыл тәуекел аймағына жетті. Осылайша, Қарыз/EBITDA стратегиялық көрсеткіш 3,5 ковенант кезінде 3,31 құрады.

2019 жылғы ROACE нақты көрсеткіш пайыздық мәнде 2018 жылғы көрсеткіштен 15%- ға жоғары. Көрсеткіштің жақсаруы Компанияның 2018–2019 жж. кезеңіндегі қарыздың 30,9 млрд теңгеге төмендеуімен байланысты.

2019 жылғы NAV таза активтерінің құны Компанияның 2019 ж. 6,8 млрд теңге мөлшерінде таза табыстың ұлғаюы нәтижесінде 2018 ж. салыстырғанда ұлғайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018 жылғы корпоративтік басқару диагностикасы нәтижелері бойынша жетілудің «орташа» BB деңгейіне сәйкес келетін Корпоративтік басқару рейтингі берілді, бұл Компанияның корпорвтивтік басқару жүйесі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді дегенді білдіреді.

Корпоративтік басқару рейтингінің мақсатты көрсеткіші 2020 жылы BBB деңгейінде белгіленді.

2018 жылғы фактісі бойынша Нарық үлесінің төмендеуі нарықта қалыптасқан сұранысқа байланысты, сондай-ақ РФ-қа экспорттың экономикалық мақсатқа сәйкестіліктің болмауына байланысты.

LTIFR көрсеткіші бойынша нашарлау барлық жазатайым оқиғаларды тіркеу және есепке алудың ашық жүйесін енгізумен байланысты (анықталған жазатайым оқиғалар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартуға мораторий енгізу).



# Трансформация бағдарламасы

«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізу мақсатында 2015 жылдан бастап Трансформация бағдарламасын жүзеге асырып келеді.

Трансформация бағдарламасы Компания дамуының оң бағыттарын айқындау мен белгілеуге, және де маңызды стратегиялық мақсаттардың бірі болып саналатын активтер құнын арттырудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

2015–2019 жж. Компания «Мақсатты процестерді енгізу», «Сатылым процестерін дамыту және трейдингті енгізу», «Жаңа корпоративтік қаржы моделін енгізу», «Жаңа АТ моделін енгізу», «Стратегиялық жоспарлау мен тиімділікті басқарудың жаңа моделін енгізу», «Мақсатты ұйымдық құрылымға көшу», «Сатып алуды санаттық басқару», «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу», «ТМҚ босату» жобаларын аяқтады.

Компания 2019 жылы Трансформация бағдарламасы аясында қаржылық пайдаға қатысты жоспарды үш рет асыра орындады, нәтижесінде 10,3 млрд теңге мөлшерінде таза табысқа ие болды.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Жобалар портфелін жаңартты. Компания өндірістік қуатты ұлғайту үшін цифрландыру мүмкіндіктерін пайдалана отырып өндірістік міндеттерге басымдық беру туралы шешім қабылдады. Жобалардың жаңартылған портфелі жалпы бюджеті 6,38 млрд теңге болатын және 2025 жылға дейін 27,52 млрд теңге сомасында таза пайда табуды көздейтін 4 жоба мен 13 іс-шараны қамтитын 7 бастамадан тұрады.




«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметі бойынша стратегиялық көрсеткіштердің мақсатты мәндеріне жету үшін 2020 жылы жоғарыда белгіленген барлық стратегиялық бастамалар мен міндеттер бойынша жоспарлы жұмыстарды жалғастыратын болады.

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ



Энергетикалық саланы реттеуді мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде электр энергетикасы саласында басшылық жасайды.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде ЖЭК саласында басшылық жасайды.

Мемлекеттік орган нысанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, табиғи монополиялар салаларында, о.і. электр энергиясын беру, жылу энергиясын өндіру, жеткізу, үйлестіру және қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызметтерге қатысты мемлекеттік саясатты іске асырады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес көмір өнеркәсібі саласына басшылық жасайтын мемлекеттік орган болып табылады.

## Қазақстандағы электр энергиясының моделі




**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ НАРЫҒЫ**

Бөлшек сауда (1 МВт-қа дейін)
- Бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын тарататын және қамтамасыз ететін ұйымдар

Көтерме (1 МВт-тан жоғары)
- Қатысушылары электр энергиясын өзара келісілген шарттарда сатып алатын және сататын орталықсыздандырылған нарық
- Операторы «Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық операторы» АҚ болып табылатын орталықтандырылған нарығы
- Күн сайынғы негізде теңгерімсіздікті жою үшін теңгерімделген нарық (имитациялық режимде қызмет етеді)
- Электр энергиясын беруді және қуаттарды резервке қоюды қоса алғанда жүйелік қызметтердің нарығы



## Қуат нарығы моделі




## Қазақстан электр энергиясының балансы

2019 жылы ҚР электр станцияларының белгіленген қуаты 22 936,6 МВт-ты құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1034 МВт-ға артық.

ҚР электр станцияларының қолда бар қуаты 19 329,7 МВт-ты құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 434,8 МВт-ға артық, о.і. Солтүстік аймақта – 193,2 МВт-ға, Батыс аймақта – 149,6 МВт-ға, Оңтүстік аймақта – 92 МВт-ға өсті.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіру әсіресе жылу электр станцияларында жүзеге асырылды – 81 %, су электр станциялары – 9 %, ЖЭК үлесі шамамен 1,8 %-ды құрады.

**Солтүстік өңірде** елде өндірілетін электр энергиясының 77 %-ы өндіріледі. Мұнда негізгі көмір кен орындары мен су-энергетикалық ресурстар орналасқан. Электр энергиясының артылғаны энергия тапшы оңтүстік өңірге жеткізіліп, Ресей Федерациясына экспортталады.

**Оңтүстік аймақ** солтүстік аймақтан жеткізілетін қуат есебінен жабылатын электр энергиясының тапшылығымен сипатталады.

**Батыс аймақта** электрді тұтынудың елеулі үлесін өздерінің өндіруші көздері бар мұнай-газ саласының кәсіпорындары құрады. Ел аумағы бойынша Батыстың Қазақстанның Солтүстігі мен Оңтүстігімен электр байланыстары жоқ.

## Қазақстан электр энергиясының балансы




Жүйелік оператордың деректері бойынша 2019 жылы Қазақстанның электр станциялары 106 030 млн кВтс. электр энергиясын өндірді, бұл 2018 жылғы деректермен салыстырғанда 0,7%-ға артық. Өндірудің өсімі Қазақстан БЭЖ-інің Солтүстік аймағында байқалады.

Қазақстан СЭС-інде электр энергиясын өндіру 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 358,1 млн кВт/сағ (3,5%) азайды. Станциялардың жұмыс тәртібі су шаруашылығы балансымен және гидрологиялық жағдаймен анықталды.

Қазақстанның ЖЭС және ГТЭС-те электр энергиясын өндіру тиісінше 840 млн кВт/сағ (1%) және 144 млн кВт/сағ (1,6%) азайды.

### ҚР электр энергиясын өндіру, млрд кВтс




### ҚР-дағы электр энергиясын өндіру/тұтыну балансы, млрд кВтс






Соңғы үш жылда Қазақстанда электр энергиясын тұтыну өсімі байқалады. Республиканың солтүстік аймағында тұтыну 2% – ға, оңтүстік аймақта 3% – ға, батыс аймақта 0,2% – ға артты.

2019 жылдың есепті кезеңінде 2018 ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең жоғары өсімі Алматы облысы бойынша 374,2 млн кВтс (3%), Жамбыл облысы бойынша – 151,9 млн кВтс (4%), Қарағанды облысы бойынша – 671,8 млн кВтс (4%), Шығыс Қазақстан облысы бойынша-259,2 млн кВтс (3%) мөлшерінде байқалады.

Электр энергиясы өндірісінің артуы ЖЭС пен ГТЭС өндірісінің артуымен, сондай-ақ ЖЭК жаңа қуаттарының енгізілуімен байланысты.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда ЖЭК-ті пайдалану объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемі 2019 жылы 2,4 млрд кВтс құрады немесе 2018 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 44,4% – ға өсті.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ЖЭК пайдаланылатын 90 нысан жұмыс істейді.

2019 жылы 2018 ж. салыстырғанда ірі ГЭС электр энергиясы өндірісінің төмендегені байқалады, ал шағын ГЭС, ЖЭС, СЭС және БГҚ объектілерімен электр энергиясын өндіру өсті.

### Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясының көрсеткіштері, *млн кВтсағ*

| № | ҚР бойынша көрсеткіштер | 2017 ж. | 2018 ж. | Δ 2018/ 2017 | 2019 ж. | Δ 2019/ 2018 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Э/э тұтыну, | 97 856,7 | 103 228,3 | 5% | 105 193,1 | 2% |
| 2. | Э/э өндіру, о.і.: | 102 383,6 | 106 797,1 | 4,3% | 106 029,8 | 0,9% |
| | *ЖЭС* | 82 424,8 | 86 795,1 | 5% | 85 955 | 0,9% |
| | *ГТЭС* | 8372,6 | 9 119,3 | 9% | 8 975,6 | 0,9% |
| | *СЭС* | 11 157,9 | 10 343,0 | 0,9% | 9 984,9 | 0,9% |
| | *ЖЭС* | 338,5 | 400,5 | 18% | 701,9 | 75% |
| | *КЭС* | 89,8 | 137,9 | 54% | 409,4 | 197% |
| | *БГҚ* | 0 | 1,3 | – | 3 | 131% |
| 3. | Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық о.і.: | –4 527 | –3 568,8 | 0,8% | –836,7 | 0,2% |
| | *- Ресей* | –4 528,2 | –3 566 | 0,8% | 125,7 | –0,04% |
| | *- Орталық Азия* | 1,2 | –2,8 | –133% | –962,4 | –34 371% |

*«Энергетик мамандығының әлеуметтік мәні зор. Қазіргі кезде қоғамымызда электр энергиясын пайдаланбайтын бірде-бір сала жоқ, сондықтан электр энергиясы біздің өміріміздің аса маңызды бөлігі болып табылады»*



**ҚАРАМОЛДАЕВ ДӘУЛЕТ**
*«Алматы электр станциялары» АҚ электр монтері*

## Қазақстан Республикасында электр энергиясының экспорты-импорты

2019 жылы Қазақстандағы электр энергиясын экспорттау-импорттау бағыты Ресей Федерациясы болды (Ресей Федерациясына экспорт – 1273,6 млн кВт.сағ, Ресей Федерациясынан импорт – 1407,1 млн кВт.сағ).

«KEGOC» АҚ – 1 215,6 млн кВтс электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу мақсатында. Есепті кезеңде 1 138,6 млн кВтс көлемінде РФ-дан электр энергиясының импорты электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу мақсатында жүзеге асырылды.

2018 жылға қарағанда Қазақстан Республикасының электр энергиясы импортының ұлғаюы Ресей Федерациясынан теңгерімдеуші электр энергиясы көлемінің ұлғаюы есебінен болды.

### Қазақстан Республикасында электр энергиясының экспорты-импорты, *млн кВтсағ*

| Атауы | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | Δ 2019/2018 жж. млн кВтсағ | Δ 2019/2018 жж. % |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қазақстанның экспорты** | **5 795,8** | **4 882,4** | **2 240,8** | **–2 641,6** | **–54,1%** |
| **Ресейге** | **5 788,1** | **4 876,3** | **1 273,6** | **–3 602,7** | **–73,9%** |
| ЕГРЭС-1 | 4 705,5 | 3 758,0 | 0,0 | –3 758,0 | –100,0% |
| «СевКазЭнерго» АҚ | 62,2 | 68,7 | 58,0 | –10,7 | –15,6% |
| «КЭЛ» ЖШС | 0,0 | 0,0 | 0,05 | 0,05 | |
| «KEGOC» АҚ (теңгерімделген нарық) | 1 020,4 | 1 049,6 | 1 215,6 | 166,0 | 15,8% |
| **Орталық Азияның БЭЖ-ге** | **7,7** | **6,1** | **967,1** | **961,0** | **15 733,7%** |
| ЕГРЭС-1 | 0,0 | 0,0 | 963,4 | 963,4 | |
| «Қырғызстан ҰЭЖ» үшін «KEGOC» АҚ | 7,7 | 6,1 | 3,7 | –2,4 | –38,8% |
| **Қазақстанның импорты** | **1 268,9** | **1 313,6** | **1 695,7** | **382,1** | **29,1%** |
| **Ресейден** | **1 259,9** | **1 310,2** | **1 407,1** | **96,8** | **7,4%** |
| «ИНТЕР РАО» ЖАҚ | 283,3 | 291,7 | 268,4 | –23,2 | –8,0% |
| «ИНТЕР РАО» ЖАҚ (сатып алу шарты) (ТЭН) | 976,6 | 1 018,6 | 1 138,6 | 120,1 | 11,8% |
| **Орталық Азияның БЭЖ-ден** | **8,9** | **3,3** | **288,6** | **285,3** | **8 545,2%** |
| **Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық** | **–4 527,0** | **–3 568,8** | **–545,1** | **2 794,2** | **–78,3%** |

## Электр энергетикасы нарығындағы бәсекелес орта

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші компанияларының бәсекелес ортаға электр энергиясын өндіру көлемі 2019 жылы 75,8 млрд кВтс құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда (52,9 млрд кВтс) 1,2 млрд кВтс аз.

### «Самұрық-Энерго» АҚ-ның неғұрлым ірі бәсекелестерінің 2019 жылғы көтерме нарықтағы электр энергиясын өндіру үлесі




### Қазақстанның ірі өндірушілерінің электр энергиясын өндіруі, *млн кВтс*

| № | Атауы | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | Ауытқу | ҚР-дағы үлесі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Самұрық-Энерго» АҚ | 27 760,3 | 31 703 | 30 200,3 | –1 502,8 | 28,5% |
| 2 | ERG | 19 264,6 | 19 573,9 | 18 545,0 | –1 028,9 | 17,5% |
| 3 | ОАЭК | 7 299,9 | 7 025,7 | 7 032,8 | 7,1 | 6,6% |
| 4 | «Қазцинк» ЖШС | 7 437,1 | 3 271,6 | 3 093,2 | –178,4 | 2,9% |
| 5 | «Казахмыс Энерджи» ЖШС | 6 756,3 | 6 437,0 | 7 443,6 | 1 006,6 | 7,0% |
| 6 | «ККС» ЖШС | 6 102,5 | 6 376,8 | 6 645,4 | 268,6 | 6,3% |
| 7 | «Жамбыл ГРЭС» АҚ | 2 552,3 | 1 792,4 | 1 878,8 | 86,4 | 1,8% |

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ тобы бойынша электр энергиясын өндіру 2018 жылмен салыстырғанда 4,7% – ға төмендеді.

Сонымен қатар, негізгі бәсекелестер бойынша аталған көрсеткіш – «Қазақмыс Энерджи» ЖШС: 7%, ККС – 6,3%, ERG – 17,5% құрады.

# «Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру саласында

**«Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру динамикасы,** *млрд кВтс*




«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2019 жылы 30,2 млрд кВтс құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ электр станцияларының электр энергиясын өндіру үлесі Қазақстан БЭЖ-і бойынша электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде 28,5%-ды құрады.

**«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК-терінің Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру үлесі**




"Самұрық-Энерго" АҚ 342,5 млн кВтс

Қазақстан 2 400 млн кВтс

**2019 жылғы ҚР бойынша электр энергияның жалпы өндірісіндегі «Самұрық-энерго» АҚ үлесі**




"Самұрық-Энерго" АҚ

Өзгелер

## «Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік көрсеткіштері

| ЕТҰ атауы | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2018 ж. 2019 ж. ауытқу | 2020 (болжам) | 2021 (болжам) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс[1]** | | | | | | |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ | 5 712,4 | 5 599,1 | 5 397,4 | 96% | 5 340,8 | 5 342,0 |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 14 797,0 | 19 121,6 | 18 301,5 | 96% | 18 825,8 | 19 297,0 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 5 495,5 | 5 436,5 | 4 928,5 | 91% | 4 626,4 | 5 503,7 |
| «Шардара СЭС» АҚ | 359,4 | 348,7 | 464,8 | 133% | 550,7 | 596,0 |
| «Мойнақ ГЭС» АҚ | 1 226,5 | 1 036 | 951,5 | 92% | 906,0 | 906,0 |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 3,2 | 3,2 | 3,3 | 103% | 3,8 | 22,2 |
| «БЖЭС» ЖШС | 166,4 | 157,9 | 153,3 | 97% | 160,5 | 172,2 |
| EWP | | | | | | 107,5 |
| «Энергия Семиречья» ЖШС | | | | | 63,9 | 255,5 |
| **Барлығы** | **27 760,3** | **31 703,1** | **30 200,3** | **95%** | **30 477,9** | **32 202,0** |
| **Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс** | | | | | | |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ | 5 036,0 | 4 891,7 | 4 725,4 | 97% | 4 702,4 | 4 695,7 |
| «ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС | 14 103,5 | 18 340,0 | 17 642,5 | 96% | 17 969,1 | 18 332,2 |
| о.і. экспорт | 4 705,5 | 3 757,9 | 966,6 | 26% | 1 500,0 | 1 500,0 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 5 207,9 | 5 160,8 | 4 689,5 | 91% | 4 403,4 | 5 248,2 |
| «Шардара СЭС» АҚ | 354,8 | 344,6 | 466,2 | 135% | 550,2 | 586,2 |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 1 213,0 | 1 034,4 | 952,3 | 92% | 893,2 | 893,2 |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 3,1 | 3,1 | 3,2 | 104% | 3,6 | 21,3 |
| «БЖЭС» ЖШС | 166,0 | 157,5 | 152,9 | 97% | 158,27 | 169,7 |
| EWP | | | | | | 106,4 |
| «Энергия Семиречья» ЖШС | | | | | 56,4 | 225,7 |
| **Барлығы** | **26 862,2** | **29 932,2** | **28 632,1** | **96%** | **28 736,6** | **30 278,7** |
| **Қуатты сату көлемі, МВт** | | | | | | |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ | – | – | 817,4 | – | 818,0 | 818,0 |
| «ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС | – | – | 501,9 | – | 1 562,0 | 1 827,0 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | – | – | 846,8 | – | 779,0 | 625.0 |
| «Шардара СЭС» АҚ | – | – | 41,6 | – | 61,0 | 61,0 |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | – | – | 280,9 | – | 298,0 | 298,0 |
| **Барлығы** | **–** | **–** | **2 488,6** | **–** | **3 518,0** | **3 629,0** |
| **Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс[2]** | | | | | | |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 6 527,9 | 6 795,9 | 6 961,3 | 102% | 7 008,0 | 7 113,0 |
| **Барлығы** | **6 527,9** | **6 795,9** | **6 961,3** | **102%** | **7 008,0** | **7 113,0** |
| **Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс[3]** | | | | | | |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | 5 767,5 | 5 904,3 | 6 218,2 | 105% | 5 912,0 | 5 918,0 |
| **Барлығы** | **5 767,5** | **5 904,3** | **6 218,2** | **105%** | **5 912,0** | **5 918,0** |
| **Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал[1]** | | | | | | |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ | 5 223,3 | 5 616,8 | 5 024,5 | 89% | 5 025,2 | 5 207,4 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 66,5 | 78,6 | 82,8 | 105% | 76,0 | 76,0 |
| «ЕкібастұзГРЭС-1» ЖШС | 8,2 | 59,9 | 132,3 | 221% | 286,4 | 286,4 |
| **Барлығы** | **5 298,0** | **5 755,3** | **5 239,6** | **91%** | **5 387,6** | **5 569,8** |
| **Көмір сату көлемі, млн тонна** | **40,9** | **45,2** | **44,7** | **99%** | **41,7** | **46,4** |

Ескертпе:

[1] салыстыру мақсаттары үшін 2017 жж. э.э мен ж.э өндіру көлеміне «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

[2] салыстыру мақсаттары үшін 2017 жж. э.э жеткізу көлеміне «ШҚ АЭК» АҚ мен «МЭБК» АҚ-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

[3]. салыстыру мақсаттары үшін 2017 жж. э.э сату көлеміне «ШЭТ» ЖШС-ның 2017 жылы сатқан көлемі қосылмайды.

2019 жылы **электр энергиясын өндіру көлемі** 30 200,3 млн кВтс құрады (2018 ж. қарағанда 1 502,8 млн кВтсағ немесе 5%-ға төмендеді). Көлемдердің негізгі төмендеуі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС өндіру көлемінің 820 млн кВтс-қа кемуі нәтижесінде болды.

СЭС өндіру көлемінің 33 млн кВтсағ-ға төмендеуі «Мойнақ СЭС» АҚ, Қапшағай КЭС-нде су ағынының төмендеуі есебінен болды, бұл ретте «Шардара СЭС» АҚ бойынша өсім № 1,2 гидроагрегаттарын пайдалануға беруге байланысты. БЖЭС электр энергиясын сатудың 4,6 млн кВтсағ-қа төмендеуі желдің орташа жылдамдығының төмендеуі есебінен болды.

### ЖЭС. ЖЭО-да э.э өндіру көлемі (млн кВтс)




### СЭС, ЖЭК, КЭС-терде электр энергиясын өндіру көлемі (млн кВтсағ)




**Алдағы кезеңге болжам:**

2020 жылға арналған болжам бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 2019 жылғы деңгейде болмақ. 2021 жылы 1 724,1 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіру көлемін ұлғайту негізінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ электр энергиясын өндіру көлемінің өсуі есебінен болады деген болжам жасалды.

ЖЭК пайдаланатын «Самұрық-Энерго» АҚ Энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру үлесі «Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясы көлемінің 1,1%-ын және Қазақстан Республикасындағы ЖЭК электр энергиясының жалпы көлемінің 14,3% – ын құрады («Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК электр энергиясын өндіру көлемі 342,5 млн кВтсағ құрады).

*млн кВтсағ*

| Атауы | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | ҚР-дағы үлесі, % | Δ 2019/2018 жж. млн кВтсағ | Δ 2019/2018 жж. % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ЖЭК электр энергиясын өндіруі** | **367,7** | **355,4** | **347,5** | **14,5%** | **- 7,9** | **–2,2%** |
| «АлЭС» АҚ-ның шағын СЭС каскады | 198,2 | 194,4 | 190,9 | 8,0% | –3,5 | –1,8% |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 3,1 | 3,1 | 3,3 | 0,1% | 0,2 | 6,5% |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | 166,4 | 157,9 | 153,3 | 6,4% | - 4,6 | –2,9% |

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК электр энергиясын өндіру көрсеткіштерінің төмендеуі Қазақстанда ЖЭК жаңа қуаттарын енгізу салдарынан ЖЭК басқа объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты.

2019 жылы жылу энергиясын өндіру көлемі 5 239,6 мың Гкал құрады, бұл 2018 жылғы көлем деңгейіне қарағанда 515,8 мың Гкал-ға немесе 9% – ға азаю, негізінен «Алматы Электр Станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемінің 592 мың Гкал-ға немесе 11% – ға азаюы есебінен болды.



### Жылу энергиясын өндіру көлемінің өзгеру динамикасы, *мың Гкал*




### Электр энергиясын жеткізу көлемі (млн кВтсағ) және желілердегі шығындар (%)




**Алдағы кезеңге болжам:**
2020 жылға арналған жоспарда **жылу энергиясын өндіру көлемі** негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да жылу энергиясын өндіру көлемінің өсуі есебінен 2019 жылдың фактісімен салыстырғанда 2,8%-ға ұлғаяды деген болжам бар.

**Электр энергиясын беру көлемі** – 6 961 млн кВтсағ құрады, 2018 жылғы көлем деңгейіне қарағанда ұлғайды (165 млн кВтсағ ұлғайды). “Алатау Жарық Компаниясы” АҚ-та электр энергиясын беру көлемінің ұлғаюы 2019 жылғы жазғы кезеңдегі жоғары температураға байланысты Алматы аймағының тұтыну деңгейінің өсуі есебінен болды.

2019 ж. қорытындысы бойынша **желілердегі шығындар** 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда азайды. Жалпы, “Алатау Жарық Компаниясы” АҚ-ның шығын деңгейі ТМжБҚҚК белгілеген нормативтен төмен.

**Алдағы кезеңге болжам:**
**Электр энергиясын беру және тарату көлемі бойынша** 2020 жылы 2019 жылғы фактімен салыстырғанда 1% - ға ұлғаю күтілуде.

Есепті кезең ішінде энергия өндіруші ұйымдарда **электр энергиясын сату көлемі** 6 218 млн кВтс құрады, бұл «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның тұтынушылар санының өсуіне байланысты 2018 ж. салыстырғанда 314 млн кВтс-қа немесе 5%-ға артық.

| Атауы | Нақты 2018 ж. | Нақты 2019 ж. | Ауытқу | % |
|---|---|---|---|---|
| **АлматыЭнергоСбыт** | | | | |
| **Тұтынушылар саны, о.і.:** | **817 025** | **844 234** | **27 209** | **103%** |
| Халық | 785 393 | 811 295 | 25 902 | 103% |
| Заңды тұлғалар | 31 632 | 32 939 | 1 307 | 104% |
| **Сату көлемі, млн кВтс** | **5 904** | **6 218** | **314** | **105%** |

**Алдағы кезеңге болжам:**
2020 ж. жасалған болжамда **электр энергиясын сату көлемі** 2019 ж. деректер деңгейінен 5%-ға азаяды. 2021 ж. болжамында электр энергиясын сату көлемі 2020 ж. болжаммен салыстырғанда 0,1%-ға артады.

# «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қуат нарығына қатысуы

2019 жыл ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары «КОРЭМ» АҚ сауда алаңында өткізілетін электр қуатының сауда-саттығына қатысты.

2019 жылғы 28 қарашадағы қуатты орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындылары бойынша Компанияның электр станциялары айына 590 мың теңге/МВт бағамен 2148,7 МВт электр энергиясын сатты.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгеріту, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңына сәйкес, «Мойнақ СЭС» АҚ және «АлЭС» АҚ қуатқа жеке тарифтерді алды.

Қуат көлемі «Шардара СЭС» АҚ үшін 61 МВт және «Мойнақ СЭС» АҚ үшін 298 МВт құрады. Жеке тарифтер салынған электр станцияға пайдаланылған заемдық қаражаттарды қайтаруды («МГЭС» АҚ), сондай-ақ инвестициялық бағдарламалар («АлЭС» АҚ) үшін бұрын алған мақсатты заемды қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қуат нарығы аясында, «Самұрық-Энерго» 2019 жылы аяқталған «Сату процестерін дамыту және трейдинг процестерін ендіру» трансформациялау бағдарламасының жобасын іске асырды. Жаңа модельді ендіру нәтижесінде жоба аясында Сауда үйі негізінде сату бөлімі және коммерциялық диспетчерлеу бөлімі құрылды. Оның есебінен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымдарының сауда қызметтерін толық орталықтандыру қамтамасыз етілді. Жаңа операциялық модельге сәйкес режимдер мен тәуліктік графиктерді басқару, экспорттық жеткізілімдер, KEGOC, КОРЭМ мен басқа құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау Холдинг деңгейінде жүзеге асырылады.

Орталықтандырылған басқару электр өндіруші компаниялардың оңтайлы жүктемесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобына кіретін электр станцияларының электр энергиясын сату көлемдерін арттыру бойынша барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Сауда үйі Қазақстан мен көрші елдердің электр энергиясы нарығының субъектілерімен байланыс орнатады, сондай-ақ еншілес және тәуелді электр станциялары жүктемелерінің жұмысына сүйене, мәлімдеген көлемдерді оңтайлы үйлестіре отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тәуліктік кестелерін қалыптастыру арқылы коммерциялық диспетчерлеуді жүзеге асырады.

2019 ж. қорытындылары бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ тұтынушыларына электр энергиясын сату көлемі 28,6 млрд кВтсағ құрады. Бұл ретте, өткен жылға қарағанда ішкі нарықта электр энергиясын сату көлемі 1,5 млрд кВтсағ немесе 105,7%-да құрады.

2019 жылы электр энергиясын сату көлемін, экспорттық әлеуетті пайдалануды арттыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орталық Азияның электр энергиясы нарығына шығу бойынша жұмыс тиімді жүргізілді. Қорытынды бойынша Өзбекстанға 966,5 млн кВтсағ экспортталды.

# Көмір нарығы

BP Statistical Review of World Energy деректеріне сәйкес, 2019 жылғы жағдай бойынша Қазақстан дәлелденген көмір қорының көлемі бойынша әлемде сегізінші орынға ие – 25,6 млрд тонна немесе жалпыәлемдік – 2,5%.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2019 жылы еліміздегі көмір өндіру көлемі 111 млн тоннаны (көмір концентратын есепке алмағанда) немесе 2018 жылдың ұқсас көрсеткішіне қарағанда 98%-ды (113,7 млн тонна көмір) құрады.

Қазақстанда энергетикалық көмір нарығы біршама бөлшектенген – ірі ойыншылар «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ мен «РУСАЛ» БК), «ЕЭК» АҚ («ERG»), «Шұбаркөл Көмір» АҚ («ERG»), «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қаражыра» АҚ, «Ангренсор Энерго» ЖШС болып табылады.

*мың тонна*

| № р/с | Облыс | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | Δ, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Павлодар | 62 467,9 | 70 325,2 | 68 364,9 | 97 |
| 2 | Қарағанды | 35 909 | 34 987,3 | 34 217,1 | 98 |
| 3 | Шығыс Қазақстан | 6 867 | 8 290 | 8 157,7 | 98 |
| 4 | Өзге | 721 | 100,9 | 343,5 | 340 |
| **ҚР бойынша барлығы** | | **105 964,9** | **113 703,4** | **111 083,2** | **98** |

### Көмір сатудың жалпы сызбасы




Қазақстандағы «Богатырь Көмір» ЖШС-ның ірі тұтынушыларының арасында Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Степногорск қалаларының энергия жүйелері, Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 бар.

Көмір алу үшін электр станциялары өз беттерімен Екібастұз станциясынан («Богатырь Көмір» ЖШС) белгіленген станцияға дейін көмір тасымалдауды ұйымдастырады, сол үшін көмір тасымалдауға вагон иелерін (операторларды) тартатын түрлі экспедиторлармен шарттар жасасады.

Биржа мәмілелерінің қорытындылары бойынша коммуналдық-тұрмыстық көмірді тиеу екі түрлі жолмен: теміржол және автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Тұтынушылар ауылдық жергілікті жерлердегі ұсақ қазандықтар болып табылады, олар үшін Екібастұз көмірі төлқұжаттық отын болып табылады.

2019 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның үлесі Қазақстанда өндірілетін барлық көмірдің 40,4%-ын, Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмір көлемінің 64%-ын құрады.

### Көмір өндіру




Қазақстан – 111 млн тонна

«Самұрық-Энерго» АҚ – 44,8 млн тонна

2019 жылдың қорытындылары бойынша «Богатырь Көмір» ЖШС 4 486 548 мың тонна көмір өндірді, бұл 2018 жылға қарағанда (44 865 мың тонна) 0,04%-ға аз. 2019 жылы көмірді сату көлемі 2018 жылғы сату көлемінен 1%-ға төмен.

Барлығы 44 685 мың тонна сатылды, о.і.:
— ҚР ішкі нарығына 33 792 мың тонна, бұл 2018 жылға қарағанда (35 572 мың тонна) 5%-ға аз;
— экспортқа (РФ) – 10 893 млн тонна, бұл 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда (9 587 мың тонна) 13,6%-ға көп.

### Богатырь-Комир көмірін сату, *(мың тонна)*




Көмірді экспортқа сатудың 1 306 мың тоннаға немесе 14% – ға артуы Рефтинск МАЭС тарапынан сұраныстың артуымен байланысты.

## Тұтынушыларға көмір сату

| № р/с | Облыс | Сату көлемі, мың тонна | | | Δ, % 2019/2018 жж. |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2018 ж. | 2019 ж. | |
| 1 | «АлЭС» АҚ | 3 256 | 3 299 | 3 338 | 101,2% |
| 2 | «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС | 3 301 | 3 521 | 3 417 | 97,0% |
| 3 | «Астана-Энергия» АҚ | 3 525 | 3 640 | 3 779 | 103,8% |
| 4 | «Павлодарэнерго» АҚ ПЖЭО-2, 3 | 1 895 | 3 289 | 3 004 | 91,3% |
| 5 | «Степногор ЖЭО» ЖШС | 869 | 984 | 986 | 100,2% |
| 6 | «ЕГРЭС-1» ЖШС | 8 850 | 11 559 | 10 937 | 94,6% |
| 7 | «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ | 3 456 | 3 285 | 3 203 | 97,5% |
| 8 | «Bassel Group LLS» ЖШС | 544 | 605 | 622 | 103,0% |
| 9 | «СевҚазЭнерго» АҚ | 2 806 | 2 672 | 2 949 | 110,4% |
| 10 | «Екібастұз жылу энергия» ЖШС | 0 | 513 | 499 | 97,3% |
| 11 | «Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК | 295 | 323 | 281 | 87,1% |
| 12 | Комтұрмыс | 1 399 | 1 519 | 775 | 51,0% |
| **ҚР ішкі нарығындағы барлығы** | | **30 701** | **35 572** | **33 792** | **95%** |
| 13 | Рефтинск ГРЭС | 9 936 | 9 564 | 10 893 | 113,9% |
| **РФ-қа экспортқа барлығы** | | **10 157** | **9 587** | **10 893** | **113,6%** |

Ішкі нарықта көмір сату көлемін ұлғайту 1 779 мың тоннаны құрады (5%), ол «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Павлодарэнерго» АҚ мен ГРЭС Топар ЖШС мұқтаждықтарының азаюымен байланысты.

**Алдағы кезеңге болжам:**

— 2020 жылға жасалған болжам бойынша көмірді сату көлемі «Богатырь» кесігінде циклдық-ағынды технология объектілерін салу бойынша жобаны іске асыруға байланысты 2019 жылдың фактілеріне қарағанда 2,9 млн тоннаға немесе 6,7%-ға азаяды. Жобаның мақсаты – көмірді тиеудің темір жол технологиясынан авто-конвейерлікке өту, бұл:
— көмір өндіру бойынша «Богатырь» кесігінің қуатын жылына 32 млн тоннадан 40 млн тоннаға дейін ұлғайтуға, «Богатырь Көмір» ЖШС жалпы қуатын жылына 50 млн тоннаға дейін ұлғайтуға әкеледі («Богатырь» кесігі 40 млн + «Северный» кесігі 10 млн тонна);
— еңбек өнімділігін 25%-ға арттыруға;
— көмір өндірудің өндірістік өзіндік құнын 12%-ға төмендетуге;
— вагондар айналымының орташа уақытын 14,3 сағаттан 5,4 сағатқа дейін төмендетуге мүмкіндік береді.



2021 ж. арналған болжам бойынша көмірді сату көлемі 11%-ға немесе 2020 жылға қарай 4,7 млн тоннаға ұлғаятын болады.

# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ





«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару жүйесі мынадай басқару қағидаттарын сақтауға құрылған:

1) еншілес және тәуелді ұйымдар органдарының (акционер (қатысушы)), Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақты ажырату;

2) еншілес және тәуелді ұйымдардың (акционер (қатысушы)), Директорлар кеңесі / Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктерін нақты ажырату.

«Самұрық-Энерго» еншілес және бағыныстгы ұйымдарының операциялық қызметтерінің негізгі бағыттары компанияның ұйымдық құрылымында көрсетілген. Негізгі бөлімшелердің өзара іс-қимылдары мен басқару қағидаттары компанияның ішкі құжаттарында белгіленген.

# ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

## ЖЫЛУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ

### **«Алматы электр станциялары» АҚ** («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Алматы Электр Станциялары» акционерлік қоғамы («АлЭС» АҚ) – Алматы қаласы мен Алматы облысында жылу және электр энергиясын өндіру қызметін жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйым. «АлЭС» АҚ халықты, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын электр энергиясымен және жылумен қамтамасыз ететін жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Қазіргі кезде өндірілетін жылу және электр энергиясы Алматы қаласы мен Алматы облысының мұқтаждықтарын 70 %-ға жабады.

«АлЭС» АҚ-ның құрылымына мына өндірістік департаменттер кіреді: ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3; Қапшағай СЭС; Алматы СЭС каскады, Батыс жылу кешені (БЖК), Отын тиеу және түсіру орталығы, «Энергожөндеу» өндірістік жөндеу кәсіпорны.
*Басқарма Төрағасы: Мұхамед-Рахимов Н.Т.*

**Кәсіпорынның жеткізу тізбегі**

Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясын өндіру.

Жылу және электр энергиясын тікелей өндіру энергия көздерінің энергетикалық жабдықтарына энергия ресурстарын (отын, су) жеткізуден басталады. Энергетикалық қондырғыларда энергия ресурстарының энергиясы (отын, су) соңғы өнімге – электр және жылу энергиясына айналады. Өндірілген электр және жылу энергиясының бір бөлігін өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін энергия көздерінің өздері тұтынады, өндірілген энергияның қалған бөлігі электр және жылу энергиясын сатып алу-сатуға арналған шарттар негізінде сатылады. Электр және жылу энергиясын өткізу нарығы – Алматы өңірі.

*Толық ақпаратты компанияның **www.ales.kz** сайтынан қарауға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 1 522 | (1 620) | 4 073 |
| EBITDA | млн теңге | 12 290 | 11 147 | 14 326 |
| EBITDA Margin | % | 20 | 17 | 22 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 1 239 | 1235,7* | 1 236 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 5 712 | 5 599 | 5 397 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 5 036 | 4 892 | 4 726 |
| Жылу энергиясын өндіру көлемі | мың Гкал | 5 223 | 5 617 | 5 024 |
| Жылу энергиясын сату көлемі | мың Гкал | 5 164 | 5 527 | 4 980 |
| Негізгі тұтынушылар | «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «КазФерроСталь» ЖШС, «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Алматы Электрмен қамтамасыз ету дистанциясы», «Kaz Electro» ЖШС, «Алматы Жылу Желілері»» ЖШС, «INTA 2006» ЖШС, «Қуат» ЖШС, «Асыл Тас» ҚК» ЖШС, «ГРЭС» жылу кешені» ЖШС, «К.И. Шолпанбекова» ШК, «Жылу желілері» ЖШС, «Волна» ЖШС | | | |

*2018 жылы белгіленген қуаттың төмендеуі Талғар су электр станциясының сатылуымен байланысты

### Экологиялық көрсеткіштер




### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестиция көлемі – 7 078 612 мың теңге.

*«Халықтың игілігі үшін еңбек ету. Энергетика қарқынды дамып келеді және үнемі сұранысқа ие. Мен өз жұмысымды жақсы көремін. Қызу жұмыс, қашан да «қайнап жатады»*

**ҚҰЛЖАБАЙ АЙДАНА**
*ЖЭО-2 инженер-технологы*



## «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС – Павлодар облысының Екібастұз қаласынан солтүстікке қарай 16 км жерде Жангелді көлінің солтүстік жағасында орналасқан қуаты 4000 МВт жылу электр станциясы. Кәсіпорын – Қазақстан Республикасындағы қатты отынмен жұмыс істейтін ең ірі жылу электр станциясы және өңірдегі энергия өндіретін негізгі мекеме. Қазақстандағы ең ірі электр станциясы бола отырып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС сонымен қатар қазіргі қуаты 3500 МВт құрайтын әлемдегі ең ірі көмір электр станциясының бірі болып табылады.

Кешен қуаты 500 МВт болатын сегіз энергия блогынан тұрады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша ИСП жобасының 2-кезеңі – «Іске асыру» бойынша жұмыстар аяқталды: бұл компания дамуының көптеген сценарийлерін жылдам есептеп, модельдеуге және олардың ішінен ең оңтайлы сценарийді ұсынуға жедел түрде мүмкіндік беретін өндірістік және қаржылық жоспарлау мен модельдеу жүйесі.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша жобаның нақты қаржылық пайдасы 2018 жылы 910,665 млн теңге және 2019 жылы 1 203.176 млн теңгені құрады.

***Бас директоры: Жиенбаев Е.Е.***

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Кәсіпорын Қазақстанның солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді, электр энергиясының бір бөлігі (5%) Өзбекстанға экспортталады.

Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясы өндіру. Экспортты қоспағанда, электр энергиясы станцияның шиналарынан жеткізіледі (ҚР-РФ шекарасында).

*Толық ақпаратты компанияның **www.gres1.kz** сайтынан қарауға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 3 859 | 18 072 | 6 406 |
| EBITDA | млн теңге | 36 826 | 58 979 | 47 870 |
| EBITDA Margin | % | 41 | 47% | 44 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 4 000 | 3 500 | 3 500 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 14 797 | 19 121 | 18 301 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 14 103 | 18 340 | 17 642 |
| Жылу энергиясын сату көлемі | | 8,2 | 59,9 | 132,3 |
| Тұтынушылар саны (коммерциялық және басқа) | | 72 | 72 | 72 |
| Негізгі тұтынушылар | «Богатырь Көмір» ЖШС, «Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Казфосфат» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, «Tau-Ken Temir» ЖШС, «Қазминералз Бозшакөл» ЖШС, «KEGOC» АҚ | | | |

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

*Шығарындылар, мың тонна*




**ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР**

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 12,664,568 мың теңгені құрады.

## «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 50%, «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%)

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – Қазақстанның Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы Екібастұз ГРЭС-1-ден кейінгі белгіленген қуат көлемі 1000 МВт болатын екінші жылу электр станциясы.

2018 жылғы 27 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ және «Интер РАО» ЖАҚ арасында «ЕГРЭС-2» АҚ жарғылық капиталындағы 50% акцияны сатып алу-сату туралы шарт (бұдан әрі – Мәміле) жасалды.

2019 жылдың 13 желтоқсанында Мәмілені жабу бойынша барлық іс-шаралар аяқталды және 2019 жылғы 14 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 50% акцияға меншік құқығы тіркелді.

Осылайша, қазіргі уақытта «ЕГРЭС-2» АҚ-ның акционерлері – «Самұрық-Энерго» АҚ – 50% және «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%.

***Басқарма Төрағасы: Асташов В.А.***

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ өндірген электр энергиясы тұтынушыға станцияның шиналарынан жеткізіледі. Сатып алушы өз есебінен, өз бетімен Сатушының қатысуынсыз, өңіраралық, ал қажет болған жағдайда өңірлік деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын жеткізу нүктесінен тұтыну нүктелеріне қабылдау мен жеткізуді қамтамасыз етеді.

*Толық ақпаратты компанияның **www.gres2.kz** сайтынан қарауға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | (19 092) | (6 823) | (3 063) |
| EBITDA | млн теңге | 12 594 | 16 250 | 17 170 |
| EBITDA margin | % | 37 | 42 | 42 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 1 000 | 1 000 | 1 000 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 5 495 | 5436,5 | 4 928,5 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 5 208 | 5161 | 4 689,5 |
| Жылу энергиясын босату көлемі | мың Гкал | 66,515 | 78,622 | 82,8 |
| Негізгі тұтынушылар | «Трансэнерго» АҚ, «АХҚЗ» АҚ, «Казхром» ТҰК» АҚ, «Лотос-Ақтөбе» ЖШС, «Гоар» ЖШС, «Завод ЖБИ-25» ЖШС, «АС Газ Логистик» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «Ақтөбе Құрылыс Комбинаты» ЖШС, «КСМ» өндірістік бірлестігі» ЖШС, «Актобеэнергоснаб» ЖШС, «Энергожүйе» ЖШС, «Ақбұлақ» АҚ, «Трансэнерго» АҚ | | | |

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

*Шығарындылар, мың тонна*




**ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР**

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 804 491 мың теңгені құрайды.

## СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

## «Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Шардара су электр станциясы – Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан, ол Нарын-Сырдария каскадын тұйықтайды.
Гидроторап мақсаты кешенді – ирригация, су тасқынына қарсы күрес, балық өсіру, ауыз сумен қамтамасыз ету, Оңтүстік Қазақстанды энергиямен жабдықтауды оңтайландыру. Су электр станциясында судың қозғалмалы массаларының механикалық энергиясы СЭС ғимаратындағы көптеген қосымша жабдықтармен бірге орналастырылған гидротурбиналар мен гидрогенераторлардың көмегімен электр энергиясына айналады.
*Басқарма Төрағасы: Берлібаев А.А.*

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Шардара СЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Алыс қашықтыққа тасымалдау және шығындарды азайту үшін (материалдарды үнемдеу үшін) 10 кВ генератор кернеуі трансформатор арқылы 110 кВ-қа дейін артады. электр энергиясын тасымалдайтын ұйым болып табылатын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС желісіне ЭКТК-110 кВ арқылы электр энергиясын жеткізеді. Әрі қарай электр энергиясы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, одан соң тұтынушыларға жеткізіледі.

*Толық ақпаратты компанияның* ***www.sharges.kz*** *сайтынан алуға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Чистый доход/убыток | млн тенге | 1 706 | 1 526 | (692) |
| EBITDA | млн тенге | 2 330 | 2 174 | 909 |
| EBITDA Margin | % | 68 | 66 | 40 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 100 | 100/50* МВт<br>с 01.03.2018 ж. | 50/63* МВт<br>*-<br>с 27.05.2019 ж. |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 359,4 | 348,7 | 464,8 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 354,752 | 344,6 | 466 |
| Негізгі тұтынушылар | «Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік – Жарық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Казсбытгрупп» ЖШС, «Энергоснаб XXI» ЖШС, «Югэнергоимпульс» ЖШС, «ГарантЭнерго» ЖШС | | | |

* гидроагрегаттарды жаңғыртуға байланысты белгіленген қуаттың өзгерісі

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 5 097 096 мың теңгені құрайды.

## «Мойнақ СЭС» АҚ
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Қуаты 300 МВт Мойнақ су электр станциясы Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту бағдарламасына сәйкес салынды. Ол Алматы облысы Райымбек ауданы Шарын өзенінде орналасқан. Бұл – бүгінгі Қазақстан БЭЖ-інің оңтүстік өңірінде (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары) электр энергиясының тапшылығын азайтумен, энергияның жоғарғы жүктемелерін жабумен және энергия жүйесіндегі қуатты реттеумен байланысты міндеттерді сәтті шешетін серпінді жобалардың бірі. Кәсіпорынның жоба бойынша орташа жылдық электр қуатын өндіру көлемі 1,027 млрд кВт/сағ құрайды. Станцияда қолданылатын қазіргі заманғы технологиялық қондырғылар электр энергиясын өндіру процесін мейлінше автоматтандыруды және оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Станцияда техникалық параметрлері мен тиімділігі жоғары соңғы үлгідегі гидроагрегаттар орнатылған.
*Басқарма Төрағасы: Асылов А.Н.*

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Мойнақ СЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Энергия көздерінен тұтынушыларға электр энергиясын босату жасалған шарттарда келісілген көлемде 110 кВ желілері бойынша жеткізіледі.

*Толық ақпаратты компанияның* ***www.moynak.kz*** *сайтынан алуға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 3 076 | (5 296) | 186 |
| EBITDA | млн теңге | 9 118 | 8 060 | 7 386 |
| EBITDA Margin | % | 84 | 79 | 75 |

### Өндірістік қызмет қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 300 | 300 | 300 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 1 226 | 1 036 | 951* |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 1 213 | 1 034 | 952* |
| Ірі тұтынушылар | «Жетысуэнерготрейд» ЖШС, «Алматыэнергосбыт»ЖШС | | | |

* 2019 ж. э/э өндіру көлемінің төмендеуі Бестөбе су қоймасына жиналатын су ағыны көлемінің төмендеуімен және ең төменгі мөлшерге жетуімен, су қоймасы ғимаратының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін су ресурстары көлемін жинақтау қажеттілігіне негізделеді.

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 187 626 мың теңгені құрайды.



## «Өскемен СЭС» АҚ
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 89,99 %)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының республикалық меншігіне берілді.

**Негізгі қызмет түрі:** ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, 070001 Өскемен қаласы Аблакетка кенті.

## «Бұқтырма СЭС» АҚ
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 90 %)

«Бұқтырма СЭС» АҚ жұмыс көлемінің меншікті шамасы бойынша да, сондай-ақ электр энергиясын өндіру құнының көрсеткіштері бойынша да үнемді су электр станциясы болып табылады.

СЭС-тің белгіленген қуаты 675 МВт-ны құрайды, орташа жылдық өндіру – 2,77 млрд кВтсағ. СЭС Қазақстанның энергетикалық жүйесіндегі ең жоғарғы жүктемелерді жабады. 2002 жылы Бұқтырма бөгеті бетон сапасының барлық күтілетін параметрлерден артық болуына байланысты әлемдегі ең мықты бөгет болып танылды.

**Негізгі қызмет түрі:** меншікті жылжымайтын мүлікті жалға алу және басқару, өзге машиналарды, жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға алу.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 070825, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Серебрянск қаласы, Графтио көшесі, 5.

Бұқтырма СЭС-тің мүліктік кешені жалға берілген (концессия).

## «Шүлбі СЭС» АҚ
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 92,14 %)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының республикалық меншігіне берілді.

**Негізгі қызмет түрі:** ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

**Орналасқан жері:** заңды мекенжайы – Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Аблакетка кенті (заңды мекенжайы). Атқарушы органның орналасқан жері: 071426 Семей қ., Шүлбі пос.



## «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС – жаңартылған энергия көздерін қолдау туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық дайындық кезеңдерінен өткен және 2015 жылы 14 тамызда пайдалануға берілген Қазақстандағы баламалы энергия көздерін дамыту саласындағы алғашқы жоба.

Компанияның жел паркі Ақмола облысында, Ерейментау қаласына жақын жерде орналасқан, экология үшін қауіпсіз жұмыс істейтін, біртұтас қуаты 2,05 МВТ құрайтын 22 жел турбинасынан тұрады. Іске қосылған сәттен бастап ЖЭС 760 млн кВт*с-дан астам электр энергиясын өндірді. Барлық өндірілетін электр энергиясының 100 %-ы Қазақстанның Ұлттық электр желісі – «KEGOC» АҚ-ға келіп түседі.

Осы уақыт ішінде 85 метрлік құрылымдардың айналмалы жүздері 22 миллиард теңгеден астам электр энергиясын өндірді.

**Орналасқан жері:** Заңды және нақты мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көш. 20/2.

***Бас директоры: Ізбасханов М.К.***

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру және оны сатумен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС айналысады.

*Толық ақпаратты компанияның **www.pves.kz** сайтынан алуға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | (23) | 436 | 1 017 |
| EBITDA | млн теңге | 3 421 | 3 201 | 3 532 |
| EBITDA Margin | % | 78 % | 72 % | 77 % |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 45 | 45 | 45 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВт*с | 166 | 158 | 153 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВт*с | 166 | 157 | 152* |

*Төмендеу желдің орташа жылдамдығының төмендеуі есебінен болды

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 34 727 мың теңгені құрайды.

## «Ereymentau Wind Power» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ның негізгі қызметі «Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асыру және будан әрі электр энергиясын өндіру болып табылады.

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




Жоба ең көп дегенде 20 жел мұржасынан, әр мұржаға іргелес тұрған кран негіздерінен, ішкі жолдардан, ішкі электр желілерінен, диспетчерлік пункттен және энергия жүйесіне қосылатын қосалқы электр станцияларынан тұрады.

Жел электр станциясын Ерейментаудан оңтүстікшығысқа қарай жалпы алаңы 1242 га учаскеге салу жоспарланып отыр. Учаске қыраттардан, жарқабақтардан, негізінен солтүстікке қарай ағып жатқан болмашы жылғалардан тұрады. Қыраттардың үстіңгі бөліктері мен басы – кәдімгі дала жайылымдары, ал төменгі бөлігі мен алқаптар орман учаскелері мен гидрофильді өсімдіктерден тұрады. Неғұрлым жазық болып келетін жапсарлас аумақ бытыраңқы суаттардан тұрады.

***Бас директоры: Оралов Е.Е.***

*Толық ақпаратты компанияның **www.ewp.kz** сайтынан алуға болады.*

2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 213 122 мың теңгені құрайды.

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | (207) | (167) | (179) |
| EBITDA | млн теңге | (141) | (161) | (176) |
| EBITDA Margin | % | – | – | – |

## «Samruk-Green Energy» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Samruk-Green Energy» ЖШС – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру бойынша қызметтерді ұсынады. Кәсіпорын шалғай аудандарды орталықсыздандырылған электр қуатымен қамтамасыз ету мүмкіндігін жүзеге асырады.

2015 жылдан бастап қуаты 2 МВт КЭС ТМД мен Орталық Азиядағы бірінші өнеркәсіптік ауқымдағы EnergyPod электр энергиясын жинақтау технологиясын қоса алғанда, ЖЭК инновациялық технологияларын сынауға арналған алаң болып табылады.

2019 жылы Серіктестік қуаты 0,4 МВт күн электр станциясының құрылысын аяқтады. Жоба Қапшағай қаласындағы қуаты 2 МВт СЭС инфрақұрылымының негізінде жүзеге асырылды. Жаңа станцияны салу кезінде отандық тауар өндірушіні қолдау үшін «Astana Solar» ЖШС шығарған қазақстандық кремний негізіндегі фотоэлектрлік модульдер қолданылды.

Серіктестік 2020 жылы Қапшағай ауданында қуаты 50 МВт күн электр станциясын салу жоспарларын іске асыру бойынша жұмысты бастайды.

***Бас директоры: Бөкенов Т.Ш.***

**Кәсіпорынның жеткізу тізбегі**

Электр энергиясы «АЖК» АҚ желісі арқылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС атына босатылады. 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164, күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша білікті шартты тұтынушыға электр энергиясының тиісті үлесін есеп айырысу және қайта бөлу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын есеп айырысу және қаржы орталығының орталықтандырылған сатып алу-сату қағидаларына сәйкес, Есеп айырысу-қаржы орталығы Серіктестікке электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл ішінде өндірілген және Серіктестік нысандарының энергия жеткізуші ұйымдарының электр желісіне босатылған электр энергиясының толық көлемін төлейді. Сонымен қатар тіркелген тариф 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 бекітілген тарифтер мен аукционның шекті бағаларын айқындау қағидаларына сәйкес жыл сайын индекстелуге жатады.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Қапшағай қ., Индустриальная к., 35/2

Толық ақпаратты компанияның ***www.samruk-green.kz*** сайтынан алуға болады.

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 164 218 мың теңгені құрады.

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | (21) | (4) | (42) |
| EBITDA | млн теңге | 15 | 20 | 36 |
| EBITDA Margin | % | 10 | 14 | 23 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Белгіленген электр қуаты | МВт | 2 | 2 | 2,4 |
| Электр энергиясын өндіру көлемі | млн кВтс | 3, 215 | 3, 232 | 3,327 |
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 3, 101 | 3, 117 | 3,246 |

*«Мен өзімді қоршаған әлемді, жерімді, туған халқымды жақсы көремін және елдің энергетика саласына құр сөзбен емес, нақты іспен, сондай-ақ таза көрсеткішпен өз үлесімді қосқым келеді. Мен барлық жамандықтың артта қалғанына сенемін, ал жақсылықтың ауылы алыс емес»*



**ЖАҚИН НҰРЛАН СӘБИТҰЛЫ**
*«Samruk-Green Energy» ЖШС Жобалау менеджері*

## «Энергия Семиречья» ЖШС
### («Самұрық-Энерго» АҚ – 25%, ZENITH GLOBAL FZE – 75%)

«Энергия Семиречья» ЖШС – электр энергиясын өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу қызметін көрсететін кәсіпорын. Кәсіпорын 2009 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде «Келешекте қуаты 300 МВТ-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» үшін құрылды.

Жақын арада «Жоңғар қақпасы 72 МВт» жобасы аясында Жоңғар қақпаларындағы желді мониторингілеуді аяқтау, сондай-ақ Шелек энергия торабын дамыту («Самұрық-Энерго» АҚ мен HYDROCHINA CORPORATION арасындағы Келісімді іске асыру) көзделіп отыр.

***Бас директоры: Айдаров А.А.***

**Кәсіпорынның жеткізу тізбегі**

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру және оны «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС арқылы сату.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Байсейіт ауылы, Абай көшесі 92 үй.

### Әлеуметтік көрсеткіштер

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 3 931 858 мың теңгені құрады.

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | (43) | (26) | 22 |
| EBITDA | млн теңге | (81) | (83) | (123) |

## «Казгидротехэнерго» ЖШС
### («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Т«Казгидротехэнерго» ЖШС — Алматы облысындағы жиынтық қуаты 60.8 МВт болатын төрт шағын СЭС (ҮАК-1, ҮАК-2, СЭС-19, СЭС-29) салу жобаларын іске асыратын компания.

Серіктестіктің қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-ті пайдаланатын объектілерді, дербес техникалық құрылғыларды және онымен байланысты құрылыстарды жобалауға, салуға бағытталған.

**Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қ., Қонаев көш.21 Б үй, «Сәт» Бизнес орталығы, офис № 62А.

***Бас директоры: Буханов М.Е.***

## «Теплоэнергомаш» ЖШС
### («Казгидротехэнерго» ЖШС – 95%

«Теплоэнергомаш» ЖШС-ның негізгі мақсаты – Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 12 МВт болатын екі электр станциясын салу. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек өзенінде жиынтық қуаты 26 МВт (Алматы облысы) СЭС-те ҮАК 1,2 мен 19 СЭС-ін салу жоспарланып отыр.

**Негізгі қызмет түрі:** жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату

**Орналасқан жері:** ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13, «Нұрлы Тау» БО, 1В-к., 505-оф.

***Бас директоры: Адилов Е.Х.***



# ТАРАТУШЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАР

## «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
### («Самұрық-Энерго» АҚ – 90,29%)

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Алматы қаласы мен Алматы облысындағы 2,5 миллион халықты электр энергиясымен қамтамасыз ететін өңірлік ірі электр желілік компания, ол 29 мың км-ден астам электр желілерін, 35 кВ және одан жоғары 209 қосалқы станцияны және 7011 трансформаторлық қосалқы станцияларды басқарады. Желілерге Алматы қаласы бойынша жеті АЭС және Алматы облысы бойынша он АЭС қызмет көрсетеді, қызмет көрсету ауданы 102 382 шаршы км. «АЖК» АҚ-ның басты міндеті – халықты сенімді және сапалы электр энергиясымен жабдықтау.
Алматы өңірінде электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында 2007–2018 жж. аралығында 38 қосалқы станция салынып, жаңғыртылды, трансформатор қуатының өсімі 3500 МВА-ны құрады.

***Басқарма Төрағасы: Үмбетов М.А.***

**Кәсіпорынның жеткізу тізбегі**

Өңірлік электр желілік компаниялар электр тораптары бойынша электр энергиясын жеткізу функцияларын өз баланстық тиесілілік шегінде жүзеге асырады.
«АЖК» АҚ электр желілік компаниясы 220/110/35/6-10/0.4 кВ кернеу кластары бар Алматы энергия торабы электр желілерінің негізгі бөлігін құрайды. Ол Алматы облысында орналасқан және солтүстігінде Балқаш көлінің жағасынан оңтүстігінде Қырғызстан шекарасына және батысында Жамбыл облысының шекарасынан шығысында Қытай шекарасына дейін созылып жатыр.
Энергия өндіретін ұйымдардан электр энергиясын соңғы тұтынушыға жеткізу.

*Толық ақпаратты компанияның* ***www.azhk.kz*** *сайтынан алуға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 5 436 | 5 860 | 2 719 |
| EBITDA | млн теңге | 15 023 | 15 980 | 12 408 |
| EBITDA Margin | % | 39 | 40 | 33 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| ЭЖЖ-220 кВ | км | 469,64 | 457,79 | 457,79 |
| ЭЖЖ-110 кВ | км | 2 878,02 | 2 898,21 | 2 881,76 |
| ЭЖЖ-35 кВ | км | 2 593,75 | 2 602,87 | 2 603,01 |
| ЭЖЖ-10 кВ | км | 10 910,57 | 10 854,8 | 10 903,46 |
| ЭЖЖ-6 кВ | км | 1 744,31 | 1 744,9 | 1 765,65 |
| ЭЖЖ-0,4 кВ | км | 10 934,98 | 10 972,05 | 11 659,81 |
| ҚС-220 кВ | дана | 9 | 9 | 8 |
| ҚС-110 кВ | дана | 94 | 95 | 95 |
| ҚС-35 кВ | дана | 104 | 105 | 106 |
| Электр энергиясын жеткізу | млн кВтс | 6 528 | 6 796 | 6 961 |
| Тұтынушылар (коммерциялық және басқа) саны | дана | 17 | 21 | 21 |

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

*Шығарындылар, мың тонна*




### ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 11 426 091 мың теңгені құрады.

## «Алматыэнергосбыт» ЖШС
## («Самұрық-Энерго АҚ – 100%)

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – электр энергиясымен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығының барлық субъектілерінің алдында өз тұтынушыларының мүдделерін білдіретін кәсіпорын.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС Алматы қаласы мен Алматы облысы өңіріне (Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Талғар, Ұйғыр аудандары және Қапшағай қаласы) электр энергиясын кепілді жеткізуші болып табылады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС клиенттерінің арасында 32 мыңнан астам заңды тұлға және 810 мыңға жуық жеке тұтынушы бар.

Компанияның басты ұстанымы – клиенттерге бағдар ұстау. Ұйымның құрылымына 17 аудандық бөлімше мен Байланыс орталығы кіреді.

Клиенттердің қанағаттану дәрежесі жыл сайын өсіп келеді және 100%-ға жуықтады.

***Бас директоры: Жарылқасымов Е.Т.***

### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Энергия жеткізуші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу және энергиямен жабдықтау туралы шарттардың негізінде түпкілікті тұтынушыға сату. Электр энергиясына тарифтерді қалыптастыру Табиғи монополияларды реттеу комитетінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

*Толық ақпаратты компанияның **www.esalmaty.kz** сайтынан алуға болады.*

## Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 1 374 | 42 | (1 185) |
| EBITDA | млн теңге | 2 002 | 361 | (1 499) |
| EBITDA Margin | % | 2,12 | 0,37 | (1,5) |

## Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясын сату көлемі | млн кВтс | 5 767,5 | 5 904,3 | 6 218 |
| Электр энергиясын сату бойынша орташа тариф | теңге/кВтс | 16,38 | 16,42 | 16,11 |

| Тұтынушылар тобы | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|
| Халық | 770 245 | 785 393 | 811 295 |
| Тұрмыстық емес тұтынушылар, оның ішінде: | 30 203 | 31 632 | 32 939 |
| – Өнеркәсіптік және оларға теңестірілген тұтынушылар | 1 866 | 1 932 | 1 934 |
| – Бюджеттік ұйымдар | 1 238 | 1 234 | 1 228 |
| – Өзге тұтынушылар | 27 099 | 28 466 | 29 777 |
| БАРЛЫҒЫ: | 800 448 | 817 025 | 844 234 |

## ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестициялар көлемі 75 043 мың теңгені құрайды



# ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР

## «Богатырь Көмір» ЖШС
## (Forum Muider B.V. – 100%)

«Богатырь Көмір» ЖШС – ашық тәсілмен көмір өндіру бойынша әлемдегі аса ірі кәсіпорындардың бірі. «Богатырь-Көмір» ЖШС үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 59 пайызы және ҚР-дағы жалпы көмір өндіру көлемінің 40,4 пайызы тиесілі.

«Богатырь Көмір» ЖШС бойынша бекітілген көмір қоры шамамен 2,9 млрд тоннаны құрайды. «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша көмір қоры горизонтқа дейін минус 200 м (үстіңгі бетінен өлшенгендегі тереңдігі 400м) бекітілген. Кәсіпорынның қазіргі қуаты жағдайында көмір қоры кемінде 70 жыл жұмыс жасауға жетеді.

1970 жылы пайдалануға берілген «Богатырь» кесігі 5,6,9,10 алаңдарда (учаскелерде) көмір қорын игереді. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 280 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 80 м горизонт).

«Северный» кесігі 1954 жылы пайдалануға берілді, көмір өндіру 1,2,3,4 алаңдарында (учаскелерде) жүргізіледі. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 230 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 30 м горизонт).

Екібастұз бассейнінің негізгі өнеркәсіптік қабаттары – орташа қуаты 160 м және жайғасу тереңдігі 670 метрге дейін 1, 2, 3, 4 қабаттар. Бассейн бойынша көмірдің жалпы қоры – 9 млрд тоннадан артық.

«Богатырь Көмір» ЖШС «Богатырь» және «Северный» кесіктері бойынша бекітілген көмір қоры.

***Бас директоры: Корсаков Н.Н.***

*млн тонна*

| «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша барлығы | |
|---|---|
| **Қабат** | **Бекітілген қорлар** |
| 1 | 397,9 |
| 2 | 630,8 |
| 3 | 1 401,7 |
| 4 | 484,6 |
| **Барлығы:** | **2 915,0** |

| Оның ішінде: «Богатырь» кесігі бойынша (5,6,9,10 учаскелер) | |
|---|---|
| **Қабат** | **Бекітілген қорлар** |
| 1 | 198,1 |
| 2 | 332,8 |
| 3 | 739,4 |
| 4 | 278,7 |
| **Барлығы:** | **1 549,0** |

| «Северный» кесігі бойынша (1,2,3,4 учаскелер) | |
|---|---|
| **Қабат** | **Бекітілген қорлар** |
| 1 | 199,8 |
| 2 | 298,1 |
| 3 | 662,2 |
| 4 | 205,9 |
| **Барлығы:** | **1 366,0** |



### Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

«Богатырь Көмір» ЖШС орташа жану жылулығы ~ 4 000 ккал/кг, күлділігі ~43%, ылғалдылығы ~5% КСН маркілі көмірді өндіреді.

Кәсіпорын энергетикалық көмірді Қазақстан Республикасы ішкі нарығының өндіруші объектілеріне жеткізеді, Ресей Федерациясына экспортқа шығарады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығын коммуналдық-тұрмыстық көмірмен қамтамасыз етеді. Көмір Қазақстан Республикасының жылу электр станцияларына көмір жеткізудің тікелей шарты бойынша Ресей Федерациясының электр станцияларына трейдер арқылы сатылады.

Коммуналдық-тұрмыстық көмірді сату «Биржалық тауарлар тізбесін және тауарлық биржалар арқылы сатылатын ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына сәйкес тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

*Толық ақпаратты компанияның **www.bogatyr.kz** сайтынан алуға болады.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 21 960 | 28 334 | 26 917 |
| EBITDA | млн теңге | 34 506 | 41 441 | 40 415 |
| EBITDA Margin | % | 43,3 | 45,5 | 43 |

### Өндірістік қызметтің қорытындылары

| Атауы | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Көмір өндіру көлемі | млн тонна | 40,4 | 44,9 | 44,8 |
| ҚР-дағы көмір сату көлемі | млн тонна | 30,7 | 35,6 | 33,8 |
| өз ЭС-ға | млн тонна | 15,6 | 18,1 | 17,5 |
| сыртқы ЭС-ға | млн тонна | 15,1 | 15,9 | 16,3 |
| Көмірді экспорттау көлемі | млн тонна | 10,2 | 9,6 | 10,9 |
| Ірі тұтынушылар | «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, ЖЭО-1, ЖЭО-2; «Астана-Энергия» АҚ ЖЭО-1, ЖЭО-2; «Қарағанды энергоорталығы» ЖШС, ЖЭО-1, ЖЭО-3; «СевКазЭнерго» АҚ Петропавл ЖЭО-2 «Павлодарэнерго» АҚ ӨЖЭО-2, Рефтинск ГРЭС-і | | | |

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

*Шығарындылар, мың тонна*




### ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

*Орташа жалақы*




2019 жылы Forum Muider B.V. (50%) игерген инвестиция көлемі 8 297 791 мың теңгені құрады.

## «Тегіс Мұнай» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Тегіс Мұнай» ЖШС-ның мақсаты Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Придорожное» кен орнында жер үсті инфрақұрылымын салу және жайластыру, «Придорожное» кен орнынан Бейнеу-Бозой-Шымкент магистралды газ құбырына дейін газ құбырын салу, газды өндіру, өңдеу және сату болып табылады.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасай отырып, қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, Компания жобаланатын объектілердегі жобаның өнеркәсіптік және энергия өндіруші бөлімдеріне энергиялық тиімді технологияларды ендіру үшін ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институттармен бірлесіп жұмыс жасайды.

«Тегіс Мұнай» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобасы болып табылады, табыс алу 2020–2021 жж. жоспарланып отыр.
*Бас директоры: Уваков К. А.*

2019 жылы игерілген инвестиция көлемі 91 009 мың теңгені құрады.

## «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС
## («Тегіс Мұнай» ЖШС – 100 %)

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС 30.07.2018 ж. № 4631-УВС-МЭ Контракт негізінде Түркістан облысының Придорожное кен орнында газды барлау жұмыстарын жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығының иесі болып табылады. Жоба газ кен орнын әзірлеуді көздейді.

Негізгі міндет өңірде газ тапшылығының орнын толтыру, жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік көмекті және бюджетке салық аударымдарын арттыру мақсатында кен орнын өнеркәсіптік пайдалану болып табылады.

Кен орны 1978 жылы табылды. 13 барлау ұңғымасын бұрғылау және сынақтан өткізу нәтижесінде Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия 1100 м. және 2400 м тереңдікте 16,5 млрд текше м. көлемде табиғи газдың бар екенін тауып, растады.

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобасы болып табылады, табыс алу 2020–2021 жж. жоспарланып отыр.
*Бас директоры: Каракушиков Е. А.*

*Толық ақпаратты компанияның:*
***www.mangyshlak-munay.kz** сайтынан ала аласыз.*

JAS ENERGY

*"Маған осы кен орнымен байланысты мамандықты таңдауыма атам кеңес берді. Мен үшін атамның орны ерекше, мен оның пікірін ерекше бағалаймын. Жасөспірім кезімде экскаватор жүргізушісі болып жұмыс жасайтын атам мені кесікке жиі алып баратын. Маған машина бөлімінде жұмыс істеу, тау-кен машинасының бүкіл қуатын сезіну ұнайды"*



**КОМАРОВ СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ**
*«Богатырь-Көмір» ЖШС электр слесарі*





## «Energy Solutions Center» ЖШС
## («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Energy Solutions Center» ЖШС – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына әкімшілік қолдау көрсететін сервистік ұйым.

Қызметтер тізбесіне мыналар кіреді:
- IT-инфрақұрылымды қолдау қызметтері;
- Интернет-ресурстарға қызмет көрсету;
- Көлік қызметтерін ұсыну;
- Жылжымайтын мүлікті басқару қызметтері (жалға алу, сатып алу, құрылыс);

**Негізгі қызмет түрі:** арнайы кеңсе қызметтері (персонал аутсорсингі), АТ -қызметтер, көлік қызметі

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 15 А, Б блогы.
*Бас директоры: Абдуллин А.М.*

*Толық ақпаратты компанияның*
***www.e-s-center.kz** сайтынан ала алсыз.*

### Қаржы көрсеткіштері

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|---|
| Таза табыс/залал | млн теңге | 51 | 89 | 3 |
| EBITDA | млн теңге | 72 | 122 | 68 |
| EBITDA Margin | % | 11 | 13 | 6 |

### Әлеуметтік көрсеткіштер
*Орташа жалақы*




2019 жылы игерілген инвестиция көлемі 42 110 мың теңгені құрады.



# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

## Маңызды қаржылық оқиғалар

| Күні | Оқиға |
|---|---|
| **18 ақпан** | "Самұрық-Энерго" АҚ ҚР Қор биржасында 28 млн дана мөлшерінде бірінші облигациялық бағдарлама аясында екінші шығарылым облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды. |
| **03 сәуір** | Мемлекет басшысы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестициялар тарту, экспортты дамыту және ілгерілету, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Заңына қол қойды, соның аясында «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына «Мойнақ СЭС» АҚ мен «Алматы Электр Станциялары» АҚ-ға (ЖЭО-2 № 8 қазандығы) қуатқа жеке тарифтерді алуға мүмкіндік беретін түзетулер енгізілді. |
| **10 сәуір** | "Самұрық-Энерго" АҚ ҚР қор биржасында 16,8 млн дана мөлшерінде бірінші облигациялық бағдарлама аясында бірінші шығарылым облигацияларын мерзімінен бұрын ішінара сатып алуды жүзеге асырды |
| **18 сәуір** | "Шардара СЭС" АҚ "Самұрық-Энерго" АҚ,"Шардара СЭС" АҚ және ЕҚДБ арасында қосымша келісімге қол қою арқылы "Шардара СЭС-ін жаңғырту" жобасына 11,52 млрд теңге сомаға қосымша қарыз қаражатын тартты. |
| **23 қыркүйек** | ҚР Энергетика министрінің м.а. № 313 бұйрығымен іске асырылған инвестициялық жобалар бойынша сыйақылар бойынша шығындарды өтеуді ескере отырып, электр энергиясын сататын энергия өндіруші ұйымдардың 44 тобы үшін 2019–2025 жж. арналған электр энергиясына шекті тарифтер өзгертілді. |
| **7 қазан** | КЭШ-пулинг тетігін табысты іске асыру шеңберінде "Самұрық-Энерго" АҚ еншілес ұйымдарымен бірлесіп, "БЖЭС" ЖШС-ның 7,6 млрд теңге сомасындағы, "АлЭС" АҚ-ның 3,7 млрд теңге сомасындағы және "АЖК" АҚ-ның 5,3 млрд теңге сомасындағы негізгі қарызын мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды. Осы шара нәтижесінде "Самұрық-Энерго" АҚ тобы борышының деңгейін 16,6 млрд теңге сомаға төмендетуге қол жеткізілді. |
| **7 қазан** | "БЖЭС" ЖШС-ның ЕАДБ алдындағы 7,6 млрд теңге сомасына ("Самұрық-Энерго" АҚ еншілес компаниясы) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеу қамтамасыз етілді. Мәміле "Самұрық-Энерго" АҚ-ның несие берушінің пайдасына осындай сомаға кепілдігін босатуға мүмкіндік берді. |
| **16 қазан** | "Мойнақ СЭС" АҚ ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасасты (қуат көлемі — 298 МВт, бұл ретте орташа тариф айына 2 467,1 мың теңге/МВт* құрады). Жеке тариф 2020–2026 жж. кезеңге бекітілді. |
| **18 қазан** | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің № 341 бұйрығымен электр энергиясына шекті тарифті, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатын әзірлікте ұстап тұрудың шекті тарифін бекіту ережесіне өзгерістер енгізілді, соған сәйкес энергия өндіруші ұйымдар жыл бойына электр энергиясының шекті тарифіне түзету енгізу қажет болған жағдайда уәкілетті органға растайтын құжаттарды қоса бере отырып, электр энергиясын өндіруге жұмсалған шығындардың ұлғаюы туралы ақпаратты жылына кемінде бір рет ұсынады. |
| **23 қазан** | "АлЭС" АҚ ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасады (қуат көлемі — 69,5 МВт, бұл ретте орташа тариф айына 3 418,9 мың теңге/МВт* құрады). Жеке тариф 2020–2024 жж. кезеңге бекітілді. |
| **31 қазан** | "Ereymentau Wind Power" ЖШС ("Самұрық-Энерго" АҚ еншілес компаниясы) мен ЕАДБ арасында «Ерейментау қаласында 50 МВт ЖЭС-ін салу" жобасын қаржыландыру мақсатында 23,2 млрд теңге сомаға Кредиттік келісімге қол қойылды. |
| **28 қараша** | "Мойнақ ГЭС" АҚ-ның "ҚДБ" АҚ алдындағы 11,7 млн АҚШ доллар сомасына валюталық міндеттемелерді айырбастау жүзеге асырылды. Мәміле "Самұрық-Энерго" АҚ тобының кредиттік портфеліндегі валюталық міндеттемелер деңгейін 3%-дан 1,5%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді. |
| **Желтоқсан** | 2019 жылдың қорытындысы бойынша "Самұрық-Энерго" АҚ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің нысаналы мәніне қол жеткізді және тиісінше "жасыл" тәуекел аймағына қол жеткізілді. |



## Макроэкономикалық факторлар

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір маңызды ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Экономика ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да минералдық шикізат бағасының ауытқуына аса сезімтал. Бұл ерекшеліктер сондай-ақ елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өңірде сақталып отырған саяси шиеленіс, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және одан әрі жағымсыз әсерін тигізе беруі мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыру, валюта дәлізін жою және еркін өзгермелі айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау үшін интервенцияға жол береді.

Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 381,18 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 377.19 теңгені құрады (31 желтоқсан 2018: 1 АҚШ доллар үшін 384,20 теңге). Осылайша, теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақтағы іс-әрекеттеріне, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік сақталып отыр.

2019 жылдың қыркүйегінде Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін — «BBB-» деңгейінде және шетел мен ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша Қазақстанның қысқа мерзімді рейтингтерін — «А-3» деңгейінде, ал ұлттық шкала бойынша рейтингті — «kzAAA» деңгейінде растады. Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам — «тұрақты». Тұрақты болжам Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қосымша түсімдер есебінен қалыптасқан оң баланстық көрсеткіштердің, сондай-ақ жиынтық көлемі екі жыл ішінде мемлекеттің сыртқы өтімді активтерінен аспайтын мемлекеттік борыштың аса жоғары еместігімен расталады.

Инвестициялардың айтарлықтай ұлғаюымен бірге ауқымды бюджеттік бірігулер экономиканы 2019 жылы 4,5%-ға өсудің жаңа деңгейіне шығарды, бұл соңғы онжылдықта орташа динамикадан 4,2%-ға жоғары болды. Ынталандырушы және әкімшілік сипаттағы атаулы шаралар жиынтығы мұнай нарығындағы әлемдік жағымсыз конъюнктураның теріс әсерін жоя отырып, ішкі сұранысты қолдады, бұл ретте инфляция орташа деңгейде 5,4% сақталды, бұл көпжылдық трендтерден айтарлықтай төмен (дереккөзі Halyk Finance).

### Валюта бағамдарының динамикасы:

| | 31.12.2018 ж. | 31.12.2019 ж. | % |
|---|---|---|---|
| KZT/USD | 384,2 | 381,18 | 99% |
| KZT/EUR | 439,37 | 426,85 | 97% |
| KZT/RUB | 5,52 | 6,17 | 112% |

Өндіру көлемінің өсуі және мұнай бағасының тұрақтылығы, жұмыссыздық деңгейінің төмендігі мен жалақының өсуі 2019 жылы орташа экономикалық өсімге ықпал етті. Мұндай экономикалық орта компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына елеулі әсер етеді. Басшылық Компания қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда қалыптасқан экономикалық ахуалдың болашақ салдарларын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжалдары мен бағалаулары нақты нәтижелермен ерекшеленуі мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары елеулі дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни Топтың бақылау саласынан тыс жатқан жағдайларына байланысты. Басшылық ағымдағы экономикалық жағдайды және оның перспективаларын ескере отырып, Топтың ұзақ мерзімді активтерінің ықтимал құнсыздануына бағалау жасады. Болашақ экономикалық жағдай және норма-

## Валюта бағамдарының динамикасы




тивтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжалдарынан өзгеше болуы мүмкін.

Басшылық Қазақстан экономикасындағы өзгерістердің дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың болашақта компанияның қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық маңызға ие, өйткені ол халықты және өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр энергетикалық кешен кәсіпорындарын біріктіреді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа электр станцияларын салуды және жұмыс істеп тұрған электр станцияларын қайта жаңартуды көздейтін экономиканың энергетикалық секторын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын қабылдады. Басшылық Топ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауына ие болады деп күтуде, өйткені электр энергетикасы саласы ел экономикасының стратегиялық маңызды бөлігі болып табылады.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Компания макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдарын қоса алғанда, расталатын болжамды ақпаратты пайдаланады. Алайда, кез келген экономикалық болжамдар сияқты, болжамдар мен оларды іске асыру ықтималдығы сөзсіз белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты және, демек, нақты нәтижелер болжанатындардан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

# Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

| № р/с | Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2020 (болжал) | 2021 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс** | **219 892** | **260 400** | **243 722** | **289 052** | **319 535** |
| 1.1. | Электр энергиясын өндіру | 151 861 | 185 355 | 169 369 | 205 242 | 225 235 |
| 1.2. | Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатуы | 94 458 | 96 955 | 100 171 | 108 141 | 119 942 |
| 1.3. | Жылу энергиясын өндіру | 17 370 | 21 674 | 16 781 | 17 375 | 18 366 |
| 1.4. | Электр энергиясын жеткізу және үйлестіру | 38 058 | 40 020 | 38 028 | 41 698 | 49 222 |
| 1.5. | Химиялық тазартылған суды сату | 1 672 | 1 824 | 1 515 | 1 668 | 1 883 |
| 1.6. | Жалға беру | 3 289 | 3 542 | 3 925 | 4 402 | 4 147 |
| 1.7. | Өзгелер | 1 701 | 1 597 | 2 555 | 3 658 | 4 012 |
| **2** | **Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны** | **(159 611)** | **(188 356)** | **(195 891)** | **(221 717)** | **(237 155)** |
| 2.1. | Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны | (107 795) | (129 110) | (130 934) | (147 890) | (160 462) |
| 2.2. | Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатудың өзіндік құны | (91 817) | (95 938) | (101 280) | (107 868) | (118 848) |
| 2.3. | Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны | (17 122) | (20 023) | (16 338) | (19 196) | (18 722) |
| 2.4. | Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны | (28 337) | (30 068) | (32 543) | (35 674) | (38 031) |
| 2.5. | Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны | (1 644) | (1 736) | (1 356) | (1 718) | (1 878) |
| 2.6. | Негізгі қызметтің өзге түрлерінің өзіндік құны | (443) | (640) | (832) | (1 095) | (1 099) |
| | *Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы* | *(43 824)* | *(52 364)* | *(54 223)* | *(58 537)* | *(62 349)* |
| **3** | **Жалпы түсім** | **60 281** | **72 044** | **47 832** | **67 335** | **82 380** |
| 4 | Қаржыландырудан түскен табыс (1) | 2 805 | 2 333 | 2 377 | 1 872 | 4 315 |
| 5 | Өзге табыстар | 3 224 | 5 347 | 5 376 | 1 946 | 1 673 |
| 6 | Өнімді сатуға және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар | (15 145) | (14 340) | (7 999) | (11 748) | (12 364) |
| 7 | Жалпы және әкімшілік шығындар | (12 709) | (13 018) | (12 710) | (13 503) | (14 151) |
| **8** | **Операциялық табыс** | **32 427** | **44 686** | **27 123** | **42 084** | **55 864** |
| **9** | **Амортизация, пайыздар және КТС бойынша аударымдарға дейін түсім (EBITDA)** | **77 328** | **97 825** | **82 487** | **103 923** | **139 769** |
| 10 | Қаржыландыруға жұмсалған шығын (2) (3) | (29 182) | (33 129) | (32 319) | (33 402) | (34 989) |

| № р/с | Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2020 (болжал) | 2021 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Негізгі емес қызметтен болған өзге шығындар (4) | (5 959) | (16 549) | (1 920) | (1 905) | (865) |
| 12 | Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың табыс/ залал үлесі және инвестицияларды құнсыздандыру | (26 636) | 9 752 | 11 191 | 2 347 | 20 589 |
| 13 | Тоқтатылған қызметтен түскен табыс (залал) | 1 670 | (1 584) | 0 | 0 | 0 |
| | Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен түскен табыс (залал) | | 287 | 0 | 0 | 0 |
| **14** | **Салық салғанға дейінгі табыс (залал)** | **(21 650)** | **11 143** | **11 829** | **12 943** | **46 586** |
| 15 | Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар | (5 553) | (7 718) | (4 717) | (5 584) | (8 265) |
| **16** | **Азшылықтың үлесін шегергенге дейінгі қорытынды табыс (залал)** | **(27 203)** | **3 425** | **7 111** | **7 359** | **38 322** |
| 17 | Азшылықтың үлесі | 681 | 184 | 276 | 351 | 332 |
| **18** | **Топтың Акционерлеріне тиесілі қорытынды табыс** | **(27 884)** | **3 241** | **6 835** | **7 009** | **37 990** |

(1) ҚЕ-де 2018 ж. бағам айырмашылығынан түскен түсім «өзге түсімдер» бөлімінде көрсетілді

(2) ҚЕ-де 2017 ж. бағам айырмашылығынан түскен сальдо «қаржылық шығындар» бөлімінде көрсетілді

(3) ҚЕ-де 2018 ж. бағам айырмашылығынан болған залал «қаржылық шығындар» бөлімінде көрсетілді

(4) ҚЕ-де 2019 ж. бағам айырмашылығынан түскен түсім «өзге түсімдер» бөлімінде көрсетілді

(5) ҚЕ-де құнсызданудан болған залал (НЕТТО) «өзге шығындар» бөлімінде көрсетілді

Ескертпе: Табыстар мен өзіндік құнды ашып көрсету қызметтер түрі бөлігінде келтірілген (сегменттер бойынша емес) және алып тастауды ескермей көрсетілген.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен түсім 243 722 млн теңгені құрады:




Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша шоғырландырылған түсімнің азаюы электр энергиясын сату көлемінің және тарифтің төмендеуі есебінен жүзеге асты. Негізгі азаю электр энергиясын сату көлемін 18 340 млн кВтсағ-тан 17 642 млн кВтсағ-қа дейін азайту және орташа салмақтанған тарифті 6,86 теңге/кВтсағ-тан 6,07 теңге/кВтсағ-қа дейін төмендету есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС кәсіпорны есебіне жатқызылды.

Электр энергиясын жеткізу бойынша түсімнің төмендеуі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын жеткізу тарифінің 5,89 теңге/кВтсағ-тан 5,46 теңге/кВтсағ-қа дейін азаюына байланысты.

Сату (өткізу) сегменті бойынша түсімнің өсуі «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын сату көлемінің ұлғаюына байланысты.

## Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2019 жылғы табыстың құрылымы




**Алдағы кезеңге болжам:** 2020 жылға арналған болжамда сатудан түсетін түсім 289,052 млнтеңге көлемінде жоспарланған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 45,330 млнтеңгеге немесе 19% жоғары. Ұлғаю энергиясын өндіру мен жеткізу тарифтерінің жоғарылауына байланысты.

2021 жылға арналған болжамда электр энергиясын өндіруден түсімнің өсуіне байланысты, негізінен электр энергиясын өндірудің, электр қуатының тарифтері мен электр қуатының қол жетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге тарифтердің өсуіне байланысты түсімдердің өсуі байқалады. Сондай-ақ, көлем мен тарифтерді арттыру есебінен электр энергиясын жеткізуден және сатудан түскен табыстың өсуі болжанады.

## Өндірушілерге қарай бөлгенде өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс

| Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2020 (болжал) | 2021 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен кіріс** | **219 892** | **260 400** | **243 722** | **289 052** | **319 535** |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 90 177 | 125 598 | 108 017 | 122 453 | 134 865 |
| «Алматыэнергосбыт» ЖШС | 94 458 | 96 955 | 100 171 | 108 141 | 119 942 |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ | 62 349 | 65 542 | 64 047 | 70 440 | 75 166 |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 38 658 | 40 258 | 38 167 | 42 361 | 49 393 |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 10 889 | 10 217 | 9 883 | 20 399 | 20 424 |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | 4 388 | 4 460 | 4 592 | 5 004 | 5 636 |
| «Шардара СЭС» АҚ | 3 405 | 3 318 | 2 279 | 7 304 | 8 928 |
| «Бұқтырма СЭС» АҚ | 3 288 | 3 541 | 3 924 | 4 402 | 4 147 |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС | | | | | 2 414 |
| «Energy Solution center» ЖШС | 666 | 937 | 1 105 | 1 487 | 1 521 |
| «Green Energy» ЖШС | 131 | 141 | 158 | 193 | 372 |
| **Топішілік айналымдар (алып тасталынған)** | **–88 517** | **–90 566** | **–88 621** | **–93 131** | **–103 273** |

Қоғамның негізгі қызметінен түскен табысының негізгі үлесін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС құрайды. Сонымен қатар, табыстарды шоғырландырған кезде жалпы сомадан негізінде энергия өндіруші және үйлестіруші компаниялар бойынша топішілік айналымдар алынып тасталады.

## Өнім мен көрсетілетін қызметтің өзіндік құны

| Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2020 (болжал) | 2021 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|
| Отын | 43 363 | 56 768 | 52 340 | 57 271 | 62 121 |
| Еңбекақы және онымен байланысты шығындар | 24 035 | 25 231 | 26 775 | 29 422 | 30 904 |
| Сатып алған электр энергияның құны | 7 256 | 10 178 | 13 673 | 16 623 | 17 233 |
| Электр қуатын әзірлікте ұстап тұру бойынша қызметтер | | | 7 692 | 9 667 | 10 278 |
| Негізгі құралдардың тозуы және НМА амортизация | 43 824 | 52 364 | 54 227 | 58 537 | 62 349 |
| Жөндеу және дайындықта ұстап тұру | 6 517 | 6 344 | 6 879 | 10 108 | 11 113 |
| Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер және өзге қызметтер | 8 506 | 10 019 | 10 331 | 10 779 | 11 502 |
| Материалдар | 1 762 | 1 773 | 1 844 | 2 236 | 2 259 |
| Сумен қамтамасыз ету | 4 455 | 4 664 | 3 962 | 5 114 | 5 486 |
| Желілердегі шығындар | 205 | 193 | 193 | 392 | 61 |
| Салықтар, табыс салығын қоспағанда | 4 143 | 4 876 | 4 586 | 5 472 | 6 008 |
| Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем | 2 909 | 4 036 | 4 338 | 4 616 | 4 941 |
| Бөгде ұйымдардың қызметтері | 7 394 | 8 219 | 5 383 | 8 444 | 9 632 |
| Басқалар | 5 241 | 3 690 | 3 668 | 3 038 | 3 267 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **159 611** | **188 356** | **195 891** | **221 717** | **237 155** |

(1) ҚЕ-де 2017 ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Басқалар» бабында көрсетілген.
(2) ҚЕ-де 2018. және 2019 ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Салықтар, табыс салығын қоспағанда» бабында көрсетілген

2019 жылғы қорытынды бойынша өзіндік құн 195 891 млн теңгені құрады, бұл 2018 ж. фактіден 4 %-ға жоғары. Шығыстардың ұлғаюы негізінен қуат нарығын енгізуге және тарифті электр энергиясы мен қуаттың құрамдас бөліктеріне бөлуге байланысты электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі шығыстармен байланысты. Қуат үшін ақыны ЕҚО төлейді. Бұрын бұл шығыстар толығымен топішілік және алынып тасталған болатын. Сондай-ақ тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне және амортизацияның артуына байланысты шығыстардың өскені байқалады (негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС).

## Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндің құнның құрылымы






**Алдағы кезеңге болжам:** 2020 жылға арналған болжамда өзіндік құн өндіріс пен сату көлемінің өсуіне байланысты, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі есебінен ұлғаяды. 2021 жылға арналған болжамдағы шығыстардың ұлғаюы тауарлар мен қызметтер бағаларының өсуімен байланысты.

## Сатуға арналған шығын, млн теңге

2019 ж. қорытындысы бойынша сатуға арналған шығындар 2018 ж. қарағанда 6 342 млн теңгеге азайды және 7 999 млн теңгені құрады. Аталған ауытқу 2019 ж. экспортталатын электр энергиясының 3 758 млн кВтсағ-тағ (РФ) 967 млн кВтсағ-қа (Өзбекстан) дейін төмендеуінен болды.

**Алдағы кезеңге болжам:** 2020 жылға арналған болжамда 2019 ж. фактісімен салыстырғанда іске асыруға арналған шығыстардың ұлғаюы Өзбекстанға экспорт көлемінің өсуі есебінен электр энергиясын беру жөніндегі шығыстардың ұлғаюына байланысты 47 %-ды құрайды.




## Әкімшілік шығыстар, млн теңге

2019 ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығындар 12 710 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 308 млн теңгеге немесе 2 %-ға аз.

**Алдағы кезеңге болжам:** 2020 ж. болжамда әкімшілік шығыстар 2019 ж. деңгейден жоғары және 13 503 млн теңгені құрайды. Ұлғаю негізінен тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі есебінен, сондай-ақ инфляцияға жыл сайынғы индекстеу есебінен болды. 2021 жылға арналған болжамда әкімшілік шығындар 2020 жылға арналған болжаммен салыстырғанда 649 млн теңгеге артып, 14 151 млнтеңгені құрайды, бұл негізінен тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуіне байланысты.




## Қаржылық шығыстар, млн теңге

2019 ж. қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 32 319 млн теңгені құрады, бұл 2018 ж. нақты көрсеткіштен 810 млн теңгеге аз. Қаржыландыруға арналған шығыстардың азаюы негізінде заемдарды ұзақ мерзімді өтеуге байланысты сыйақылар бойынша шығындарды қысқарту есебінен болған.

**Болашақ кезеңге арналған болжам:** 2020–2021 жылдарға арналған болжамда айналым қаражатын толықтыруға байланысты қаржыландыру шығындары артады.



### Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестициялардың құнсыздануы

| Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2020 (болжал) | 2021 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|
| Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес | (26 636) | 9 752 | 11 191 | 2 347 | 20 589 |




2019. үлестік табыс ұқсас кезеңге қарағанда 1 440 млн теңгеге ұлғая отырып, 11 191 млн теңгені құрады.

**Негізгі өзгерістер төмендегі активтер бойынша болды:**

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ — өткен жылмен салыстырғанда залалдың 2 346 млн теңгеге азаюы мына факторларға байланысты:

- операциялық пайданың 486 млн теңгеге өсуі (э/э орташа салмақтанған тарифтің 7,53 теңге/кВтсағ-тан 8,70 теңге/кВтсағ-ға дейін артуы);
- бағам айырмашылығы бойынша шығыстардың 5 703 млн теңге сомасына азаюы.

Бұл ретте қаржыландыру бойынша шығыстардың 484 млн теңге (50%) мөлшерінде ұлғаюы және басқа да кірістердің 3 379 млн теңгеге (50%) қысқаруы орын алды.

Forum Muider — пайданың 920 млн теңгеге азаюы «Богатырь-Көмір» ЖШС бойынша ішкі нарықта көмірді сату көлемінің 1 779 мың тоннаға (5%) азаюы және сату бағасының 0,4%-ға азаюы есебінен болды.

2020 жылға арналған жоспарда пайда үлесі 2,347 млнтеңгені құрайды (төмендеу негізінен бағам айырмашылығынан болған шығынға байланысты), 2021 жылы ол 20 589 млн теңгені құрайды.

### Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)

| Көрсеткіш, млн теңге | 2017 (нақты) | 2018 (нақты) | 2019 (нақты) | 2019 (болжал) | 2020 (болжал) |
|---|---|---|---|---|---|
| Тоқтатылған қызметтен түскен пайда | 1 670 | (1 584) | – | – | – |

## Тариф саясаты

Табиғи монополия субъектілері, бәсекеге қабілетті және қоғамдық маңызы бар нарық субъектілері болып табылатын Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» Заңдарымен және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түріне байланысты тарифтік реттеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі — Комитет) немесе салалық министрліктің — Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

Энергия өндіретін ұйымдар үшін электр энергиясының 2016–2018 жж.кезеңдегі тарифтері бұрын 2015 жылға бекітілген станцияларға арналған шекті тарифтер деңгейінде белгіленді.

2014 жылы бекітілген Қазақстанның 2030 жылға дейінгі отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамыту тұжырымдамасы негізінде, 2019 жылдан бастап саланы жеткілікті инвестиция деңгейімен қамтамасыз ететін тиімді тетік ретінде Қуат нарығы енгізілді, ол ұзақ мерзімді перспективада нарыққа жағымды әсер ететін болады.

2019 жылдан бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін қуат нарығын енгізуді ескере отырып, мыналар құрылды:

- инвестициялық жобалар мен негізгі қарызды (инвестициялық жобаларды іске асыруға тартылған несие қаражаттары бойынша) өтеу шығындарын қамтитын қуаттың шекті тарифтері;
- операциялық шығындар мен сыйақы төлемдерін (инвестициялық жобаларға тартылған несие қаражаттары бойынша) қамтитын электр энергиясының шекті тарифтері.

Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер ЖЭК технологияларына қарай (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) тіркеліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі және жыл сайын индекстеуге жатады. Сонымен бірге қаржы-есеп айырысу орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде әрекет етеді.

Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу және тарату, жылу энергиясын өндіру және энергиямен жабдықтау тарифтерін Комитет реттейді. Комитет тарапынан реттеу мен бақылау Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады.

Тариф бойынша шешімдер әлеуметтік және саяси мәселелердің ықпалына айтарлықтай деңгейде байланысты болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

### Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

| Атауы | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВтс | 6,39 | 6,85 | 6,07 | 6,77 | 7,26 |
| экспортқа арналған тариф, теңге/кВтс | 5,46 | 5,18 | 9,64 | 10,84 | 10,50 |
| ҚР тарифі, теңге/кВтс | 6,86 | 7,28 | 5,87 | 6,39 | 6,97 |
| о.і. эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс | | | 5,65 | 5,76 | 6,16 |
| о.і. эл. қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына | | | 590 | 590 | 620 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВтс | 6,60 | 7,53 | 8,70 | 9,50 | 9,42 |
| эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс | | | 7,42 | 8,25 | 8,53 |
| қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына | | | 590 | 590 | 620 |
| «Алматы Электр Станциялары» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВтс | 8,60 | 8,60 | 9,66 | 10,90 | 11,70 |
| эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс | | | 8,43 | 9,04 | 9,77 |
| қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына | | | 590 | 894 | 921 |
| «Шардара СЭС» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВтс | 9,50 | 9,50 | 4,86 | 13,25 | 15,21 |
| эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс | | | 4,23 | 8,74 | 10,38 |
| қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына | | | 590 | 4 069 | 3 868 |
| «Мойнақ СЭС» АҚ, орташа мөлшерленген тарифтер, теңге кВтс | 8,65 | 9,51 | 10,02 | 22,28 | 22,28 |
| эл. энергиясына арналған тариф, теңге/кВтс | | | 7,93 | 12,02 | 12,02 |
| қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*айына | | | 590 | 2 564 | 2 564 |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС, теңге кВтс | 42,12 | 45,11 | 48,54 | 53,77 | 17,50 |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, теңге кВтс | 26,44 | 28,31 | 30,03 | 31,62 | 33,20 |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС | | | | | 22,68 |
| «Энергия Семиречья» ЖШС | | | | 22,68 | 22,68 |

Есепті кезеңде мынадай тарифтер қолданылды:

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасында электр қуаты нарығы жұмыс істей бастады. Электр энергиясын өндірушілер алатын кірістер екі құрамдас бөлікке бөлінді — электр энергиясын сатудан түскен кіріс (ағымдағы шығындарды жабуға бөлінеді) және электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс (негізгі қарызды және инвестицияларды өтеуге бөлінеді). Барлық ЭӨҰ үшін 590 мың теңге / МВт * айлық мөлшерде электр қуатын әзірлікте ұстап тұру қызметіне бірыңғай шекті тариф бекітілді. 2019–2025 жылдарға электр энергиясына тарифтер бекітілді. Алайда, бекітілген тарифтер жылдар бойынша рентабельділік пен индекстеуді қарастырмайды. Сонымен қатар, «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12–1-бабының 2-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда электр энергиясына бекітілген тарифтер жыл сайын түзетіліп отырады.

Қуат нарығының енгізілуімен 2019 жылы кейбір станциялар үшін электр энергиясының орташа өлшенген тарифтері 2018 жылғы тариф деңгейінен төмен болды. Сонымен, 2018 жылы Екібастұз ГРЭС-1 үшін Қазақстан Республикасындағы орташа алынған тариф бойынша. — 7,28 теңге / кВт / сағ. болса, 2019 жылға орташа алынған тариф 5,87 теңге / кВтсағ деңгейінде қалыптасты. Шардара СЭС үшін 2018 жылы қолданылған жеке тариф 9,50 теңге / кВт / сағ, 2019 жыл үшін қуат нарығын ескере отырып орташа өлшенген тариф. 4,86 теңге / кВтсағ деңгейінде қалыптасты.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, ҚР ЭМ-нің станцияларға арналған тапшылықты тарифтерді бекітуіне байланысты ЭӨҰ 2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ҚР Энергетика министрлігіне электр энергиясының шекті тарифтерін түзетуге өтінімдер ұсынды. Нәтижесінде, 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап, ҚР ЭМ электр энергиясына мынадай шекті тарифтерді бекітті.

Екібастұз ГРЭС-1 үшін тариф 2019 жылы — 5,76 теңге / кВтсағ деңгейінде сақталды. Мойнақ СЭС және Шардара СЭС-теріне арналған тарифтердің едәуір өсуі инвестициялық бағдарламалардың жүзеге асырылуына және тарифке қарыз қаражаттарының сыйақы тарифтеріне қосылуына, амортизациялық шығындар мен мүлік салығының ұлғаюына байланысты болды. Екібастұз ГРЭС-2 және Алматы электр станциялары үшін тарифтер операциялық шығындардың өсуіне байланысты сәйкесінше 6 және 4 % -ға өсті.

*теңге/кВтс*

| ЭӨҰ атауы | ҚР ЭМ бекіткен | | Ауытқу | |
|---|---|---|---|---|
| | 2019 ж. 1 қаңтардан | 2019 ж. 1 қарашадан | (+, —) | в % |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | | | | |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 7,31 | 7,73 | 0,42 | 106 % |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 8,33 | 8,70 | 0,37 | 104 % |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 7,14 | 12,02 | 4,88 | 168 % |
| «Шардара СЭС» АҚ | 3,25 | 8,72 | 5,47 | 268 % |

2020 жылға Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыратын станцияларға — «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізді.

*мың теңге /МВт*айына*

| ЭӨҰ атауы | Көлемі | Жеке тариф | Кезең |
|---|---|---|---|
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 69,5 МВт | 4 168,60 | 2020–2024 жж. |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 298 МВт | 2 563,67 | 2020–2026 жж. |
| «Шардара СЭС» АҚ | 61 МВт | 4 069,3 | 2020–2028 жж. |



2021 жылдан бастап және одан әрі қарай электр энергиясы мен қуаттың тарифтері тұтынушылар бағаларының индексін ескере отырып болжанады.

Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер ЖЭК технологияларына қарай (жел, күн және басқа көздер үшін бөлек) тіркеліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі және жыл сайын индекстеуге жатады.

## Жылу энергиясын өндіруге арналған тариф, *теңге/Гкал*

| Атауы | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 3 363 | 3 917 | 3 354 | 3 444 | 3 514 |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 740 | 816 | 809 | 849 | 867 |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 352 | 446 | 572 | 438 | 438 |

Табиғи монополия субъектісі үшін де заңнама инвестициялық құрамдастықты қоса отырып және шығындарды жыл сайын индекстеу үшін жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін бекітуді қарастырады. Шекті тарифтерді Комитет бекітеді. Алайда, тарифтерді көтеру жылына бір реттен артық жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станциялардың шығындары өскен жағдайда тарифтерді арттырмай-ақ сақтау тәуекелдері бар.

## Электр энергиясын жеткізу қызметіне арналған тариф, *теңге/кВтс*

| Атауы | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 5,83 | 5,89 | 5,46 | 5,95 | 6,92 |

Табиғи монополиялар субъектісі болып табылатын өңірлік энергия жеткізуші компаниялар (АЭК) үшін 2016–2020 жж. арналған инвестициялық құрамдастықты қосу арқылы тарифтік сметалар негізінде ұзақ мерзімді шекті тарифтер бекітілді, мұны қажет болған жағдайда уәкілетті орган түзетеді. Алайда, объективті себептер бойынша АЭК шығындары өскен жағдайда (иесіз желілерді мен жабдықтарды және т.б. балансқа қабылдау) тарифтерді арттыру жылына бір реттен артық жүргізілмейді. Сондай-ақ тарифтерді арттырмай-ақ сақтау тәуекелдері бар.

## ЭҚҰ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтер, *теңге/кВтс*

| Атауы | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | 16,38 | 16,42 | 16,11 | 18,29 | 20,27 |

Энергиямен жабдықтаушы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы әлеуметтік маңызы бар нарықтың субъектісі болып табылады, сонымен қатар оны уәкілетті орган реттеп отырады. Тарифтерді есептеу операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттерді қамтиды. Өңірлердегі халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында Реттеушінің тарифтің өсуін жасанды түрде ұстап қалу қаупі бар. ЭҚҰ үшін жеке тұлғаларға тұтыну нормаларына сәйкес саралану сақталады, заңды тұлғалар үшін электр энергиясы орташа босату тарифтері бойынша жеткізіледі.

## Көмірді сату бағасы, *теңге/тонна*

| Атауы | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| «Богатырь Көмір» ЖШС | 1 944 | 2 013 | 2 120 | 2 302 | 2 389 |

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірінің сату бағасы тұтынушылардың 3 тобына арнап ҚР тұтынушылары үшін өз бетінше баға прейскурантымен (ҚТЖ іргелес станциясының энергетикасы, көмір жинау станцияларындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтар) бекітіледі. Реттеуді ҚР ҰЭМ ТМРБҚК Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асырады.

## Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Сыртқы кредиторлардың ковенанттарының орындалуы:

| Ковенант | Норматив | 2019 ж. нақты | 2020 болжам | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| Қарыз/EBITDA (ЕҚДБ, ҚХБ) | кемінде 3,5 | 3,31 | 3,04 | Сақталады |
| EBITDA/Пайыздар (ЕҚДБ) | кемінде 3,0 | 3,34 | 3,97 | Сақталады |
| Қарыз/Меншікті капитал (ЕАДБ және ҚДБ) | 2,0-ден аспайды | 0,56 | 0,65 | Сақталады |

| Атауы | 2017 нақты | 2018 нақты | 2019 нақты | 2020 болжам | 2021 болжам |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз/EBITDA | 4,64 | 3,18 | 3,31 | 3,04 | 2,32 |
| Қарыз/Меншікті капитал | 0,75 | 0,65 | 0,56 | 0,65 | 0,53 |
| Ағымдағы өтімділік | 1,36 | 1,04 | 0,70 | 0,78 | 0,93 |

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі — Қоғам) кредиторлардың жарты жылдық есепте көрсетілген қаржылық және қаржылық емес ковенанттарын сақтады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ акционер ұсынған қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізді.

### Қарыздық жүктемені азайту

2019 жылдың 12 айының қорытындылары бойынша Компанияның шоғырландырылған қарызы 338 млрд теңгені құрады, 2018 жылдың қорытындыларымен (382,9 млрд теңге) салыстырғанда есепті кезеңдегі қарыздың төмендеуі — 45 млрдтеңге.

2019 жылы қарыздың азаюы жоспарланған қарызды өтеумен және 25,6 млрд теңге көлеміндегі қарызды мерзімінен бұрын өтеумен байланысты.

### Компания валюталық тәуекелдерді теңестіру аясында 2019 жылы мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:

- «Мойнақ СЭС» АҚ-ның ҚМДБ-ден алған 136 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі валюталық міндеттемелерін қайта қаржыландыру. Осы мәміленің аясында Қордың 50 миллион АҚШ доллары көлеміндегі кепілдемесі шығарылды, несие портфеліндегі валюталық міндеттемелер деңгейі 17 % — дан 3 % -ға дейін төмендетілді.
- қосымша, «Мойнақ СЭС» АҚ-ның валюталық міндеттемелері «ҚДБ» АҚ-дан алған 11,7 млн АҚШ доллары сомасына айырбасталды. Мәміле топтың несие портфеліндегі валюталық міндеттемелер деңгейін 3 % -дан 1,5 % -ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.
- EPC келісімшарты бойынша міндеттемелердің толық көлемін еуроға резервтеу (балансты хеджирлеу) қамтамасыз етілді, бұл валюталық бағамның ауытқуын ескере отырып, жоба құнының өсу қаупін азайтуға мүмкіндік берді.

### Пайыздық шығыстарды оңтайландыру

Сонымен бірге, 2019 жылдың қорытындылары бойынша қарыздарды жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеу, валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыру және Топтың қолданыстағы несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендету есебінен сыйақыға жұмсалатын шығыстарды азайтуға қол жеткізілді.

### Кредиттік рейтинг (Fitch Ratings)

2019 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі берген ұзақ мерзімді рейтингтері «ВВ» деңгейінде сақталды, болжам «Тұрақты».

#### Айыппұлдар

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы бойынша маңызды айыппұлдардың жалпы көлемі — 4 023 837 мың теңге.

Уәкілетті мемлекеттік органдар (еңбек инспекциясы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, энергетикалық қадағалау және бақылау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі) заң талаптарына сәйкестікке тексеру жүргізіп, қаржылық санкциялар қолданбай 9 ұйғарым актісін берді.

Есепті жыл бойында бәсекелестікке қарсылық көрсетуге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты орын алған жағдайлар тіркелмеген.

Маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнамалар мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны «Экология» бөлімінде көрсетілген.



## Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг — «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді салыстыру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- Қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC);

Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- Inter RAO UES PJSC (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Drax Group (Ұлыбритания).

### Бенчмаркинг нәтижелері:

| Критерий | Өлшемі | Статусы | Min ___________ Бенчмаркинг ___________ Max |
|---|---|---|---|
| EBITDA margin | % | | Drax Group (5,6 %); Inter RAO (12,2 %); CEZ Group (27,0 %); СЭ (33,8 %) |
| Қарыз / EBITDA | коэффициент | | Inter RAO (0,47); Drax Group (3,08); СЭ (3,83); CEZ Group (4,83 %) |
| Қарыз / МК | коэффициент | | Inter RAO (0,11); СЭ (0,63); Drax Group (0,67); CEZ Group (0,74) |
| ROIC | % | | Drax Group (2,05 %); СЭ (4,15 %); CEZ Group (7,85 %); Inter RAO (12,96 %) |

- Ұқсас арасында орташасынан жақсы көрсеткіш
- Ұқсас арасында орташа көрсеткішке сәйкес
- Ұқсас арасында орташасынан төмен көрсеткіш

### 2019 жылғы EBITDA margin

### 2019 жылғы Return on Invested Capital (ROIC)




*Дереккөз: Bloomberg*

Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, Самұрық-Энергоның кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері төмен.

**Қаржылық тұрақтылық** көрсеткіштері «Самұрық-Энергоның» қолжетімді қаржылық левереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, **EBITDA margin** көрсеткіші бойынша, «Самұрық-Энерго» өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін көрсетеді. **ROIC** (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) көрсеткіші бойынша Самұрық-Энерго өзге европалық ұқсас компаниялардың деңгейінде. Десек те, осы көрсеткіш бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің экономикалық талаптары ұқсас келетін ресейлік холдингтен едәуір төмен деңгейде, бұл инвестициялардың тиімділігін (рентабельділігін, қайтарымдылығын) арттыру қажеттігін көрсетеді.

Осыған орай, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейілінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы энергетикалық жүйесінің сенімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуіне бағытталған әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар іске асырылды, бұл инвестицияланған капиталдың едәуір өсуіне әкеліп соқты, сәйкесінше инвестициялардың кірістілігін төмендетті.

Ұқсас компаниялардың елдерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы инвестициялардың рентабелділік көрсеткіштеріне ықпал ететін қосымша фактор болып табылады.

| Ел | кВтс үшін орташа тариф | Теңгемен/кВтс | 2019 жылғы жағдай бойынша орташа бағам |
|---|---|---|---|
| Қазақстан | 14,17 теңге | 14,17 теңге/кВтс | |
| Ресей | 3,89 рубль | 23,02 теңге/кВтс | 5,92 теңге/рубль |
| Чехия | 0,13 еуро | 55,72 теңге/кВтс | 428,63 теңге/еуро |
| Ұлыбритания | 0,18 еуро | 77,15 тенге/кВт*ч | |



# Инвестициялық қызмет

«Самұрық-Энерго» АҚ алдында жоғары экономикалық тиімділікті, инновациялық жетілдіруді және әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарын үйлестіре отырып, ішкі тұтынушылармен және экспортты энергия ресурстарымен қамтамасыз етудің оңтайлы арақатынасын қамтитын теңгерімделген даму моделін қалыптастыру міндеті тұр.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобаларын іске асыру компанияның стратегиялық миссиясына қол жеткізу құралы болып табылады және Республиканың экспорттық әлеуетін арттыра отырып, Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатына өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуат көздерін жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңадан салуға, сондай-ақ энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз етуге және электр қуаты мен жылу энергиясына деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған.

### Инвестицияға жұмсалған шығыстар, *млн теңге*




Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру өз қаражаты, халықаралық қаржы ұйымдары мен ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қарыздық қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылады.

*млн теңге*

| | 2017 нақты | 2018 нақты | 2019 нақты |
|---|---|---|---|
| **БАРЛЫҒЫ** | **72 418** | **41 689** | **50 364** |
| меншікті | 57 622 | 35 342 | 42 836 |
| қарыздық | 8 196 | 6 211 | 7 528 |
| мембюджеттің қаражаты | 6 601 | 137 | – |

## Игеру әдісі бойынша күрделі шығыстарға жасалған талдау, *млн теңге*

| № | ЕТҰ | 2017 ж. нақты | 2018 ж. нақты | 2019 ж. нақты | 2020 ж. болжам | 2021 ж. болжам |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **БАРЛЫҒЫ** | **72 418** | **41 689** | **50 364** | **103 564** | **108 395** |
| **1** | **Инвестициялық жобалар, оның ішінде** | **25 177** | **8 075** | **14 985** | **60 409** | **66 318** |
| 1.1 | Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-блокты қалпына келтіру | 3 962 | 2 156 | 4 953 | 3 602 | 19 440 |
| 1.2 | Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын орнату арқылы кеңейту және қайта құру | - 36 | – | – | 8 395 | 16 511 |
| 1.3 | Екібастұз кен орнының «Богатырь» кенішінде көмір өндіру, тасымалдау, біркелкілеу және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу | 30 | 113 | 553 | 25 233 | 12 476 |
| 1.4 | «Горный Гигант» № 131А 220/110/10кВ ҚС жүктемесін 110кВ желілері бойынша ҚС-131А-ны кейіннен бөлшектеу арқылы «Ерменсай» № 160А 220/110/10кВ ПС-ға көшіру | 5 079 | 137 | – | – | – |
| 1.5 | Шардара СЭС-ті жаңғырту | 11 263 | 4 482 | 5 059 | 1 902 | – |
| 1.6 | Қапшағай қаласында қуаты 416 кВт КЭС салу | 7 | 6 | 160 | – | – |
| 1.7 | Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясын келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, салу | – | – | 3 917 | 5 814 | – |
| 1.8 | Қуаты 50 МВт болатын Ерейментау ЖЭС-ін салу | 100 | 21 | 200 | 12 758 | 12 760 |
| 1.9 | Придорожное газды кен орны базасында ГЖЭС салу | 140 | 758 | 91 | 313 | 334 |
| 1.10 | Өзге жобалар | 4 632 | 402 | 51 | 2 394 | 4 797 |
| **2** | **Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру** | **46 042** | **31 534** | **34 596** | **41 876** | **41 692** |
| 2.1 | «Богатырь Көмір» ЖШС (50%) | 3 508 | 4 242 | 7 658 | 7 673 | 12 617 |
| 2.2 | «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы« АҚ (50%) | 224 | 439 | 798 | 1 219 | 1 585 |
| 2.3 | «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 17 919 | 10 238 | 7 711 | 13 734 | 9 374 |
| 2.4 | «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 13 580 | 11 501 | 11 124 | 10 743 | 9 794 |
| 2.5 | «Алматы электр станциялары» АҚ | 4 848 | 4 411 | 6 991 | 6 753 | 7 559 |
| 2.6 | «Ақтөбе ЖЭО» АҚ | 374 | – | – | – | – |
| 2.7 | «Мойнақ СЭС» АҚ | 304 | 369 | 168 | 1 090 | 650 |
| 2.8 | «Шардара СЭС» АҚ | 120 | 251 | 38 | 4 | 10 |
| 2.9 | «Маңғыстау АЭК » АҚ | 2 251 | – | – | – | – |
| 2.10 | «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | 35 | 75 | 75 | 96 | 82 |
| 2.11 | «Samruk-Green Energy» ЖШС | 0,3 | 1 | 0,5 | 11 | 7 |
| 2.12 | «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | 3 | 8 | 33 | 552 | 15 |
| 2.13 | «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ | 2 861 | – | – | – | – |
| 2.14 | «Шығысэнерготрейд» ЖШС | 16 | – | – | – | – |
| **3** | **Әкімшілік активтерге жұмыс істеген қалпында қолдау көрсету** | **1 145** | **1 307** | **592** | **1 171** | **287** |
| **4** | **Өзге** | **54** | **773** | **191** | **108** | **98** |

Инвестициялық жобалар портфелін тиімді басқару Компанияның инвестициялық жобалар портфелінің ұзақ мерзімді құнын құру, сондай-ақ бәсекелі және тез өзгеретін орта жағдайында жобаларды іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Инвестицияларға портфельдік көзқарас мұқият іріктеуге, басымдықтарды белгілеуге, Компанияның стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарына және нарықтық мүмкіндіктерге сәйкес инвестицияларды біркелкі бөлу мен одан шығуға бағытталған. Портфельді ұтымды басқару Компанияға нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, қызметтің Даму стратегиясымен келісілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ресурстарды жоспарлау мен бөлуді жақсартуға және инвестициялық шешімдерді талдауға мүмкіндік бере отырып, оны инвестициялық шешімдер мен операциялық сипаттамалармен біріктіреді.

2019 жылы іске асырылған жобалар портфелін «Қапшағай қаласында 416 кВт КЭС салу» инвестициялық жобасы толықтырды. Қапшағай қаласындағы қуаты 416 кВт күн электр станциясы «Astana Solar» ЖШС өндірген қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдерді пайдалана отырып салынды. Жобаны іске асыру жылына қосымша 0,5 млн кВт•сағ электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты Қазақстанның энергия тапшы Оңтүстік аймағын электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру болып табылады.

Компанияның іске асырылатын инвестициялық жобаларының портфеліне 8 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру қолда бар станциялардың белгіленген қуатын арттыруы және жаңа қуаттарды құру жолымен Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуаты тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

### *«Богатырь» Екібастұз көмір кеніші кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, сапасын тұрақтандыру және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу» жобасы*

ЦАТ жобасы «Богатырь« кесігін көмір өндірудің циклды-ағынды технологиясына кезең-кезеңмен көшіруді және конвейерлік көлікте біркелкілеу қоймаларына кейіннен беткі тиеу кешендеріне тиеу арқылы жеткізуді көздейді. Жобаны іске асыру қажеттілігі темір жол көлігін пайдалану тиімді болмайтын тау-кен жұмыстарының тереңдігіне қол жеткізумен байланысты. Жобаны іске асыру Богатырь кесігінің өндірістік қуатын жылына 32 миллионнан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға, кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыруға, көмір өндірудің өзіндік құнын төмендетуге және көмір тасымалдау мен тиеу жабдықтарын жаңартуға мүмкіндік береді.

2019 жылы жоба белсенді түрде іске асырыла бастады, оның ішінде құрылыс-монтаждау және жабдықтарды дайындау жұмыстары басталды.

### *«Придорожное» газ кен орнын игеру» жобасы*

Жоба ішкі және сыртқы нарыққа сату мақсатында табиғи газ өндіру үшін инфрақұрылым жүйесін салуды көздейді. Жоба аясында сондай-ақ «Придорожное» кен орнынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына дейін жоғары қысымды газ құбырының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Жобаның мақсаты ҚР Оңтүстік Қазақстан облысының газға тапшылығын жабу болып табылады, бұл ретте газ өндірудің жылдық жоғары мөлшері 290 млн $м^3$ құрайды.

### *«Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы*

Жоба станция жұмысының өнімділігі мен пайдаланылу қауіпсіздігін арттыру үшін моральдық және табиғи тұрғыдан тозған жабдықтарды ауыстыруды көздейді, бұл станцияның белгіленген қуатын 126 МВт-ға арттырып, жылына қосымша 57 млн кВтсағ. электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

2019 жылы № 1 және № 2 гидроагрегаттар пайдалануға берілді. № 3 және № 4 гидроагрегаттарда іске қосу-жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Жобаны 2020 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

### *«Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын сала отырып кеңейту және қайта жаңарту» жобасы*

Жоба №3 энергия блогын сала отырып, станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-ға ұлғайтуды және жылына қосымша 4,8 млрд кВтсағ. электр энергиясын өндіруді көздейді.

Жоба 2019 жылдың желтоқсанына дейін тоқтатылды.

### *Екібастұз ГРЭС-1 қуатын қайта жаңарту және кеңейту (№ 1 блокты қалпына келтіру)жобасы*

Жоба электр энергиясына деген өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1-дегі қуаты 500 МВт № 1 энергия блогын қалпына келтіруді көздейді.

2019 жылдың нәтижелері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоба бойынша орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 44%-ды құрайды.

*«Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салу» жобасы*

Жоба Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына 215 млн кВтсағ. электр қуатын (жобалау қуатын жылына 180 млн-нан ұлғайту) қосымша өндіруге мүмкіндік береді. Жоба мақсаты электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2019 жылы жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Жобаны 2021 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

*«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВТ-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасы*

Жоба Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде келешекте 300 МВТ-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны іске асыру жылына қосымша 225,7 млн кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2019 жылы жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жатыр.

*«АлЭС« АҚ Алматы 2- ЖЭО» жобасы*

Жұмыс істеп тұрған Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту жобасын жүзеге асырудағы негізгі мақсат Алматы қаласы мен Алматы облысының экологиясына тигізетін жағымсыз әсерді азайту болып табылады. «Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасы бойынша 2018 жылы жоба алды ТЭН әзірленіп, оны іске асырудың бірнеше нұсқалары қаралды.

2019 жылы жобаның ТЭН-ін әзірлеу басталды.

*Аяқталуы 2020 жылға жоспарланған жобалар*

2020 жылы «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы бойынша жұмыстар аяқталады. Жоба станцияның белгіленген қуатын 100 МВт-дан 126 МВт-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

*Аяқталуы 2021 жылға жоспарланған жобалар*

Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Жобаны іске асыру жылына 215 млн кВт / сағ электр энергиясын қосымша өндіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, «Шелек дәлізінде келешекте 300 МВТ-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасын аяқтау жоспарланып отыр.

Компания басшылықтың уақытылы шешімдер қабылдауы үшін инвестицияның негізгі көрсеткіштеріне үзбей мониторинг жүргізіп отырады.

Түзету шараларын жедел қабылдау үшін инвестициялық жобаларға Компанияның Директорлар кеңесі деңгейінде тұрақты мониторинг жүргізіліп тұрады.

## Сатып алуды басқару

2019 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қарапайым заттар экономикасы« бағдарламасын бастады. Бұл бағдарламаның мақсаты — жеңіл, жиһаз, тамақ өнеркәсібінде, сондай-ақ құрылыс материалдары саласындағы тауарларды тек отандық өндірушілерден сатып алуды қамтамасыз ету.

Бұл бағыт бойынша 2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы Холдингтің тауар өндірушілеріне 324,9 млн теңгеге тапсырыс берді.

Сонымен бірге, 2019 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ тауарлардың импортын алмастыру бағдарламасын белсенді түрде жүзеге асыруда. Бұл бағдарламаның мақсаты — импорттың орнын басатын тауарларды жеткізудің уақытша шартымен, осы тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді ұйымдастырған жеткізушілерден сатып алуды қамтамасыз ету.

2019 жылғы жұмыстың нәтижесі — отандық тауар өндірушілермен жалпы сомасы 534,5 млн теңгенің 6 келісімшарттың жасалуы болып табылады.

Жалпы, 2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы Холдингтің тауар өндірушілерінен жалпы сомасы 9,1 млрд теңгеге тауарларды сатып алды.

Сонымен қатар, 2019 жылы «Самұрық-Энерго« АҚ компаниялары тобы бойынша мүгедектер ұйымдарымен жасалған шарттардың жалпы сомасы 481 миллион теңгені құрады.



## Сатып алуды санаттық басқару

2019 жылы Трансформациялау бағдарламасының «Сатып алуды санаттық басқару» жобасы Компанияның жедел басқаруына берілді. Сатып алу санатын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды қамтиды.

Сатып алуды санаттық басқару тұжырымдамасы негізінде иелік етудің жиынтық құнының көрсеткішінің төмендеуі, яғни сатып алуға тікелей шығындар ғана емес, иелік етудің бүкіл өмірлік циклы бойында ТЖҚ санаты шығындарының азаюы жатыр, бұл ең заманауи және үнемді шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді. Сатып алу саласына енгізілетін өзгерістер сатып алу бағасының төмендеуіне, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға, отандық тауар өндірушілердің дамуына ықпал етеді.

2019 жылы «Сорғылар мен компрессорлар» және «Өнеркәсіптік химия» санаттары бойынша сатып алудың санаттық стратегиясы әзірленді. Бұл стратегиялар өткен кезеңдердегі шығындарды, болашақ қажеттіліктерді, жеткізушілер нарығын және бизнеске қойылатын талаптарды талдаудан алынған қорытындыларды қамтиды.

Қазіргі уақытта, сатып алынатын санаттық топ ендіру кезеңінде 10 сатып алу стратегияны әзірледі және трансформациялау жобасының нақты экономикалық тиімділігі 2,5 млрд теңгені құрайды.

2022 жылға қарай санаттарды басқару бойынша басқарылатын санаттарды жыл сайынғы сатып алу құнының кем дегенде 80%-ын жабу міндеті қойылды. Осы мақсатқа жету үшін 27 сатып алынатын санаттық стратегияны әзірлеп, бекіту қажет. Сатып алынатын санаттық стратегияларды іске асырудан келетін пайда 4,4 млрд теңгеге бағаланады.

«Самұрық-Қазына« ҰӘҚ» АҚ Сатып алу санаттарын басқару жөніндегі Құзыреттер орталығы — уәкілетті орган — «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС өткізген Қор компаниялары мамандарының арасында сатып алуды санаттық басқару бойынша конкурста «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Майлар мен майлағыш заттар» сатып алынатын санаттық стратегиясы «Сатып алудағы бизнес-процестерді жаңғыртудың ең үздік жобасы» аталымын жеңіп алғанын атап өткен жөн.

Сатып алу қағидаттарына сәйкес, Компания тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесін дамытуға бұрынғысынша көңіл бөледі.

### Жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн теңгемен*

| | нақты 2017 | | нақты 2018 | | нақты 2019 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы | ЖҚ % | Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы | ЖҚ % | Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы | ЖҚ % |
| тауарлар | 122 783,06 | 75% | 152 323,77 | 83% | 157 260,5 | 79% |
| Жұмыс, қызмет | 149 580,49 | 80% | 153 420,06 | 88% | 153 998,2 | 81% |

*Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері

*«Энергетика – бұл романтика! Адамдар күн сайын суыққа, боранға, аптап ыстыққа қарамастан, тіректерге көтеріліп, ауысымға жұмысқа түседі. Алматыдан 300 шақырым жерде орналасқан Мойнақ СЭС-і, мұндағы ауыл небәрі 85 үйден тұрады, және де осы ауыл тұрғындарының тынысы, барлық тұрмыс-тіршілігі су электр станциясымен байланысты ... Түнгі және күндізгі ауысымдар кезектесіп өтіп жатыр, қала болсын, дала болсын жарық баршаға қажет...»*



**ӘБІТАЕВ ӘНУАР**

*«Самұрық-Энерго» АҚ «ЖЭК және Тарату» департаменті «Өндірістік бағдарламалар мониторингі» бөлімінің бастығы*

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



# Корпоративтік басқару құрылымы




Компания корпоративтік басқару тиімділігін талаптарға жай сәйкестік ауқымынан әлдеқайда жоғары бағалайды.
Тиімді корпоративтік жүйе – Стратегияны сәтті іске асыру мақсатында тиімді басқару мен тұрақты дамудың маңызды факторы болып табылады (**https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholders-and-investors/annual-reports-on-the-results-of-the-company-s-activities).**

2019 жылы Директорлар кеңесі бекіткен 2019–2021 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарында көзделген іс-шараларға сәйкес ішкі корпоративтік рәсімдер мен тәжірибені жетілдіруге барынша назар аударылды.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер жаңа құрамда жасақталды, тұрақты даму саласында жаңа бастамалар әзірленіп, Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган қызметтерінің тиімділіктерін арттыруға ықпал ететін процестер енгізілді.

Басқару органдары, инвесторлар, акционерлер мен мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін жетілдіру мақсатында Омбудсмен туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Ақпараттық саясат, Мінез-құлық кодексі, Инвестициялық саясат пен Корпоративтік қақтығыс пен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты және өзге де ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралды.

2019 жылы Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары бойынша 131 шара жоспарланып, 125 іке асты, 3 – жартылай орындалды, 2 – орындалмады, 1 – орындалу барысында.

2019 жылдың қорытындысы бойынша жоспардың орындалуы 95,4% құрады.

# Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестік

Корпоративтік басқару жүйесінің қағидаттары Компанияда қолданылатын Корпоративтік басқару кодексінде реттелген: акционерлердің, инвесторлардың және басқа да мүдделі тараптардың құқықтарын қатаң сақтау; Компанияның органдары мен бөлімшелері арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің нақты бөлінуі; Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның комитеттерінің тиімділігін арттыру; корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болдырмау; басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіру; корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесін қолдануға ұмтылу; акционерлер мен басқа мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы қағидаттарын сақтау; тиімді жоспарлау, ішкі бақылау, комплаенс және ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және орнықты даму процестерінің болуын қамтамасыз ету; акционерлер мен басқа мүдделі тараптар үшін ақпараттың ашықтығы.
Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша Компания тұтастай алғанда Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Тек 4 тармаққа қатысты «Ішінара сәйкес келеді» мәртебесі белгіленді.

1. «Үкімет Қордың акционері ретінде» атты 1-тараудың 2-тармағы, тармаққа сәйкес Компаниялар өз активтерінің құрылымы мен олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша ықшамдауға талпынуы тиіс. Сөйтіп, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы еншілес ұйымдар кіреді: акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысын, сондай-ақ осыған байланысты Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия мен «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясын сату тәсілі мен стратегиясын бекіту, соның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ тобына енетін компаниялар периметрін анықтау мәселелерімен айналысатын «Самұрық-Қазына» АҚ уәкілетті органдарының қабылдаған шешімдерін орындау аясында Компанияны сату іс-шараларының жүзеге асырылуына орай, қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және бағынысты ұйымдары активтерінің құрылымы мен ұйымдық-құқықтық нысандарын өзгерту жұмыстары жүргізілуде деп шешілді жоқ. Активтерді сату жалпы алғанда «Самұрық-Энерго» АҚ-ны жекешелендіру аясында жүзеге асырылатын болады.

2. «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» атты 5-тараудың 5-тармағы, бұл тармаққа сәйкес Директорлар кеңесінің құрамындағы мүшелердің тәжірибесі, жеке қабілеттері мен гендерлік құрамы бойынша әралуандығын қамтамасыз ету қажет. Сонымен, Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы қажетті дағдылары, білім-біліктері және құзыреті жағынан әралуандылықты қамтамасыз етіп отыр, бірақ гендерлік құрамы жағынан бұл талап жүзеге асырылған жоқ.
Компания тарапынан Директорлар кеңесін қайта сайлау кезінде осы жайтты ескеру туралы шешім қабылданды.

3. «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» атты 5-тараудың 12-тармағы, бұл тармаққа сәйкес Директорлар кеңесінің өз қызметін орындау үшін толық, өзекті және уақытылы ақпаратқа қол жетімділігі болуы шарт. Оның үстіне, 2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің отырысы кезінде күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу жайттары орын алды, бұл жайт материалдарды ұсыну мерзімінің бұзылғандығын көрсетті, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері отырыстың қарауына ұсынылған материалдардың кей реттерде сапасыз дайындалғанын атап көрсетті.
Осыған орай отырыстардың қарауына ұсынылатын материалдарды дайындау туралы нұсқаулық қамтылған Директорлар кеңесі туралы ереже өзектендірілді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын материалдарды даярлау сапасын арттыру мақсатында Компания қызметкерлері үшін ішкі оқытуды жоспарлап отыр. Компанияда Еншілес және бағынысты ұйымдарды басқару регламенті өзектендірілді, оның ішінде материалдарды уақытылы және сапалы орындалуын қаматамасыз етуге баса назар аударылды.

4. «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» атты 5-тараудың 18-тармағы, осы тармаққа сәйкес Директорлар кеңесі атқарушы орган басшысы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын белгілейді, сондай-ақ атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің өкілеттігін тоқтатады. Компания Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтата алады).
Қоғам Басқармасының Төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған. Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, тиісінше, оны Жалғыз акционер реттеп отырады.
Компания қызметі өткен есептік кезеңмен салыстырғанда оң серпінге ие болды. 2018 жылы Компания алты тармақ бойынша ішінара сәйкестікті көрсеткен болатын. Олардың екеуі 2019 жылы іске асырылды. Бұлар Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға бейімдеу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын іске қосу болатын, сондай-ақ Омбудсмен туралы ережені Атқарылған жұмыс туралы есепті тоқсан сайын Директорлар кеңесінің мүшелері мен Аудит жөніндегі комитетке ұсынуға қатысты Кодекс талаптарына сәйкестендіру болып табылатын.
Компания алдағы уақытта да қызмет тиімділігін арттыру және өзінің бәсекелестік артықшылықтарын күшейту мақсатында корпоративтік басқаруды жетілдіру жұмыстарын одан әрі жалғастыра бермек. Бірінші кезекте жоғары талапқа ие және қолданылуы тұрғысынан озық тәжірибелерге негізделген рәсімдер мен тәжірибелерді енгізуге ден қоймақ.

*Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеппен сіз мына сілтеме бойынша таныса аласыз:* ***https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholders-and-investors/other-reporting#corporate-governance-code-report***

# «Самұрық-Энерго» АҚ ұйымдық құрылымы




2019 жылы келесідей өзгерістер орын алды:

- «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау» Департаменті Басқарма төрағасының тікелей құзырына енді;
- «Экономика және Қаржы Жөніндегі Тең Басқарушы Директор» лауазымы енді.




## Акционер

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ***(www.sk.kz)***.

Жалғыз акционер Компанияның ең жоғарғы басқару органы болып табылады.

Жалғыз акционер құқықтарының жүзеге асуы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, «Самұрық-Энерго» Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционердің құқықтары шешім қабылдауға жеткілікті мәліметті Қазақстан Республикасының ақпаратты жария етуге қатысты Заңнамасымен, Компания Жарғысымен және ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте алуды, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша дауыс беруді, Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеуді, оның мүшелерін сайлауды және олардың өкілеттігін тоқтатуды, сондай-ақ сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын айқындауды; ашық та айқын дивидендтік саясат негізінде дивидендтер алуды қамтиды, бірақ тек осылармен шектелмейді. Жалғыз акционер Компанияны басым міндеттер мен қызметтің стратегиялық бағыттарын айқындау арқылы басқарады.

Компания өз кезегінде Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуді қамтамасыз етуге тырысады.

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

2019 жылы Жалғыз акционер Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту және 2018 қаржылық жылдың нәтижелері бойынша таза табысты бөлу, Директорлар кеңесінің кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің төрағасы мен жаңа мүшелерін сайлау мәселелерін қарады.

Компания Жалғыз акционердің мүдделерін кәсіпорынның ұзақ мерзімді құнын өсіру және қызметтің орнықты дамуын қамтамасыз ету арқылы Жалғыз акционермен барынша ашық және тиімді диалог қалыптастыруға ұмтылады.

Компания уақытылы және жүйелі түрде Жалғыз акционерге өз қызметі туралы ақпаратты дұрыс, оңтайлы шешім қабылдауға қажетті мөлшерде кездесу өткізу, есептілікті ұсыну және қажетті ақпаратты Компанияның веб-сайтында, KASE және қаржылық есептілік депозитарийінде орналастыру арқылы ұсынады.

## Акционерлік капитал құрылымы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны бұрынғы деңгейде сақталып, 8 602 187 дананы құрады.

Орналастырылған бағалы қағаздар саны – 5 601 687 дана.

Бір жай акцияның баланстық құны 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 85 925 теңгені құрады.

Бір акцияның пайдасы 1220 теңгені құрады.

## Дивидендтік саясат

Қоғамда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 39/12 хаттама) еншілес ұйымдарға қатысты «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивидендтік саясаты жұмыс істейді.

Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;

2) Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыру;

3) Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) Компания қызметін қаржыландыруды, оның ішінде Компания есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) дивидендтер мөлшерін анықтау тетіктерінің ашықтығы;

6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (Компанияның дамуы) мүдделерінің теңгерімділігі.

**Төленген дивидендтер мөлшері**




Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудит жүргізілген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына сүйеніп есептеледі.

Жалғыз акционердің шешімі бойынша 2019 жылы 2018 жылдың соңындағы жай акциялар бойынша 2 041 000 000 теңге мөлшерінде дивиденд төленді.

## Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Компанияның Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін, Директорлар кеңесі туралы ережені, Жалғыз акционердің шешімдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалары мен Компанияның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Компанияның Директорлар кеңесі өз құзыретіне сәйкес Компанияның даму стратегиясын, оның ішінде корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, орнықты даму, ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру салаларындағы басым бағыттарды анықтап, Компанияның даму жоспарындағы негізгі қызмет көрсеткіштері мен өзге де стратегиялық жобалардың орындалуын өз құзыреті шегінде бақылап отырады.

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы теңгерімділікке және тәжірибесі мен жеке сипаттамалары тұрғысынан әр алуандылыққа ұмтылады. 2019 жылы

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 6 адамнан, оның ішінде 3 тәуелсіз директордан жасақталды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 31.12.2019 ж. жағдай бойынша құрамы:
ДК төрағасы – Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы
Басқарма төрағасы – Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы
Жалғыз акционердің өкілі – Жәмиев Алмат Күнжолұлы
Тәуелсіз директор – Лука Сутера
Тәуелсіз директор – Андреас Сторзел
Тәуелсіз директор – Хоакин Галиндо Велез

Директорлар кеңесі мүшелеріне қатысты негізгі деректер төменде келтірілді. Кеңестің әрбір мүшесінің толық түйіндемесімен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy.kz.***



## Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Акционер мүдделерін қорғаушы өкіл**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Туған жылы:** 31 қазан 1962 жыл
**Бірінші сайланған уақыты:** 28 қаңтар 2019 жыл

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.
**«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі**.

**Стратегиялық және корпоративтік басқару, экономика, қаржы, юриспруденция және аудит салалары бойынша сарапшы.**



## Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
**Туған жылы:** 23 желтоқсан 1966 жыл
**Бірінші сайланған уақыты:** 2018 жылғы 24 қыркүйек

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және юриспруденция салалары бойынша сарапшы.**



## Жәмиев Алмат Күнжолұлы

**Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционер мүдделерін қорғаушы өкіл**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Туған жылы:** 8 қараша 1979 жыл

**Бірінші сайланған уақыты:** 24 маусым 2019 жыл

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**«Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және әдіснама департаментінің директоры.**

**Құқық, бірігу және жұтылу, стратегия, корпоративтік басқару салалары бойынша сарапшы.**



## Лука Сутера

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аға тәуелсіз директоры**

**Азаматтығы:** Италия Республикасы
**Туған жылы:** 07 шілде 1971 ж.
**Бірінші сайланған уақыты:** 08 мамыр 2012 жыл
**Аға тәуелсіз директор болып сайланған уақыты:** 25 қазан 2019 ж. бастап.

Қайта сайланды: 24 маусым 2019 жыл
Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.
**Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.**

**Мына салалар бойынша сарапшы:**
- Бухгалтерлік есеп, қаржы, аудит, (CPA сертификаты бар)
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- Корпоративтік стратегия
- Бірігу және жұтылу
- Инвестициялық бағалау
- HR және ұйымдастыру
- Өнімділікті басқару
- Корпоративтік басқару (IoD UK дипломы бар директор)
- Компанияларды пайдалануға беру, біріктіру және олардың айналымы.
- Компанияның ірі ауқымды трансформациялау бағдарламалары.

**Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:**
- Nebras Power Қаржы тобының вице-президенті, Басқарма мүшесі. (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы).
- 2011 жылдың сәуірінен Ресей Тәуелсіз директорлары қауымдастығының мүшесі болып табылады.
- 2014 жылдың сәуірінен Британ Директорлар институтының (IoD) мүшесі.
- 2015 жылғы тамыздан Group Chief Financial Officer Nebras Power, Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясының мүшесі.



## Андреас Сторзел

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

**Азаматтығы:** Германия Федеративтік Республикасы

**Туған жылы:** 12 қазан 1963 жыл

**Бірінші сайланған уақыты:** 24 маусым 2019 жыл

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі; Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.**

**Корпоративтік басқару, стратегиялар, қаржы, инвестициялар, бірігу және жұтылу салалары бойынша сарапшы**

**Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:**
- 2020 жылдан бастап – Market Design, NEOM Атқарушы директоры, Сауд Арабиясы.
- 2019–2020 жылдан бастап – Grid & Infrastructure, innogy SE Бизнесті дамыту жөніндегі вице-президенті, Германия
- 2014–2018 жж. – innogy Middle East&North Africa бас директоры, Дубай, БАӘ.



### *Хоакин Галиндо Велез*

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

**Азаматтығы:** Испания Корольдігі

**Туған жылы:** 27 тамыз 1957 жыл

**Бірінші сайланған уақыты:** 24 маусым 2019 жыл

Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.**

**Мына салалар бойынша сарапшы:**
- Дәстүрлі және жаңартылған электр энергиясын өндіру
- O&M және Энергетикалық менеджмент
- Инжиниринг және құрылыс
- Стратегиялық даму
- Бизнесті дамыту
- Экологиялық сұрақтар
- Интеграция және трансформация бағдарламалары

**Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК мүшелігі:**
- Испания Директорлар Институтының мүшесі (ICA).
- Испания Энергетикалық Клубтың мүшесі

Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметінде төмендегідей қағидаттарды ұстанады:
1) өз құзыреттері шегінде іс-әрекет ету – Директорлар кеңесінің мүшелері Жарғымен бекітілген өкілеттіктері негізінде шешім қабылдайды және әрекет етеді;
2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға даярлық жасауға жеткілікті уақыт бөлу;
3) ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына ықпал ету;
4) іскери этиканың жоғарғы стандарттарын ұстану және Компания қызметкерлеріне үлгі болу;
5) мүдделер қақтығысын болдырмау;
6) тиісті ақыл-парасаттылықпен, біліктілікпен және байқампаздықпен жұмыс істеу.

Директор лауазымы терең практикалық білімді, тәжірибені және үнемі жетіліп отыруды талап етеді. Осы мақсаттарда «Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік басқару жүйесіндегі басты процестердің бірі ретінде Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау көзделген. 2019 жылы PWC тәуелсіз сарапшылары Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарларын әзірлеу кезінде ескерілді.

Директорлар кеңесі, оның комитеттері мүшелігіне үміткерлерді ұсыну және іріктеу тәртібі, сонымен қатар әр түрлі факторларды ескере отырып, ұсыну мен іріктеу кезінде қолданылатын өлшемдер, оның ішінде гендерлік әртүрлілікті, тәуелсіздікті, кәсіби біліктілік пен тәжірибені қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, олар Директорлар Кеңесі туралы ережеге, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжаттар Директорлар кеңесі мүдделер қақтығысының алдын алу және оларды басқару үшін қолданатын рәсімдерді реттейді.

Кеңестің қазіргі құрамында Тәуелсіз директорлардың болуы Компания мүддесіне сай келетін объективті шешімдердің қабылдануына кепіл болып табылады.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың басты шарты кәсіби шеберлік пен дербестікті жеткілікті дәрежеде игеру болып табылады, яғни қандай да болмасын тараптың ықпалынсыз шешімді дербес қабылдай білу дағдысы болуы шарт. Тәуелсіз директорлар Компанияда ең озық әлемдік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін өз білімдерімен және тәжірибелерімен бөліседі. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарады және халықаралық басқарутәжірибелерін енгізеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті даярлау, мүдделілік бар мәмілелердің жасалуы, атқарушы органның құрамына кандидаттарды ұсыну, атқарушы орган мүшелеріне сыйақы белгілеуді) талқылауға белсенді түрде қатысады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Тәуелсіз директорлары тәуелсіздік талаптарына толықтай сәйкес келді.



## Директорлар кеңесінің қызметі

| Директорлар кеңесі отырыстарының саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отырыстар саны | 11 | 14 | 13 |
| Тікелей нысанда | 9 | 11 | 9 |
| Сырттай нысанда | 3 | 3 | 4 |
| **Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы** | **2017** | **2018** | **2019** |
| Жалпы статистика | 100% | 95% | 100% |
| Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы | – | – | 100% |
| Лука Сутера | 100% | 100% | 100% |
| Андреас Сторзел | 100% | 100% | 100% |
| Хоакин Галиндо Велез | 100% | 100% | 100% |
| Жәмиев Алмат Құнжолұлы | – | – | 100% |
| Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы | – | 100% | 100% |

## Негізгі қаралған мәселелер

2019 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 199 мәселені қарады.

Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерді басқару; корпоративтік басқаруды жетілдіру; акционердің болжалы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; инвестициялық жобалар бойынша инвестицияны игеру; даму жоспарының орындалуы; Компанияны тәуекелділіктің жасыл аймағына шығару бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы; қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанушылық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарады.

Қоғамның жаңа редакциядағы Ақпараттық саясаты, Қоғамның маңыздылық матрицасы, Омбудсмен туралы ереженің жаңа редакциясы бекітіліп, Тұрақты даму салаcындағы бастамалар жоспарының 2018 жылғы орындалуы туралы есеп қаралды, Мінез-құлық кодексіне өзгерістер енгізілді, 2019–2020 жылдарға арналған Қоғамның қаржылық көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі түзетуші іс-шаралар жоспары бекітілді, Қоғам Басқармасы туралы ереженің жаңа редакциясы, Қоғамның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығының жаңа редакциясы және Қоғамның Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспары, Қоғамның Инвестициялық саясаты жаңа редакцияда бекітілді, Директорлар кеңесі жанындағы Комитетер жаңа құрамда жасақталды, Қоғамның Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Қоғамның Комплаенс тәуекелдерін басқару саясаты жаңа редакцияда бекітілді, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік қақтығыстар және мүдделер қақтығыстарын реттеу саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Директорлар кеңесін маңызды қаржылық және қаржылық емес мәселелер туралы хабардар ету рәсімі қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес реттеледі. 2019 жылдың қорытындысы бойынша аталған жағдайлар орын алған жоқ.

## Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма Төрағасы сыйақы алмайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін Тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы, сондай-ақ комитет мүшесі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға оның тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілген «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты (жол жүру, тұру, тәуліктік шығыстар) шығыстары өтеледі.

Барлық тәуелсіз директорларға 2019 жылы төленген сыйақы мөлшері 240 000 АҚШ долларын немесе 91 339 605 теңгені құрады.

Кеңес белгілі бір міндеттерді орындау үшін және келіп түскен мәселелер мен қабылданатын шешімдерге тиісті көңіл бөліп, оларды барынша тереңінен зерделеу және сапалы нәтижеге жету мақсатында өкілеттігін өз комитеттеріне береді.

Компанияның Директорлар кеңесінің жанында: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақы комитеті, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау комитеті жұмыс істейді.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс қорытындылары бойынша есеп

| Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Аудит комитеті | 48 | 81 | 59 |
| Тағайындаулар және сыйақы комитеті | 40 | 68 | 43 |
| Стратегиялық жоспарлау комитеті | 30 | 28 | 45 |
| Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті | – | 8 | 9 |

## Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

**Комитет құрамы:**

- Лука Сутера – Аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы
- Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

| Аудит комитеті отырыстарының саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отырыстар саны | 9 | 12 | 8 |
| Тікелей нысанда | 9 | 12 | 8 |
| Сырттай нысанда | 0 | 0 | 0 |
| Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы | 100 % | 100 % | 100 % |
| Қаралған мәселелер саны | 59 | | |

## Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» қызметі және «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаменті жұмыстарының мәселелері қаралды.

## Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

**Комитет құрамы:**

- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

| Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отырыстар саны | 9 | 12 | 8 |
| Тікелей нысанда | 9 | 12 | 8 |
| Сырттай нысанда | 0 | 0 | 0 |
| Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы | 100 % | 100 % | 100 % |
| 2019 ж. қаралған мәселелер саны | 43 | | |



## Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде Директорлар кеңесіне «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Байқаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді. Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директорын қызметке тағайындау туралы, Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директордың лауазымдық сипаттамасы мен оны бағалауды (Job description) бекіту туралы, Компанияның жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымын бекіту туралы ұсыныстар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәні, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Корпоративтік хатшысының мотивациялық НҚК-сі қаралды.

## Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның инвестициялық жобаларын, шеберлік жоспарларын және Компанияның ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды іске асыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару жүйесін ендіру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

**Комитет құрамы:**

- Андреас Сторзел– тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

| Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отырыстар саны | 7 | 10 | 8 |
| Тікелей нысанда | 7 | 10 | 8 |
| Сырттай нысанда | 0 | 0 | 0 |
| Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы | 100 % | 100 % | 100 % |
| 2019 ж. қаралған мәселелер саны | 45 | | |

## Негізгі қаралған мәселелер

**Тоқсан сайын мынадай:** «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру және Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы, Компанияның 2019–2023 жылдарға арналған акционердің болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның Даму жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың игерілуі туралы, Компанияның Трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды.

Жалғыз акционердің қарауына Компанияның Маңыздылық матрицасы мен Стейкхолдерлер картасын, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінің жаңа редакциясын бекіту туралы, Компанияның 2019–2023 жылдарға арналған Цифрландыру стратегиясын алдын-ала қарау туралы мәселені шығару.

## Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу, бағалау мен талдаулар жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

**Комитет құрамы:**

- Хоакин Галиндо– тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

| Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны | 2018 | 2019 |
|---|---|---|
| Отырыс саны | 4 | 4 |
| Тікелей нысанда | 4 | 4 |
| Сырттай нысанда | 0 | 0 |
| Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы | 100% | 100% |
| 2019 ж. қаралған мәселелер саны | 9 | |

## Негізгі қаралған мәселелер

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы есепті тоқсан сайын қарау. Компанияның Экологиялық саясатының жаңа редакциясы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқиғаларға жауапты тұлғаларды, кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тартуға арналған мораторийді 2022 жылға дейін ұзарту туралы, Оқиғалар мен бұзушылықтарды тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің тұжырымдамасы туралы мәселелер қаралды.

# Атқарушы орган

Компанияның күнделікті міндеттерін жедел және тиімді шешуді, сондай-ақ даму стратегиясы мен жоспарын іске асыруды қамтамасыз етудегі шешуші рөл Басқарма түріндегі алқалы атқарушы органға тиесілі.

Басқарма мыналарды:
1) өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асыруды;
2) тәуекелдерді дұрыс басқару және ішкі бақылауды;
3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау үшін ресурстар бөлуді;
4) Компания қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
5) Компания қызметкерлерінің мүддесі мен адалдығы ахуалын құруды, корпоративтік мәдениетті дамытуды қамтамасыз етеді.

31.12.2019 ж. жағдай бойынша Басқарма құрамы:
1. Б.Т.Жоламанов.
2. С.С. Түйтебаев.
3. М.А. Ұлданов.
4. М.Ә. Әмірханов.
5. А.Қ. Рысқұлов.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 02/20 хаттама) Басқарма мүшесі М.А. Әмірханов өз өкілеттігін тоқтатты.
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 наурыздағы шешімімен (№ 03/20 хаттама) Р.Қ. Қарағайшиев «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.





### *Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы*

**Басқарма Төрағасы**
1966 жылы 23 желтоқсанда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның атқарушы органына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy.kz***



### *Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы*

**Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.**
1958 жылы 27 мамырда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: компаниялар тобының өндірістік-техникалық қызметін үйлестіру және республикалық бюджет қаражатын компаниялар тобының жұмыс көлемінің уақытылы және сапалы орындалуына қатысты мақсатты игеруі бойынша жұмыстарды бақылау бойынша үйлестіреді және оған бақылау жасайды; қолданыстағы өндірісті және күрделі құрылысты Жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарайды; «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында тарифтік науқанның уақтылы жүргізілуін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы қызметті бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy***



### *Қарағайшиев Руслан Қазбекұлы*

**Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі**
1978 жылы 30 сәуірде туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Компанияның құқықтық мәселелерін, тәуекелдерді басқару жүйесін және ішкі бақылау жүйесін бақылауды және үйлестіруді, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын жасауды және іске асыруды, тұрақты дамуды басқаруды, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саясатын жүзеге асыруды, корпоративтік басқару жүйесін Қоғамда және Қоғамның еншілес ұйымдарында жетілдіруді жүзеге асырады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy.kz***





### *Ұлданов Марат Асқарұлы*

**Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі**
1980 жылы 29 желтоқсанда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Сату стратегиясын әзірлеу мен іске асыру, Қоғамда халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша жұмысты, Компанияның экспорттық әлеуетін жылжыту жөніндегі шараларды үйлестіреді; электр энергиясы мен көмірдің жаңа нарықтарын дамыту бойынша сауда операцияларын және Қоғамның инвестициялық жобаларын Мемлекеттік индустриялық-инновациялық дамудың бағдарламасына, республикалық және аймақтық индустрияландыру карталарына қосуды қамтамасыз етеді.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy.kz***

### *Рысқұлов Айдар Қайратұлы*

**Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі.**
1981 жылы 20 қыркүйекте туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Компанияның қаржылық-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржы тарту, бухгалтерлік есеп және есеп беру саласындағы қызметін үйлестіреді, Даму стратегиясының орындалуын бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: ***www.samruk-energy.kz***

## Басқарма қызметі

| «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма отырыстарының саны | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отырыс саны | 19 | 30 | 39 |
| Тікелей отырыстардың үлесі | 100 % | 100 % | 100 % |
| Қатысуы | 100 % | 84 % | 99,74 % |
| Қаралған мәселелер саны | 344 | 381 | 418 |

## Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: ЕТҰ ішкі нормативтік құжаттары, ЕТҰ қызметкерлерінің жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі, лауазымдық жалақыларының сызбалары, Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалақылары бекітіліп, ЕТҰ инвестициялық жобалары, ЕТҰ жарғылық капиталдары мөлшерлерінің өзгеруіне қатысты мәселелер, ЕТҰ жарғыларына өзгерістер енгізу, «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҰ органдарында дауыс беруіне қатысты ұстанымдарын анықтау және басқаларына қатысты мәселелер қаралды.

«Самұрық-Энерго» АҚ бойынша: «Самұрық-Энерго» АҚ ІНҚ, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның сыртқы әлеуметтік жобалардағы өзара іс-қимыл жасау регламенті, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Өзгерістерді басқару стандарты, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі бақылауды ұйымдастыру және өткізу қағидасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Жастар саясаты туралы ереже және т.б. бекітілді.

## Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін белгілеу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары» жұмыс істейді.

Қағида мынадай қағидаттарға сүйенеді:

1) сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;

2) сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;

3) сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНК-ге қол жеткізу болып табылады.

2019 жылы негізгі басқарушы персоналға берілген сыйақы мөлшері 139 906 тыс. теңгені құрады, соның ішіне атқарушы орган мүшелерінің негізгі жалақысы, жыл қорытындысы бойынша жыл сайынғы сыйақы және басқа да қысқамерзімді төлемдер енді.

## Басқарма комитеттері

Басқарма жанында сарапшыларға мейлінше күрделі мәселелерді шешуде көмек көрсету үшін құрылған консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет шегінде әрекет етеді.

## Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Басқармаға Компанияның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауына көмектеседі, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, ішкі бақылауды ұйымдастыру, жүргізу, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға және басқаруға арналған процестерді дамыту бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар дайындайды. Комитет сонымен бірге осы салалардағы жұмыстардың үйлестірілуін бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

**Комитет құрамы:**
**Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Қаржы контролері; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз).

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 4 |
| Қаралған мәселелер саны | 9 |
| Қатысуы, % | 84 |
| Негізгі мәселелер | Негізгі тәуекелдер туралы сипаттама мен талдауы берілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018 жылғы 4-тоқсандағы, 2019 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы тәуекелдерді азайту жоспарлары мен бағдарламалары бойынша мәліметтерді туралы ақпаратты алдын ала мақұлдау туралы;<br>«Самұрық-Энерго» АҚ Шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әр негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтайтын негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспортын алдын ала мақұлдау туралы;<br>«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылға арналған тәуекелге тәбетін алдын-ала мақұлдау туралы;<br>«Самұрық-Энерго» АҚ-да және еншілес ұйымдарда (периметр бойынша) 2020–2021 жылдарға арналған «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын іске асыру жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;<br>Департаменттің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы;<br>Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы;<br>Департаменттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы. |

## Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНК-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

**Комитет құрамы:**
**Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
**Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор;
**Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық Бақылау» департаментінің директоры; «Баға Мониторингі және Санаттарды Басқару» департаментінің басшысы; Ішкі Аудит Қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 27 |
| Қаралған мәселелер саны | 53 |
| Қатысуы, % | 100% |
| Негізгі мәселелер | «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы |
| | «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2020–2024 жылдарға арналған даму жоспарының жобасын қарау туралы |
| | «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Жылдық бюджетінің жобасын қарау туралы |
| | Бекітілген бюджетке түзетулерді келісу туралы |

## Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызмет, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыру, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

**Комитет құрамы:**
**Комитет төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
**Комитет төрағасының орынбасары** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
**Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Жобалау Офисінің Басшысы; «Комплаенс» қызметінің басшысы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде; «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі Аудит Қызметінің бас аудиторы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде;

**Тәуелсіз сарапшы** – «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҰАҚ өкілі.

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 10 |
| Қаралған мәселелер саны | 19 |
| Қатысуы, % | 90 |
| Негізгі мәселелер | «Қоршаған ортаға әсерді мейлінше азайта отырып, Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасының инвестиция алды кезеңін мақұлдау туралы |
| | «Алматы облысы бойынша сымдарды СИП-ке ауыстыра отырып, 10-6/0,4 кВ электр желілерін қайта құру» жобасын іске асыру барысы туралы. |

## Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері кредит (заемдар), қаржылық көмек және кепілдік бере отырып тарту арқылы «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару бойынша ұсынымдар әзірлеумен байланысты мәселелер бойынша уақытылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

**Комитет құрамы:**
**Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
**Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Жобалау Офисінің басшысы; Қаржы контролері.

**Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы.

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 10 |
| Қаралған мәселелер саны | 16 |
| Қатысуы, % | 89% |
| Негізгі мәселелер | «Шардара СЭС» АҚ, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі және «Самұрық-Энерго» АҚ арасында 2012 жылғы 24 тамызда жасалған кредиттік келісімге № 7 өзгертулер мен толықтырулар туралы енгізу туралы қосымша келісім жасау туралы |
| | «Мойнақ ГЭС» АҚ мен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ арасында жасалған Банктік қарыз шартына № 25 қосымша келісім жасасуды мақұлдау туралы |
| | «Ereymentau Wind Power» ЖШС мен Еуразия даму банкі арасында Кредиттік шарт жасауды мақұлдау туралы |

## Кадрлар және сыйақылар комитеті

Комитет 2018 жылы құрылды. Комитет қызметінің мақсаты адам ресурстарын бсқару мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, кадр саясатының Компанияның Стратегиясына сәйкестігін талдау, бағалау және мониторингілеу, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының басшы және басқарушы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін қарастыру, Басқарма жүзеге асыратын тағайындауларды тағайындау немесе келісу болып табылады.

**Комитет құрамы:**
**Комитет Төрағасы** – Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет Төрағасының орынбасары** – Басқарма Төрағасы Офисінің басшысы;

**Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қауіпсіздік бойынша); «Адам Ресурстарын Басқару» департаментінің директоры.

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 13 |
| Қаралған мәселелер саны | 44 |
| Қатысуы, % | 100% |
| Негізгі мәселелер | Адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу (штаттық кестені/лауазымдық жалақы сызбасын, кадр саясатын бекіту бойынша ұсыныстар беру) |
| | Басқарма жүзеге асыратын лауазымдарды тағайындау немесе келісу |

*«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№ 35 хаттама) Басқарма жанындағы Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің қызметін тоқтату туралы шешім қабылданды.*

## Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар беру арқылы Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысын қамтамасыз ету; өлімге әкеп соқтыратын барлық жазатайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және мұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде жасалатын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуелсіз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және іс-қимыл жоспарларына шолу және мүмкін болған жағдайда Директорлар кеңесіне аталған мәселелерге қатысты ұсыныстар беру болып табылады.

**Комитет құрамы:**
**Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы:

**Комитет Төрағасының орынбасары** – «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің директоры;

**Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және Тарату» департаментінің директоры; «Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры; «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің бас менеджері.

| 2019 жылғы есеп | |
|---|---|
| Отырыс саны | 4 |
| Қаралған мәселелер саны | 9 |
| Қатысуы, % | 95 |
| Негізгі мәселелер | «Самұрық – Энерго» АҚ компаниялар тобында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару бойынша 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарын қарау |
| | Кәсіпорынның «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің жеке жауапкершілік жүйесі» стандартын қарау |
| | Басшылар мен қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласында табыстарға қол жеткізуге көтермелеу, ынталандыру және мотивациялау мақсатында тиімді бағалау-мотивациялық жүйені әзірлеу, енгізу және тұрақты жетілдіру қажеттілігі туралы мәселелерді қарау. |



# Комплаенс

Жедел желі:
**Телефон:** 8 800 080 30 30
**Сайт:** nysana.cscc.kz
**e-mail:** nysana@cscc.kz

Компания бизнес этикасының жоғарғы стандарттарын, іскери дағдылар мен қандай да болмасын бір юрисдикцияда бизнес жүргізудің басқадай шарттарына тәуелсіз ашықтық пен заңдылықты ұстанады.

Комплаенс бағытының негізгі міндеті «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау, болдырмау және бақылау іс-шараларын жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру және комплаенс тәуекелдерінің алдын алу болып табылады.

Қызметтің жұмысы Компанияда халықаралық стандарттарға және осы саладағы үздік тәжірибеге сәйкес комплаенс-жүйені құруға бағытталған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына және комплаенс функциясы халықаралық зерттеулерінің талаптарын сақтауға ерекше назар аударылады. Комплаенс жүйесін дамыту аясында Компания өз жұмысының тиімділігін жоғары деңгейде ұстауға, Компанияның ауқымды стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, тәуекелдерді басқаруда бизнес-бағдарлы және белсенді болуға ұмтылады.

Негізгі нормативтік құжат – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды реттейтін құжаттар: Мінез-құлық кодексі, Сәйкестік тәуекелдерін басқару саясаты, Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын шешу саясаты, Бастамашыл ақпарат беру саясаты. Бұл құжаттарда Компания күнделікті өмірде де, стратегиялық жобаларды іске асыру кезінде де сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністерде қабылдамайтынын жария түрде мәлімдейді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету рәсімдері Компанияның бизнес процестер регламенттерінде бекітілген.

Реттеуші органдардың ұсыныстарын сақтай отырып және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс корпоративтік бағдарламаларын дамыту саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерін зерттей отырып, Компания мынадай қағидаттарға негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Комплаенс жүйесін дамытуға басшылық тарапынан белсенді қызығушылық таныту және қолдау көрсету. Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді кезеңдік негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және одан әрі өзектендіру бойынша іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді.
- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына жауап беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша рәсімдерді әзірлейді және енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарын оқыту бағдарламасын іске асырады және қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты да адалдықты (Due diligence) тексеру рәсімдері әзірленді.
- Компанияда бизнес-үдерістердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізіледі.
- Компанияда Деллойт тәуелсіз компаниясы қызмет көрсететін бірыңғай «жедел желі» жұмыс істейді.

2019 жылы Компания комплаенс бағдарламасын дамыту және комплаенс-мәдениетін нығайту шеңберінде төмендегідей жобалар мен бастамаларды іске асырды:

### Қоғам мен ЕТҰ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мейлінше ұшыраған мынадай процестер анықталды:




- Қоғамның комплаенс тәуекелдерін басқару саясатының талаптарына сәйкес, кез келген сыбайлас жемқорлық сызба үшін төзімділіктің нөлдік деңгейі белгіленген және әрбір жағдайда комплаенс тәуекелдің салдарлары мен пайда болу себептерін мейлінше азайту бойынша шаралар қабылдау қажет.
- Қоғам мен ЕТҰ-ның жауапты бөлімшелерінің Белгіленген, комплаенс тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуі.

- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша үдерістерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілді.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ негізгі еншілес және тәуелді ұйымдарында (қамту 76%) және 100% бөлімшелерінде тәуекелдерді бағалау жүргізілді.

- Компанияның Директорлар кеңесі жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті, оның орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі.
- «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласында оқыту іс-шаралары өткізілді. Атап айтқанда, жаңадан қабылданған қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тақырыбы бойынша бейімдеу тренингтерінен өтті, Корпоративтік орталық пен еншілес және тәуелді ұйымдар қызметкерлеріне күндізгі оқу (оқу жоспарына сәйкес) өткізілді.
- Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының PR қызметкерлері үшін «Компанияның және оның қызметкерлерінің тыныс-тіршілігіндегі Комплаенс идеология» тақырыбында оқыту жүргізілді
- Корпоративтік БАҚ-тарда комплаенс тақырыбы белсенді түрде насихатталды. Жыл бойы ішкі корпоративтік порталда жаңалықтар, мақалалар, іс-шаралар аңдатпалары жарияланды, ықтимал тәуекелдер мен сыбайлас жемқорлық дау-дамайлары (әлемдегі және елдегі) туралы, сондай-ақ заңнаманы және ІНҚ-ны бұзу фактілері туралы «жедел желіге» хабарлау қажеттілігі туралы танымдық бейнероликтер, ақпараттар орналастырылды.
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық компаниялар тобы бойынша үлгі шарттарға жеткізушілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, сондай-ақ Тапсырыс берушіге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және жедел желі арқылы сатып алу ережелерінің кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы хабардар ету міндеттемелерін көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер енгізілген.
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Бос орындарына конкурстық іріктеу ережесіне кандидаттарды «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестес болуға тексеру бөлігінде өзгерістер енгізілді.
- «Корпоративтік мәдениетті диагностикалау және дамыту» жобасын іске асыру мақсатында Компанияның корпоративтік құндылықтары әзірленді. Директорлар кеңесі Мінез-құлық кодексіне енгізілген өзгерістерді бекітті.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында Компанияның «Комплаенс» қызметі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп Корпоративтік орталық негізінде корпоративтік орталық және ЕТҰ қызметкерлері үшін «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы бойынша оқыту іс-шарасын ұйымдастырды.

## Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, әрі сақталуы Компанияда жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін талаптарды анықтау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2018 жылы Компанияның Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатын жаңа редакцияда бекітті. Басшы лауазымдағы қызметкерлер заңға мойынұсынушылығы және әдепті мінез-құлқы арқылы үлгі болуға және Саясаттың орындалуын белсенді қолдауға міндетті. Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер осы құжатпен танысып, Кадр сауалнамасын толтырып, оған қол қояды. 2019 жылы Директорлар кеңесі Саясатқа өзгерістер енгізді, құжат мүдделер қақтығысын декларациялау рәсімімен толықтырылды. Бөлім бастығы және одан жоғары тұрған қызметкерлер жыл сайын Мүдделер қақтығысы туралы сауалнаманы толтырады.

Алдын ала іріктеу процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қоғамдағы бос лауазымдарға және еншілес және тәуелді ұйымдардағы басшы лауазымдарға кандидаттар (лауазымдар тізбесіне сәйкес) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестестігіне орай тексеріледі.

«Комплаенс» қызметі мүдделер қақтығысының болуы жағдаятына қатысты тұрақты мониторинг жүргізеді, 2019 жылы 1 ықтимал мүдделер қақтығысы реттелді.



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері Адалдыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен 100% танысқан болатын. Саясат туралы білімді тестілеу нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің осы саладағы білімдері тексеру 100% қамтылды.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен әдістер туралы ақпарат алып, оқу курстарынан өткен қызметкерлердің аймақтар және қызметкерлер санаттары бойынша бөлгендегі саны

| Атауы | Оқыту нақты (адам) | | | Оқыту нақты (%) |
|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | Әкімшілік-басқару персоналы | Өндірістік персонал | |
| «Самұрық-Энерго» АҚ | 186 | 186 | 0 | 100% |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | 517 | 55 | 462 | 100% |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 125 | 23 | 102 | 100% |
| «Шардара СЭС» АҚ | 131 | 20 | 111 | 100% |
| «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ | 1 413 | 88 | 1 325 | 100% |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 3 819 | 150 | 3 669 | 100% |
| «АлЭС» АҚ | 3 085 | 197 | 2 888 | 100% |
| «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 1 370 | 126 | 1 244 | 100% |
| «Богатырь –Көмір» ЖШС | 6 412 | 445 | 5 967 | 100% |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 19 | 8 | 11 | 100% |
| «БЖЭС» ЖШС | 22 | 11 | 11 | 100% |
| «Энергия Семиречья» ЖШС | 17 | 17 | 0 | 100% |
| «Бұқтырма СЭС» АҚ | 10 | 10 | 0 | 100% |
| «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС | 22 | 13 | 9 | 100% |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС | 15 | 15 | 0 | 100% |
| «Казгидротехэнерго» ЖШС | 1 | 1 | 0 | 100% |
| «Energy Solutions Center» ЖШС | 30 | 17 | 13 | 100% |
| **БАРЛЫҒЫ** | **17 197** | **1 385** | **15 812** | **100%** |

Жыл сайын Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын білу бойынша тексерулер жүргізіледі.

2019 жылы Компанияның Комплаенс қызметі «жедел желіге» түскен өтініштер бойынша 6 қызметтік тергеу, 10 комплаенс тексеру жүргізіп, еншілес және тәуелді ұйымдарда ішкі нормативтік құжаттар мен заңнама талаптарының бұзылғанын анықтады. Еншілес және тәуелді ұйымдардағы тексерулер мен тергеулердің нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қабылданды, сондай-ақ басшылар мен жоғары лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2019 жылдың қорытындылары бойынша компаниялар тобында еншілес ұйым басшысының іс-әрекетінде орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша 1 іс тіркелді, қызметтік тергеу нәтижелері уәкілетті органға жіберілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, процестің ашықтығын және меритократия қағидаларын сақтауды болдырмау мақсатында Комплаенс қызметі Компания өткізетін конкурстық комиссияларға, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың басшы қызметкерлерін келісуге белсенді қатысады.

«Комплаенс» қызметі 2019 жылдың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерге уақтылы жауап қайтару және талаптарды сақтау мақсатында тұрақты түрде қадағалап отырды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қоғам «Самұрық-Энерго» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары енгізілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша барлық жоспарланған іс-шаралар уақытылы және толық көлемде орындалды.



## Омбудсмен

Пошталық мекенжайы: o.bekbas@samruk-energy.kz
Телефон: +7 (7172) 69-23-56

Омбудсмен тәуелсіз тарап ретінде әрекет ете отырып, Компанияда корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнықтыруға және дамытуға ықпал етеді.

Омбудсмен жұмысының негізгі принциптері тәуелсіздік, бейтараптық, туралық және құпиялылық болып табылады.

***Тәуелсіздік:***
1) Омбудсмен өз қызметі және өзінің көзқарастары тұрғысынан тәуелсіз;
2) Омбудсмен өзі қадағалайтын Компанияда өзінің тәуелсіздігі мен бейтараптығына нұқсан келетін басқа лауазымдарды атқара алмайды.

***Бейтараптық және туралық:***
1) Омбудсмен өтініштерді қараған кезде өзін бейтарап, әділ әрі тәуелсіз ұстайды;
2) Омбудсмен қақтығысушы (дауласушы) тараптардың ешқайсысына жақтаспайды;
3) Омбудсмен арыздарды қараған кезде жеке материалдық және (немесе) материалдық емес мүдделерді көздемеуі тиіс.

***Құпиялылық:***
1) Омбудсмен өтініш білдірген адамның рұқсатынсыз ақпаратты ашпайды, тіпті бұл жағдайда да түпкілікті шешімді өз қарауы бойынша қабылдайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген жағдайлар ғана айрықша жайттар болып табылады;
2) Омбудсмен саясатта бар және тәжірибеде қалыптасқан негізгі үрдістер, анықталған проблемалар туралы ұсынымдар қабылдаған кезде өзіне өтініш білдірген тұлғалардың аттарын атамайды.

***Омбудсменнің міндеттері:***
1) еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
2) қадағалайтын Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға, қақтығыстар мен даулардың алдын алуға, оларды реттеуге жәрдемдесу;
3) Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасында бейресми қарым-қатынасты қамтамасыз ету, осы негізде проблемалар мен жетілдіруге арналған бағыттарды, Компанияның саясаты мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстарды уақытылы анықтау;
4) Омбудсмен Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің, ал болған жағдайда Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестің жанындағы Аудит комитетінің қарауына өздері анықтаған жүйелі сипаттағы және тиісті (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстарды ұсынады.

Омбудсмен Директорлар кеңесі бекіткен Омбудсмен туралы ереже негізінде іс-әрекет етеді. 2019 жылы Ережеге «Самұрық-Энерго» АҚ Омбудсменінің еншілес және бағынысты ұйымдардың омбудсмендерімен өзара іс-қимылын реттейтін нормаларына қатысты жаңартулар енгізілді.

2019 жылдың нәтижесі бойынша Омбудсменге түрлі сипаттағы ауызша өтініштер, барлығы 20 өтініш келіп түсті. Барлық өтініш білдірушілер өз сауалдары бойынша толық та тиянақты жауап алды. Өтініштер мен оларға берілген жауаптар тұтастай алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына жағымсыз әсерін тигізбеді. Омбудсменге нәсілдік, діни ұстаным, ұлттық, жыныстық, жас ерекшелік, саяси және басқа да кемсітушілікке қатысты ешбір өтініш жасалған жоқ. Осыған орай жазбаша өтініштер де жасалмады.

## Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметінің миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға тәуекелдерді бағдарлау негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсыныстар әзірлеу және білім-тәжірибелермен алмасу арқылы олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуіне тиісінше ықпал ету болып табылады.

ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі бақылау мен корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған тәуелсіз, объективті аудиторлық кепілдіктер мен кеңестер беру болып табылады.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 44 жоспарлы және 6 жоспардан тыс. аудиторлық тапсырмалар орындалды, оның ішінде:
- энергия ресурстары мен энергия тиімділігін басқару процестерінің, өндірістік жабдықтарды қолдану және пайдалану процестерінің аудиті;
- Трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысын бағалау;
- өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау процестерінің аудиті;
- басшы қызметкерлердің НКҚ көрсеткіштерін орындау дәрежесін бағалау;
- АТ аудиті және адам ресурстарын басқару процестерін бағалау.

Жүргізілген аудиторлық тексерулердің қорытындысы бойынша 295 ұсыныс берілді, оның ішінде:
- А санатындағы 76 ұсыныс (шұғыл басымдыққа ие ұсынымдар);
- В санатындағы 102 ұсыныс (жедел басымдық);
- С санатындағы 117 ұсыныс (орташа басымдық).

Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес орындалды. Жүргізілген аудиторлық тексерулер нәтижесінде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдығы ең жоғары деген тәуекелдерді анықтау арқылы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жүргізуге қатысты сауалдарын талдау негізінде белгіленді.

Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру аясында 2019 жылы ІАҚ төмендегідей іс-шараларды орындау және өзектендіру жұмыстарын жалғастырды:
- ІАҚ стратегиялық жоспары;
- сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы;
- ішкі бақылауды тестілеуге негізделген аудиторлық тексерулерге көшудің үш жылдық жоспары.

Бұған қоса, ІАҚ тұрақты негізде сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторинг жүргізіп, ІАҚ ұсынымдарының орындалуы бойынша өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалайды.

Компанияның 2-ші қорғаныс желісімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және үйлестіру аясында ІАҚ тоқсан сайынғы негізде 2-қорғаныс желісіне енетін құрылымдық бөлімшелермен («Комплаенс» қызметі, «Тәуекел менеджменті және Ішкі бақылау», «Құқықтық қамтамасыз ету», «Қауіпсіздік» және «Қаржылық бақылау» департаменттері) кездесулер өткізді. Кездесулердің қорытындысы бойынша:
- 2-ші және 3-ші қорғаныс желілері тарапынан жүргізілетін тексерістер кезінде назар аударуды қажет ететін ақпараттармен алмасып оларды талқылау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді;
- ұдайы ақпарат алмасып, сол ақпаратты одан әрі сақтау мақсатында ішкі электронды поштаны іске қосу туралы шешім қабылданды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі тарапынан «ТИІМДІ» деп бағаланды.

## Сапа менеджменті жүйесінің аудиті

Компанияда ISO 9001: 2015 халықаралық стандартына сәйкес корпоративтік менеджмент жүйесі енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін ескере отырып, Компанияны тиімді және нәтижелі басқаруды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесінің ISO 9001: 2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растау үшін Қоғам жыл сайын сыртқы аудиттен өтеді. Бұл TÜV NORD CERT процедураларына сәйкес, активтерді басқару бойынша корпоративтік қызметтер тұрғысынан басқару жүйесінің көлемін растау арқылы жүзеге асырылады.

2019 жылдың қараша айында Компания 2-ші сыртқы бақылау аудитінен сәтті өтті. Өткізілген бақылау аудитінің қорытындысы бойынша корпоративтік менеджмент жүйесінің дамуы мен жұмысының жағымды жақтарын атап өтіліп, оны одан әрі жетілдіру бойынша ұсынысмдар берілді.

## Сыртқы аудит

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық – Қазына» АҚ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық – Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудиторы PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) әлемдік фирмалар желісі болып табылады.

PwC аудиторлық және кеңес беру қызметін ұсынуда жетекші орынға ие: аудит бойынша клиенттер қатарына FTSE 100 және Fortune 500 рейтингтеріне енген компаниялардың жартысына жуығы кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде отын-энергетикалық кешен кәсіпорындарына көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақсатында PwC фирмасы аясында Дүниежүзілік Энергетикалық Қызмет құрылды, онда 4,000-нан астам маман жұмыс істейді.

Неғұрлым толық ақпаратты ***www.pwc.kz*** сайтынан алуға болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілік арқалайтын серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2016–2017 жылдары аудит үшін Бауыржан Бұрханбеков негізгі жауапты серіктес болды. 2018 жылдан бастап негізгі серіктес – Дана Інкәрбекова.

Бұған қоса «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудиторы лауазымына тағайындалған (сайланған) күнінің алдындағы екі жылда аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

PwC Компанияның мына ЕТҰ-ларында аудит жүргізеді:

| Компания | Қызмет түрі | Кезең |
|---|---|---|
| «Самұрық-Энерго» АҚ | Холдингтік компания | 2008–2010, 2012 – қазірге дейін |
| «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | Павлодар облысында орналасқан электр станцияларында көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру | 2013 – қазірге дейін |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілердегі электр энергиясын техникалық тарату қызметі | 2010, 2012 – қазірге дейін |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру | 2010, 2012 – қазірге дейін |
| «АлматыЭнергосбыт» ЖШС | Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады | 2008–2010, 2012 – қазірге дейін |
| «Шардара СЭС» АҚ | Электр энергиясын өндіру | 2007 ж. |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | Шарын өзенінде су электр станциясын салу | 2008, 2012 – қазірге дейін |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | «Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру | 2005 – 2009 жж. |
| «Богатырь Көмір» ЖШС | «Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру | 2008–2010, 2012 – қазірге дейін |



Аудиторлық ұйымға 2019 жылы көрсетілген аудиторлық қызметі үшін төленген сыйлықақы

| Қызметтер | «Самрук-Энерго» АҚ | «Самұрық-Энерго»АҚ Компаниялар тобы |
|---|---|---|
| 2019 жылғы аудит үшін | 32 250 000 теңге | 134 353 400 теңге |

PWC 2019 жылы қаржылық есептілік аудитіне қатысты емес мынадай қызметтерді ұсынды:

| Қызметтер | «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы |
|---|---|
| «15 және 16 ХЕҚС стандарттарының салық есебіне ықпалы», «ХЕҚС жаңалықтары және ХЕҚС 16, 15 және 9 өзгерістерінің салық есебіне ықпалы», «АССА ДипИФР» семинарлары | 2 351 440 теңге |
| ХЕҚС 16 «Жалдау» стандартын қолдану бойынша консультациялық қызметтер | 2 500 000 теңге |

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімді жұмыс істейді және үнемі жетілдіріліп отырады.

Жыл сайын Директорлар кеңесі Компанияның тәуекелге тәбетін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды, тәуекел-тәбет негізгі қызмет түрлеріне қойылатын шектеулерді қамтиды және тоқсан сайын оның сақталуына бақылау жасалады.

Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, НТК (негізгі тәуекел көрсеткіштері) және Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, Компанияның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2019 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру бойынша жұмыс жүргізілген нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне тән 34 тәуекел анықталып, сәйкестендірілді, РКК-нің шекті мәні жаңартылды, тәуекел иелері тәуекел факторлары мен оларды азайту шараларын өзектендірді. 2018 жылы орын алған кейбір оқиғаларға байланысты (екінші деңгейлі банктердің рейтингтерінің төмендеуі, ұлттық валютаның әлсіреуі), Компания қызметіне әсер етуі мүмкін әлеуетті факторлар (электр энергиясын тұтынудың төмендеуі, энергия тасымалдаушылардың тозуының артуы), сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ ішкі аудит қызметінің тексеру нәтижелері бойынша есептерінің негізінде Тәуекелдер тізіліміндегі тәуекелдер қайта бағаланды. Осы қайта бағалау нәтижелері бойынша 2019 жылға арналған Тәуекелдер картасының негізгі аймағына 13 тәуекел кірді:



| № | Тәуекел коды | Тәуекелдің атауы |
|---|---|---|
| 1 | 10-С-СЭ | «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын/перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері |
| 2 | 8-С-СЭ | Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі |
| 3 | 18-Ф-СЭ | Кредиттік тәуекел |
| 4 | 56-С-СЭ | Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел |
| 5 | 57-Ф-СЭ | Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптардың бұзу тәуекелі |
| 6 | 3-С-СЭ | «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының адам ресурстары тәуекелі |
| 7 | 55-С-СЭ | Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі |
| 8 | 64-С-СЭ | Активтерді сатып алумен, қайта құрумен және іске асырумен байланысты тәуекелдер |
| 9 | 38-О-СЭ | Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі |
| 10 | 24-Ф-СЭ | Тарифті белгілеу тәуекелі |
| 11 | 16-Ф-СЭ | Валюталық тәуекел |
| 12 | 65-С-СЭ | Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын орындамау тәуекелі |
| 13 | 56-П-СЭ | Санкциялар тәуекелі |

Тоқсан сайын негізгі тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептер жасалады және оларды азайту жоспарлары Қоғамның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады (Компанияның Тәуекелдер комитеті және Директорлар кеңесінің Аудит комитетімен алдын ала келісілгеннен кейін). Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның қызметінің негізгі түрлері бойынша белгіленген шектеулерді сақтамауды және Компанияның Тәуекелдер картасындағы негізгі тәуекелдердің теріс өзгерістерін белсенді талқылайды.

## 2019 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдерді митигациялау)

**«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын/перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері (өзгеріссіз)**

- Инвестициялық жобалар бойынша игерілмеу жөніндегі негізгі ауытқу «РУСАЛ» БК («Богатырь Көмір» ЖШС-ның тең акционер (50%)) Ресей компаниясына қатысты АҚШ-тың санкциялары себебінен ЕАДБ-ның циклдық-ағындық технологияларға көшу жобасын іске асыру үшін заемдық қаржыландыруға рұқсатты уақытша тоқтату себебі бойынша «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша туындады
- Шаралар: жобаны іске асыру үшін баламалы заемдық қаржыландыруды іздеу жүргізіледі

**Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (өзгеріссіз)**

- 2019 жылдан бастап еңбек қызметіне байланысты 10 жазатайым оқиға, оның ішінде өлімге әкеп соққан 1 жағдай тіркелді
- Шаралар: «Еңбекті және Қоршаған Ортаны Қорғау» департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес

**Валюталық тәуекел (өзгеріссіз)**

- Валюталық міндеттемелерді төмендету
- Шаралар: валютаның құнын белгілеудің өзгерістерін мониторингілеу, ағымдағы заемды қайта қаржыландыру жөніндегі шаралар

**Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз)**

- екінші деңгейдегі банктердегі тұрақсыз жағдай
- Шаралар: банк-контрагенттер үшін шектеулердің сақталуын мониторингілеу, сондай-ақ ЕДБ тұрақтылығын тұрақты бағалау

**Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын орындамау/уақытылы өзектендірмеу тәуекелі (ықтималдылық бойынша төмендету)**

- Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын өзектендіру
- Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын өзектендіру
- Шаралар: Компанияның Даму стратегиясын және белгіленген НҚК-ларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингілеу

**Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптардың бұзу тәуекелі (ықпал ету бойынша төмендету)**

- Шаралар: ковенанттың, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің сақталуын мониторингілеу, қарыздық жүктеменің және пайыздық төлемдердің деңгейін төмендету жөніндегі шаралар

**Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі (өзгеріссіз)**

- Шаралар: электр энергиясын көтерме нарығына жеткізудің тәуліктік кестелерін қалыптастыруға күн сайын қатысу және орталықтандырылған сауда-саттықтарға қатысу, ҚР-ның көтерме нарығының тұтынушыларын тарту

**Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (ықтималдылық бойынша арттыру)**

- Бизнесті трансформациялау бағдарламасының Жол картасының мерзімдерінен кешігу
- Шаралар: Жол картасының орындалуын мониторингілеу

**Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі (өзгеріссіз)**

- Шаралар: күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, құралдардың техникалық жағдайын мерзімдік қуаландыру, кәсіпорындардың оперативтік персоналына нұсқаулықтар мен аварияға қарсы оқыту жүргізу

**Тарифті құру тәуекелі (ықтималдылық бойынша төмендету)**

- Еншілес ұйымдардың қуатқа жеке тарифтерді алуы
- Шаралар: «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тарифтік саясатын мониторингілеу, уәкілетті органдарда тарифтердің қажетті деңгейін мониторингілеу, заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарына қатысу

**Қоғам тобының адам ресурстары тәуекелі (ықтималдылық бойынша арттыру)**

- Шаралар: Кадрлық резервпен жұмыс істеу, электр энергетикалық және көмір салалары үшін басым мамандықтар бойынша мамандарды даярлау мәселелері бойынша білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, Компанияның қызметкерлері үшін оқыту семинарлары мен тренингтерді ұйымдастыру, меритократия қағидаттарын ендіру, мотивация жүйесін дамыту

**Санкциялар тәуекелі (ықтималдылық бойынша төмендету)**

- UC Rusal санкцияларын алып тастау

**Активтерді сату және қайта құру тәуекелі**

- Шаралар: 2019 жылы «АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ, «АЭС» ЖШС жалпы алғанда Компанияны жекешелендіру аясында Компанияның периметрінде аталған активтерді сақтай отырып, жекешелендіруге жататын активтер тізімінен алынып тасталды

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне тұрақты түрде бағалау жүргізіліп отырады – 2018 жылы тәуелсіз аудиторлық компаниясы корпоративтік басқаруға диагностика жүргізді, оның нәтижесінде Компания тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру шараларын қамтитын Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын әзірледі. Директорлар кеңесі тоқсан сайын осы жоспардың орындалуын бақылайды.

Әлемдік жоғары технологиялар мен жетілдірілген әлемдік тәжірибе кезеңінде көптеген кәсіпорындар бизнес туралы дәстүрлі түсініктерді бұзатын және жаңа шешімдерді қажет ететін өзгерістерге жиі ұшырайтын күрделі нарықтық ортаға тап болады.

Нәтижесінде, кәсіпорындар күнделікті процестерді басқаруда қиындықтарға тап болады, бұл ықтимал тәуекел аймағын тудырады және кәсіпорындардың икемділігін арттыру үшін жаңа немесе жетілдірілген жүйелер жасауды қажет етеді.

Компанияның стратегиясына сәйкес Компанияның корпоративтік басқаруды жетілдіру аясындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің басым бағыттарының бірі Трансформациялау бағдарламасы аясында «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын іске асыру болып табылады.

2019 жылдың ортасынан бастап «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы «Самұрық-Энерго» АҚ операциялық қызметіне берілді.

«Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы мынадай өзгерістерге сәйкес 3 біріктірілген кіші жүйеден тұрады:

- тәуекелдерді басқару жүйесі (жүйені жетілдіру);
- ішкі бақылау жүйесі (жүйені дизайнды бағалау және бақылау процедураларының жедел тиімділігі тұрғысынан тестілеу бөлігінде жүйені жетілдіру);
- қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (жүйені енгізу).

«Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын тиімді іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз диагностикалау аудитінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (BB рейтинг) тиімділік рейтингін көтеруге көмектеседі.

# ОРНЫҚТЫ ДАМУ



«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын біріктіре отырып, орнықты дамудың 17 мақсатына адалдығын мәлімдейді. Компания ОДМ-ның әрқайсысын көрсететін экологиялық және әлеуметтік мәселелердің өзектілігін және кез келген ұйымға әсер ететінін түсінеді.




Компанияның орнықты даму саласындағы саясаты — Компания жұмыс істейтін аймақтарда тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін өндіріс, экологиялық бастамалар, еңбек қауіпсіздігі салалары мен әлеуметтік саладағы озық тәжірибелерді енгізу арқылы мүдделі тараптар мен Қоғамның стратегиялық мүдделері арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтай отырып, орнықты даму аспектілерін кеңінен қолдану.

## Орнықты дамуды басқару

**ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ, БҰҰ ОДМ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ТАЛАПТАР, БАСТАМАЛАР**

| СТРАТЕГИЯ | МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР | МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ | БИЗНЕС-ПРОЦЕССТЕР | ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ |
|---|---|---|---|---|
| Үш құрамдас бөлік бойынша (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) ішкі және сыртқы жағдайды талдау, тұрақты даму саласындағы қауіптерді анықтау, миссия мен көзқарастардағы қағидаттарды іске асыру | Мүдделі тараптарды картасын салу және оларды тарту әдістері/арналары | Тұрақты даму жөніндегі нұсқаулық, тұрақты даму саласындағы тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру | Директорлар Кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарын ұстану. Шешімдер қабылдаудың негізгі және шешуші процестеріне тұрақты дамуды интеграциялау | Даму бойынша тұрақты бастамалар, саясат, жоспалар және мүдделі тараптардың қатысуымен жобалар |

Үнемі есеп беру, көрсеткіштердің орындалуын бақылау, мақсаттарға қол жеткізу және KPI бағалау, түзету шараларын қабылдау, мүдделі тараптар үшін тиімді кері байланыс. Үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу. Шенеуніктер мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы үздіксіз білімі.



Компания өз қызметінде тәуекелге негізделген тәсілді қолдана отырып, өз қызметіне және тәуекелдеріне орнықты дамудың үш аспектісі бойынша мерзімді түрде талдау жасайды, сонымен қатар оның нәтижелерінің мүдделі тараптарға жағымсыз әсерін болдырмауға немесе азайтуға тырысады.

Тұрақты негізде тәуекелдерді басқару құралдарын және орнықты дамуға жүйелік тәсілді қолдана отырып, тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізіледі:

1) орнықты дамудың жаһандық факторларының әрекетімен байланысты ағымдағы және келешек тәуекелдерді бағалау;
2) экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді болжау;
3) Компанияның өзі жұмыс істейтін өңіріне ағымдағы әсерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін талдау;
4) Компанияның өзі жұмыс істейтін өңіріне тигізетін әсерін басқару жөніндегі шараларды әзірлеу, тәуекелдерді азайту және мүмкіндіктерді іске асыру;
5) жалпы тәуекел мәдениетін арттыру, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне талдау жүргізу, ағымдағы және келешек тәуекелдермен байланысты мүмкіндіктерді анықтау.

*Қоғамның орнықты дамуы саласындағы негізгі трендтер мен тәуекелдермен мына сілтеме бойынша танысуға болады:* ***https://www.samruk-energy.kz/images/inter/1.pdf***

**Компанияның қызметін сыртқы, ішкі бағалауға, тәуекелдерге және Орнықты дамудың 17 мақсатына сүйене отырып, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді тиімді және сәтті басқару мақсатында Компания орнықты даму саласындағы бастамаларын мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:**

1) жоғары этикалық стандарттарды ендіру және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру;
2) орнықты даму қағидаттарын ендіру және барлық инвестициялық кезеңдерде жобалық басқару тәжірибесіне тәуекелге негізделген тәсілді қолдану: Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығына сәйкес, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға ықпал етуін бағалау және басқару (мәжбүрлі жер аудару, биоәртүрлілік, мәдени мұра және т.б.);
3) қаржылық тұрақтылықты арттыру;
4) адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және өзіне алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарында негізделген жауапты сатып алуларға жәрдемдесу, сондай-ақ өнім берушілердің Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығында бекітілген Компанияның өнім берушілері үшін этикалық нормаларды және Басқарушылық қағидаттарды сақтау жөніндегі талаптарды енгізу;
5) қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қатыстыру және халықаралық стандарттарды қолдана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тиімді бақылау жасауды көтеру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру;
6) әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану, адам капиталына инвестициялар салу;
7) экологиялық тұрақтылықты, оның ішінде экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең үздік технологияларды іздеуді мен енгізуді, өндіріс процестерін оңтайландыруды, жаңартылатын энергия көздері жобаларын іске асыруды, ықтимал төтенше жағдайларды анықтау мен алдын-алуды қамтамасыз ету.

*2019 жылғы орнықты даму саласында Бастамалар жоспарын орындау бойынша есеп Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған:* ***https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainable-development***

2011 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының белсенді қатысушысы болып табылады және өзінің стратегиясы мен күнделікті қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатын ұстанады.

**Компания мына қағидатарды ұстанады:**

1) адам құқықтарын сақтау саласында: халықаралық қауымдастық жариялаған адам құқықтарының сақталуын қолдау және құрметтеу;
өзінің адам құқықтарының бұзылуына қатыспауын қамтамасыз ету.
2) еңбек қатынастары саласында: қауымдастықтың еркіндігін және ұжымдық шарттар жасау құқығын іс жүзінде мойындауды; мәжбүрлі жұмыстың барлық түрлерін жоюды; балалар еңбегін толығымен жоюды; еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдайды.
3) қоршаған ортаны қорғау саласында: қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуға ықпал етеді; қоршаған ортаның жай-күйіне жауапкершілікті көтеру бойынша бастамалар қабылдауға; экологиялық таза технологиялардың дамуына және таралуына ықпал ету.
4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында: жемқорлықтың барлық түрлеріне, оның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұру.

БҰҰ Жаһандық шартына қосылу аясында Компания жыл сайын ***https://www.unglobalcompact.org/*** сайтында және Компании ***https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainable-development#tab13*** корпоративтік сайтында қол жеткізілген жетістіктер туралы хабарламаларды жариялайды.



Компанияның негізгі міндеті — дұрыс болжау және жоспарлау арқылы тәуекелі жоғары ортада өмір сүруді қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге тәуекелдерді мүмкіндіктерге айналдыру және болжанбаған болашаққа дайындалу.Вся информация о принципах, программах

Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, есептері, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы жаңа жобалары туралы барлық ақпарат ***https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainable-development*** корпоративтік сайтының «Орнықты даму» бөлімінде орналастырылады.

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы Компанияның клиенттері мен қызметкерлерінің, серіктестері мен өнім берушілерінің дамуына және болашағына инвестициялар салуға дайындығына, Қоғамның да, жергілікті қоғамдастықтың да орнықты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компанияның қатысу аумағы үшін маңызды аудандарға әлеуметтік инвестициялар салуға, сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерге барабар және икемді жауап беру үшін барлық адамдармен өзара іс-қимыл жасауды дамытуға негізделген.

Компания 2019 жылы өз қызметі процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын әлеуетті стейкхолдерлердің толық тізбесін анықтап, стейкхолдерлер үлесін, олардың мүдделерін сипаттай отырып, және қабылданған Митчел, Агла және Вуд моделіне сәйкес оларды бағалап, стейкхолдерлер картасын әзектендірді.



### «Самұрық-Энерго» АҚ стейкхолдерлер картасы




Шартты белгілер:

- Ішкі стейкхолдерлер – ұйым қабылдайтын шешімдерге тікелей немесе маңызды.
- Сыртқы стейкхолдерлер – ұйым қабылдайтын шешімдерге жанама әсері бар.

*Ескертпе: Шеңбердің көлемі ұйымның стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау дәрежесін көрсетеді. Шеңбердің ең кіші көлемі өзара іс-қимыл жасаудың шектеулі дәрежесін көрсетеді. Шеңбердің көлемі ұлғайғанда өзара іс-қимыл жасаудың дәрежесі ұлғаяды.*

**Коммуникациялық стратегия миссиясы** — Мақсатты аудиторияға толық, барынша ашық және қызмет нәтижелері туралы жедел ақпаратты ұсына отырып, Компанияның жағымды имиджін қамтамасыз ету.

**Коммуникациялық стратегия пайымы** — Компанияны қоғамдық пікірдегі көшбасшылар санатына шығара алатын және Қазақстанның энергетикалық секторының даму мәселелеріне әсер ете алатын тиімді құрылған коммуникациялық арналар.

Сонымен қатар, Компания ақпаратты ашу қағидаттарын, тәртібін, мерзімдерін, тізбесі мен тәсілдерін, ақпарат түрлерін, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды, ақпаратты қорғау шараларын, ашылатын ақпараттың сапасына мониторинг жүргізу мен бақылауды анықтау арқылы Ақпараттық саясатты әзектендірді.

*«Менің өмірдегі басты жетістігім – мамандықты дұрыс таңдауым деп ойлаймын. Және де еңбек жолымның маңыздылығы мен құндылығы қаламыздың дамуына, сондай-ақ тұтастай еліміздің көркеюіне өлшеусіз үлес қосып жатқандығымда...»*



**САХИЕВА ЗӘУРЕ БОЛАТҚЫЗЫ**
*«АЖК» АҚ Жедел-диспетчерлік басқармасы Режим қызметінің бастығы*

## «Самұрық-Энерго»АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәжірибесі

| «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫ | ҚҰНДЫЛЫҚ | МҮДДЕЛЕР САЛАЛАРЫ | ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ПЛАТФОРМАСЫ |
|---|---|---|---|
| **АКЦИОНЕРЛЕР** | ■ Акционерлік капитал<br>■ Стратегиялық бағыт пен бағдар<br>■ Ақпаратты ашудың ашықтығын, стандарттары мен тәжірибесін арттыру | ■ Өнімділігі<br>■ Даму стратегиясын ендіру<br>■ Дивидендтер<br>■ Ақпаратты ашу ашықтығы | ■ Жалғыз акционердің болжамдары бойынша есеп және өзге басқарушылық ақпарат<br>■ Кездесулер және келіссөздер<br>■ Жылдық есеп<br>■ Веб-сайт<br>■ Хат алмасу және сұраулар<br>■ Көрмелер, форумдар және таныстырылымдар |
| **ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР** | ■ Стратегиялық ресурстар және мүмкіндіктер<br>■ Болашақ даму үшін мүмкіндіктер | ■ Озық әдістер мен стандарттарды енгізу<br>■ Даму бағыттары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету | ■ Кездесулер, отырыстар<br>■ Форумдар, дөңгелек үстелдер және жоғары деңгейдегі кездесулер<br>■ Веб-сайт<br>■ Жұмыс топтары<br>■ Мәдени корпоративтік шараларды қалыптастыру |
| **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР** | ■ Адам капиталын дамыту<br>■ Ынтымақтастыққа негізделген еңбек қатынастары<br>■ Компанияға адалдық | ■ Еңбекақы<br>■ Әлеуметтік топтама<br>■ Жұмыстың қауіпсіз шарттары<br>■ Кәсіби өсу | ■ Ішкі кездесулер<br>■ Веб-сайт<br>■ Тренингтер мен семинарлар<br>■ Корпоративтік шаралар<br>■ Корпоративтік БАҚ<br>■ Сұраулар және сауалнамалар<br>■ Басқарма және Директорлар кеңесінің отырыстары |
| **МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР, ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ** | ■ Макроэкономикалық және әлеуметтік саясат<br>■ Лоббилендіру мүмкіндігі | ■ Салық және әлеуметтік аударымдар<br>■ Жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуы<br>■ Халыққа әсерін тигізетін жобаларға инвестициялар<br>■ Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі | ■ Үкіметтік жұмыс органдарының қызметіне қатысу<br>■ Хат-хабарлар және сұраулар<br>■ Есептілік<br>■ Заңнамалық және нормативтік реттеуге қатысты мемлекеттік органдармен үнқатысу |
| **ХАЛЫҚ, ТҰТЫНУШЫЛАР** | ■ Жұмыс күшінің тұрақтылығы және қақтығыстарды шешу<br>■ Өзара қолдау және бейімделу | ■ Қоғамдастықтың мақұлдауы<br>■ Бедел және адалдық<br>■ Өңірлерді дамыту<br>■ Жылу мен энергиямен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету<br>■ Қызметтерді сапалы ұсыну | ■ Жылдық есеп<br>■ БАҚ-тардағы жарияланымдар<br>■ Жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен кездесулер<br>■ Қоғамдық тыңдау<br>■ Веб-сайт<br>■ БАҚ-тардағы жарияланымдар<br>■ Әлеуметтік жобаларды дамыту<br>■ Мүдделі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау жоспары |
| **СЕРІКТЕСТЕР, ӨНІМ БЕРУШІЛЕР** | ■ Жеткізілімдердің тиімді тізбегі және құнды жасау тізбегі<br>■ Проблемаларды бірлесіп пысықтау, дамыту және шешу<br>■ Стандарттарды өз еркімен қолдану | ■ Сатып алудың ашықтығы<br>■ Бизнес жүргізудің этикалық нормалары | ■ Веб-сайт<br>■ Жылдық есеп<br>■ Конференциялар, кездесулер және келіссөздер<br>■ Өтінім берушінің талап-арыздарын қарастыру<br>■ Серіктестік туралы келісімдерге қол қою |
| **БАҚ** | ■ Ақпараттың айқындығы және ашықтығы<br>■ Конструктивтік ынтымақтастық | ■ Ақпараттың айқындығы және ашықтығы<br>■ Беделдің рейтингі | ■ Баспасөз хабарламалары, Баспасөз конференциялары, брифингтер, дөңгелек үстелдер<br>■ Жылдық есеп<br>■ Веб-сайт |
| **КӘСІПОДАҚТАР** | ■ Ішкі стейкхолдерлермен тиімді байланыс<br>■ Әлеуметтік кепілдіктер | ■ Ынтымақтастыққа негізделген еңбек қатынастары<br>■ Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі | ■ Ұжымдық шарт<br>■ Жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер беру |

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында Компания жыл сайын өзара іс-қимыл жоспарын әзірлейді. Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жоспары және жақсарту жөніндегі ұсыныстары бар мүдделі тараптармен кері байланыс механизмдерінің жұмысы бойынша есеп жыл сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

2019 жылдың нәтижелері бойынша Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары бойынша іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Компания өз қызметі аясында мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға/ұйымдарға мүше болып табылады:

***ТМД Электр энергетикалық кеңесі*** (бұдан әрі — ТМД ЭЭК). Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру процесіне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің параллель жұмыс істеуін қамтамасыз етуге; ортақ электр энергетикасы нарығын құруға, энергетика саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, техникалық ережелерді біріздендіру мен үйлестіруге және т.б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді.

***Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы*** (бұдан әрі — ҚЭҚ). 2011 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ конференцияларға, семинарлар мен өзге де шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

***«KAZENERGY» қауымдастығы.*** 2009 жылдан бастап Қауымдастықтың мүшесі болып табылады. KAZENERGY қауымдастығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді.

***Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы*** (бұдан әрі — ҚР ҰКП). 2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ның мүшесі болып табылады. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикасы бизнесін дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында дамытуға ықпал етеді.

***БҰҰ Жаһандық шарты.*** 2011 жылдан бастап мүшелік етеді. БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылу аясында Компания өз стратегиясында және күнделікті қызметінде Жаһандық шарттың он қағидатын ұстанатыны туралы хабарлайды.

## Стейкхолдерлермен Кері байланыс механизмі

Компания үшін сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің барлығының тыңдалуы өте маңызды. Компания өзінің беделін бағалайды және өз қызметкерлері мен стейкхолдерлерінен ең жоғары этика және адалдық стандарттарын және барлық заңнамалар нормаларын сақтауын талап етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да, шынайы хабарлама қалдырған кез-келген адамды қудалаудан және жауапқа тартудан қорғайтын стейкхолддерлер үшін мынадай кері байланыс құралдары жұмыс істейді:

1. Жедел желі 24/7

Барлық стейкхолдерлерге арналған. Желіге жасырындығы мен құпиялылығын сақтауға кепілдік бере отырып, сыртқы тәуелсіз оператор қызмет көрсетеді.

- sk.hotline@deloitte.kz электрондық поштасы арқылы;
- 8 800 080 19 94 телефон нөмірі арқылы.

2. «Кері байланыс» нысаны ***https://www.samruk-energy.kz/ru/feedback-all*** корпоративтік сайтында орналастырылған.

3. Жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің қызметкерлері не жобаға қатысы бар тұлғалар ***https://www.samruk-energy.kz/ru/obrat*** сайтында өз пікірін білдіре алатын, енгізілетін инвестициялық жобаларға байланысты тұлғалар санаты үшін «Кері байланыс» нысаны.

4. Акционерлер мен инвесторлар үшін Кері байланыс. Инвесторлардың сауалнамасы: ***https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/ independent-registrar***.

5. Деректерді көрсете отырып, туындайтын мәселелер бойынша өтініштер мына сайтта ***https://www.samruk-energy.kz/ru/company/contact***

6. Омбудсмен
- Электрондық поштасы арқылы: ***o.bekbas@samruk-energy.kz***
- Телефон нөмірі арқылы: 8/7172/69–23–56

Кері байланыстың механизмдері:
- қақтығыс жағдайларға уақытылы әрекет етуге және шешуге;
- сыртқы мүдделі тараптардың, қоғамдастықтардың және жеке азаматтардың алаңдаушылықтарға қатысты алдын алу шараларын талдауға және қабылдауға;
- Компанияның беделін нығайтуға және әлеуметтік кәсіпорын ретінде оған деген сенімін сақтауға мүмкіндік береді.

Компания 2018 жылы кері байланыстың барлық қолжетімді арналары бойынша келіп түсетін өтініштерді зерттеу тәжірибесін енгізді. Өтініштерді талдау және мониторингілеу Компанияға барлық мүдделі тараптардың алаңдаушылығын зерттеуге, жүйелі проблемалық мәселелерді анықтауға, кейіннен әрекет ету үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бойынша қолданыстағы механизмдердің тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

### Өтініштердің статистикасы*

| № р/с | Дереккөз | Саны 2018 | Саны 2019 |
|---|---|---|---|
| 1 | Жедел желі | 33 | 29 |
| 2 | Кеңсе,<br>оның ішінде:<br>мемлекеттік органдардан<br>Акционерден<br>Өтініштер мен шағымдар | 9 773<br>456<br>537<br>45 | 1 0297<br>445<br>617<br>38 |
| 3 | Тікелей Қауіпсіздік қызметіне | 6 | 6 |
| 4 | Сайттағы «Кері байланыс» нысаны | 1 | 4 |
| 5 | Омбудсмендер | 39 | 28 |
| 6 | Кәсіподақтар | 26 | 28 |
| 7 | Соттар мен қадағалаушы органдар | 25 | 10 |
| 8 | Басшыға келіп түскен жазбаша өтініштер | – | 5 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | **175** | **148** |

*«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ағымдағы қызметіне жатпайтын өтініштер шоғырландырылды

Көрсетілген өтініштер қозғайтын аспектілер, ең көп өтініш берілген өңірлерді анықтау, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына жүгінген тұлғалар санаты, өтініштердің мәні бойынша статистика және шағымдарды талдау бойынша талданды. Әрбір шағымға белгілі бір санат берілді.

### Шағымдардың саны

| Негізделген шағым | Ішінара негізделген | Негізделмеген шағым | Өтініш беруші қайтарған |
|---|---|---|---|
| 3 | 8 | 38 | 3 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **52** | | |

Өткен жылмен салыстырғанда шағымдардың жалпы саны 15,5%-ға өсті. Өтініштер мен шағымдардың көбеюі, ең алдымен, мына есептерді ұсынумен кері байланыс құралдарының кеңінен таралуына байланысты: «Комплаенс» қызметінің есептері, Жылдық есепті жариялау кезіндегі шағымдар туралы есеп беру, ішкі семинарлар мен кездесулер аясында кері байланыс құралдарын еске түсірудің өсуі және т.б.

Талдау нәтижесінде Компанияға келіп түскен барлық өтініштерге жауаптар уақтылы берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне уақтылы жауап бермегені үшін айыппұл салу туралы ақпарат түскен жоқ. Жауаптар мүдделі тараптар үшін қолайлы тәсілдермен берілді. Өтініштердің құпиялылығы мен жасырындығы сақталды. Қудалау фактілері тіркелмеген.

Мүдделі тараптардың өтініштері бойынша қорытындылар Компанияның Директорлар кеңесіне жіберілді, онда ұсыныстар жасалып, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау сапасын жақсарту бойынша шаралар әзірленді.

# «ЭКОНОМИКАЛЫҚ» САНАТ

## «Құрылған және үлестірілген экономикалық құн» аспектісі

Құрылған Экономикалық құн Компанияның табысын қалыптастырудың негізгі көздерін көрсетеді, атап айтқанда өнімді сатудан түскен табыс, қаржыландырудан түскен табыс және өзге де кірістер/шығыстар.

Құрылған құн өнім берушілер мен мердігерлер, Компанияның қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар арасында бөлінеді.

| Үлестірілген экономикалық құн | |
|---|---|
| Өнім берушілер мен мердігерлерге төлемдер | Операциялық шығындар — материалдар, өнім компоненттері, жабдықтар мен қызметтер үшін төлемдер және жалдау төлемдері және т.б. бойынша контрагенттерге төленетін ақша. |
| Қызметкерлерге төленетін төлемдер | Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары. |
| Капитал өнім беушілеріне төленетін төлемдер | Барлық санаттағы акционерлерге төленетін дивидендтер мен кредиторларға төленетін пайыздар |
| Мемлекетке төленетін төлемдер | Салық аударымдары |
| Жергілікті қауымдастыққа инвестициялар | Қайырымдылық пен мемлекеттік емес ұйымдарға және зерттеу мекемелеріне қайырымдылық, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға жұмсалған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын тікелей қаржыландыру |

2019 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құны 338 млрд теңгені құрады және үлестірілген экономикалық құны 276 млрд теңгені құрады, нәтижесінде үлестірілмеген экономикалық құны 62 млрд теңгені құрады. 2020–2024 жылдарға арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2020 және 2021 жылдары құрылған және үлестірілген экономикалық құнды ұлғайту жоспарланады.

*млн теңге*

| Көрсеткіш | 2018 | 2019 Факт | 2020 (Болжал) | 2021 (Болжал) |
|---|---|---|---|---|
| **Құрылған экономикалық құн** | **352 681** | **337 794** | **395 654** | **452 798** |
| Сатудан түскен түсім | 351 100 | 336 233 | 395 134 | 448 589 |
| Алынған сыйақылар (пайыздар) | 1 581 | 1 561 | 520 | 4 209 |
| Үлестірілген экономикалық құн | 272 860 | 275 649 | 317 586 | 347 329 |
| Операциялық шығындар | 161 571 | 161 556 | 195 970 | 216 554 |
| Еңбекақы және әлеуметтік аударымдар | 37 210 | 39 589 | 42 477 | 45 021 |
| Капитал өнім беушілеріне төленетін төлемдер | 34 047 | 32 369 | 34 916 | 32 060 |
| Мемлекетке төленетін төлемдер | 39 617 | 41 882 | 44 022 | 53 551 |
| **Үлестірілмеген экономикалық құн** | **79 822** | **62 145** | **78 068** | **105 469** |

## «Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту» аспектісі

**Инновациялық даму**

Соңғы он жылдық ішінде әлем жаңа түрпатты экономикаға қарыштап қадам басып келеді, оның негізгі құралы инновациялық технологияны ендіру болып табылады. Қазіргі кезде инновациялық даму мен цифрлық трансформация барлық экономикалық және өндірістік процестерді қайта құруға, өнімділікті түбегейлі арттыруға, сапаны арттыруға және өзіндік құнды азайтуға әкеле отырып, жекелеген кәсіпорындар деңгейінде де, сондай-ақ мемлекеттер деңгейінде де технологиялық өзгерістердің негізгі факторлары және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің шарты болып отыр.



Компанияның даму стратегиясы көмір өндіру көздерінің тиімділігі мен экологиялық тазалығын арттыратын инновациялық технологияларды ендіру есебінен қатысу нарығында энергия ресурстарының сенімді, бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз етуді көздейді.

«Назарбаев Университет» АҚ-мен бірлесіп «Екібастұз кен орнының № 3 қабатының күлі көп және құнарынан айырылған көмірін/байытудан алынған қалдықтарды жағу үшін қазандық агрегаты құрылғыларының технологиясын әзірлеу» ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде. Жұмыстың орындалу кезеңі — 2018–2020 жылдар.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ аумағында «Таза көмір технологиялары» бірлескен ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды.

Күтілетін нәтижелер:

- күлі көп көмір мен оны байытудан алынған құнарсызданған көмір қалдықтарын жағу үшін қайнау қабаты және айналмалы қайнау қабаты технологиясын қолданудың келешегіне талдау жасау және технологияны ойлап табу;
- көмірді дәстүрлі жағумен салыстырғанда отын шығынын және атмосфераға шығарылатын шығарындыларды азайту;
- отынды толық жағу үшін жану процесінің жалынын қайнау қабатының үстіндегі газ кеңістігіне шығармай және еріксіз қыздырылған түтінді газдармен бірге жылудың едәуір бөлігін алып кетуге жол бермеу.

2019 жылы мынадай жұмыстар атқарылды:

- ҚҚ мен АҚҚ-ны атмосфералық қысым кезінде Екібастұздың 3-қабатының қатардағы көмірін жаққан кездегі күл мен әктастың белсенді сіңіргіштерін пайдалану деңгейін, азот пен күкірт тотықтарының эмиссиясын, жалпы өндіру кешенді қондырғыда қайнау қабаты мен айналмалы қайнау қабатын (ҚҚ-ҚҚ-АҚҚ), процестің тиімділігіне режимдік факторлардың әсерін зерттеу;
- Екібастұз көмірін АҚҚ-да жағу және оны газдандырудың газ-динамикалық моделін әзірлеу;
- ішінара ауада газдандыру режимінде атмосфералық қысым кезінде Екібастұздың 3-қабатының қатардағы көмірін газдандыруға режимдік факторлардың әсерін АҚҚ-ны газдандыру қондырғысында (ГҚ-АҚҚ) зерттеу;
- ҚҚ-ҚҚ-АҚҚ-да режимдік факторлардың процестің тиімділігіне, азот пен күкірт тотығының эмиссиясына әсерін, ҚҚ және АҚҚ-да атмосфералық қысым кезінде күлділігі 60-тан 80 % болатын Екібастұз көмірін көмірмен байытудан қалған қалдықтарды жаққан кезде күлдің жарамды сіңіргіштері мен әктастарын пайдалану деңгейін зерттеу;
- циклоны және U-тәрізді пневмобекітпесі бар оттық контуры бойынша қатты фазаның сыртқы айналымын АҚҚ (ИҚ-АҚҚ) изотермиялық қондырғысында зерттеудің бірінші бөлігі;
- ауада газдандыру режимінде атмосфералық қысым кезінде күлділігі 80 %-ға дейін жететін Екібастұз көмірін көмірмен байытудан қалған қалдықтар мен күлі көп көмірді газдандыру және алдын ала жағу- шамадан тыс. диабаттық жағу (АЖШДЖ) қондырғысында зерттеудің бірінші бөлігі.

Компанияның жылу электр станцияларында күлі көп көмірді жаққан кезде техникалық-экономикалық көрсеткіштерді көтеру мақсатында қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі (плазмалық-отын жүйесі) технологиясын ендіру мүмкіндігі мәселесі зерттеледі.

Жобаны іске асыру мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- қазандық агрегаттарының жүктемелері төменшан көмірден шыққан жалынның жануын тұрақтандыру;
- күлі көп көмір жалындап жанған кезде мазут шығынын болдырмау;
- қазандық агрегаттарының үнемділігі мен дұрыс жұмыс істеуінің төмендеуіне алып келетін бір жағу көлемінде көмір мен мазутты бірге жағудың жағымсыз салдарларын жою.

Бұл технология Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т.б. 200-ден 1 000 МВт энергия блоктарында ойдағыдай қолданылады.

Екібастұз ГРЭС-1де қазандық агрегаттарын плазматрондарды орнату арқылы жағу жүйесін жаңғырту мүмкіндігін анықтау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ мен «CITIC Construction» (ҚХР) компаниясы арасында Ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес, өткен жылы мынадай іс-шаралар атқарылды:

- Екібастұз көміріне Қытайда тиісті зертханалық сынақтар өткізілді, олар плазматронды жағу мүмкіндігін растады;
- Қытай мамандарының ЕГРЭС-1 энергия блогының инфрақұрылымымен және біздің мамандарымыздың ҚХР-дың жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы плазматрондарының жұмысымен танысу мақсатында тараптардың өзара сапарлары;
- плазматрондарды орнату үшін ЕГРЭС-1 энергия блогының қазандық агрегатын жағу жүйесін жаңғырту бойынша алдын ала техникалық шешімдер әзірленіп, қаралды.

Қытай тарапы жобалау нәтижелерін ұсынғаннан кейін жобаны іске асыруды мақұлдау бойынша корпоративтік рәсімдер өткізуді жоспарлап отыр.

## Цифрландыру

Цифрлық технологиялардың әлеуетін пайдалану Компанияның өнімділігін, өндіріс қауіпсіздігін арттыруға және өнім өндіру мен қызмет көрсетудің өзіндік құнын азайтуға мүмкіндік береді, бұл «Қызмет тиімділігін арттыру» стратегиялық бастамасын іске асыруға ықпал етеді.

Компания цифрлық қағидаттарды корпоративтік стратегияға, бизнес-модельге, қызмет пен мәдениетке ендіру арқылы цифрландыруды қамтамасыз етуге ниетті:

**1. Бизнеске бағдар ұстау**
Цифрландыру бойынша бастамалар Компанияның қаржылық жағдайын жақсартуға, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына, қоршаған ортаға тасталатын шығарындыларды азайтуға және т.б. бағытталуы тиіс.

**2. Бизнеспен әріптестік қарым-қатынас**
Компания ішінде және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында өзара іс-қимыл мен қызметті үйлестіруді жүзеге асыру.

**3. Үздік тәжірибелерді іздеу**
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инновациялық идеялар мен жобаларды іздеу, іріктеу, оларға бастама жасау, цифрландыру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың орындалуын үйлестіру.

**4. Жобаларды мерзімінде және бюджетпен келісіп іске асыру**
Жобаларды басқарған кезде талаптарда/шартта бекітілген жоба мерзімінің, бюджеттің және жоба көлемінің сақталуын қамтамасыз ету. Жобаларды жүйелі кезеңдермен іске асыру.

**5. Процестерді автоматтандыру**
Адам факторын қысқарта отырып, технологиялық процестерде автоматтандырылған басқару жүйелерін қолдану.

**6. Цифрлық нысанға көшіру**
Процестерді өндірістік деңгейден (қазіргі заманғы ӨБК, ТП АБЖ, талдау жүйелері) жоғарғы деңгейге (онлайн мониторинг, құзыреттер орталығы және т.б.) сандық көшіру.

Цифрландырудың міндеттері:
- цифрлық жүйелер мен жабдықтарды алдын ала диагностикалау жүйелерін ендіру арқылы отынға және ТҚДЖ жабдықтарына шығындарды азайту;
- сервистерді орталықтандыру арқылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының негізгі көрсеткіштеріне орталықтандырылған мониторинг жүргізу;
- қауіпті ақаулар табылған немесе жабдық істен шыққан жағдайда диагностика мерзімін қысқарту;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік көрсеткіштері бойынша ақпарат жинауды қысқарту;
- диагностикалық аппаратура мен ӨБК-дан жиналған деректерге мейлінше терең талдау жасау мүмкіндігі;
- өндірістік процестер мен деректер жинау процестерін автоматтандыру мүмкіндігі.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін 2019 жылы бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Компания өндіріске орталықтандырылған мониторинг жүргізу мүмкіндігіне талдау, предикативті талдауды ендіру мүмкіндігіне диагностика жүргізді, бизнеске қолдау көрсету және оны дамыту үшін Big Data-ны қолдану мүмкіндіктерін анықтау мақсатында тексеру жүргізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасының жобалар портфеліне «Жиілік пен қуатты автоматты реттеуді ендіру» жобасы енгізілді.

Жоба тұңғыш рет БЭЖ бойынша ендірілуде және «KEGOC» АҚ-мен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын жоба болып табылады. ЖҚАР-ның арқасында «KEGOC» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы станциясының қуатын берілген шекте реттеп, басқаратын болады, яғни, энергетикалық жүйеде сызба-режимдік жағдай өзгерген кезде нақты уақыт режимінде энергия блоктарына/гидроагрегаттарға (қуатты азайту немесе көтеру) тікелей әсер ететін болады.

Жобаның пайдасы:
1. 2021 ж.бастап Жүйелік оператордан жиілік пен қуатты теңгерімдеу қызметі үшін түсетін төлемнен қосымша табыс көзін алу;
2. 2021 ж. бастап Қазақстан БЭЖ-і мен Ресей БЭЖ-і шекарасында қуат ағындары сальдосының ауытқуларын қысқарту, сонымен қатар Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігі мен энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

2019 жыл үшін 0 — «Жобаны іске қосу» фазасы аяқталды. Аталған фаза аясында қайта құру бағдарламасы әзірленіп, бағыт беруші кеңес өткізілді, жоба қалыпқа түсірілді, сондай-ақ бастапқы кеңес өткізілді.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.



## «Энергия тиімділігі» аспектісі

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдістемесінде негізделеді.

Компанияда 2015–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлау және жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жалпы тауарлық өнімінің энергия сыйымдылығын 2014 жылғы негізгі көрсеткішке қарағанда 2025 жылы 10,5%-ға төмендету болып табылады.

Бағдарламаның негізгі құралдары:
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы үшін энергия үнемдеудің және энергетикалық тиімділікті арттырудың мақсатты индикаторлары мен көрсеткіштерін анықтау;
- энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеудің әзірленген әдістемесіне сәйкес энергия-экономикалық талдау жүргізу арқылы берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге тұрақты мониторинг және бақылау жүргізу;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу, сондай-ақ жетілдіру;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды іске асыру;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша типтік іс-шараларды іске асыру;
- энергетикалық ресурстарды тұтынуды автоматтандырылған есепке алудың интеграцияланған жүйесін қалыптастыру.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс шеңберінде 2019 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды төмендетуге бағытталған 78 іс-шара орындалды, бұл «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 296 мың тонна шартты отынды үнемдеуге мүмкіндік берді.

**Ұйым ішінде энергия тұтыну**

2019 жылдың қорытындысы бойынша энергия блоктарының жұмыс режимдерін оңтайландыру және тиісінше отынды үлестік тұтынудың төмендеуі есебінен өткен жылға қатысты отын тұтынудың төмендеуі болды.

Энергияны жалпы тұтыну электр энергиясын тұтыну бойынша да, жылу энергиясын тұтыну бойынша да 2014 жылғы базалық көлемге қарағанда (17,7 млн ГДж) қатысты тұрақты төмендеу серпіні бар.

Есепті жылы 14,0 млнГДж энергия тұтынылды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінен 1,3 млн ГДж. Тұтастай алғанда жылдар бойынша ЖЭК-тен энергия тұтынудың ұлғаюының оң серпіні байқалады, бұл елдегі электр энергиясы өндірісіндегі ЖЭК үлесінің ұлғаюына байланысты.

| Ұйым ішінде энергия тұтыну | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|
| Отынды жалпы тұтыну, млн ГДж, о.і.: | 285,2 | 310,5 | 291,2 |
| көмір | 254,8 | 298,1 | 279,9 |
| газ | 28,4 | 10,0 | 9,2 |
| мазут | 0,7 | 1,2 | 0,8 |
| бензин | 0,2 | 0,2 | 0,2 |
| дизель | 1,1 | 1,2 | 1,2 |
| Электр энергиясын жалпы тұтыну, млн ГДж | 13,0 | 11,8 | 11,3 |
| о.і. ЖЭК-тен | 0,6 | 1,0 | 1,3 |
| Жылу энергиясын жалпы тұтыну, млн ГДж | 2,6 | 2,7 | 2,6 |
| о.і. ЖЭК-тен | – | – | – |
| Энергияны жалпы тұтыну, млн ГДж | 15,6 | 14,5 | 14,0 |
| о.і. ЖЭК-тен | 0,6 | 1,0 | 1,3 |

## Энергия сыйымдылығы

Осы көрсеткіште ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі, сондай-ақ өндірілген электр және жылу энергиясының, жеткізілген электр энергиясының, өндірілген көмірдің көлемі пайдаланылды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы тауарлық өнімнің энергия сыйымдылығы 29,3 ш.о.т. млн теңгені құрады және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды орындау есебінен өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 1,3% төмендеді.

## Энергия тұтынуды азайту

Тұтастай алғанда жылдар бойынша базалық 2014 жылға қарағанда жалпы энергияны тұтынудың төмендеу үрдісі байқалады (17,7 млн ГДж).

Электр энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда, сондай-ақ өткен жылға қарағанда (14,0 млн ГДж) төмендеді және 11,3 млн ГДж құрады.

Жылу энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда, сондай-ақ өткен жылға қарағанда (3,7 млн ГДж) төмендеді және 2,6 млн ГДж құрады.

Энергияны жалпы тұтынудың төмендеуі оның өз мұқтаждарына арналған шығыстарын оңтайландырумен байланысты.

## «Пайдаланылған материалдар» аспектісі

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі — бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір.

Осы саланы реттеу мемлекеттік орган атынан ҚР МЭ және Комитет жүзеге асырады.

Компания шығарылатын өнімге қатысты жарнама мен жылжытуды қоса алғанда, ешқандай маркетингтік коммуникацияларды жүзеге асырмайды.

2019 жылғы қорытындылар бойынша өндіріс түрлері бойынша (дәстүрлі, СЭС және ЖЭК) үлестіру төмендегідей көрінеді:

- дәстүрлі өндіру үлесіне компаниялар тобының электр энергиясын жалпы өндірудің 90,6% ы келді,
- ЖЭК және СЭС «таза» станцияларында электр энергиясын өндіру үлесі «Самұрық-Энерго»АҚ компаниялар тобының жалпы өндіру көлемінің 9,4% — ын құрады. 2019 жылы ЖЭК және СЭС «таза» станцияларында электр энергиясын өндіру үлесі «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жалпы өндіру көлемінің 9,5%-ын құрады — 2019 жылы станцияны жаңғырту жөніндегі жоба шеңберінде «Шардара ГЭС» АҚ екі гидроагрегаты пайдалануға берілді, Қапшағай қаласында 416 кВт СЭС пайдалануға берілді, «Samruk Green Energy» ЖШС-і-бұл «таза» өндіру үлесінің өсуіне алып келеді.

**Шартты отын тоннасы,** *млн теңге*




**Жалпы энергия тұтыну,** *млн ГДж*




**Генерация**




### Өнім өндіру кезінде біздің кәсіпорындарда қолданылатын материалдар тізімі

*Электр энергиясын өндірген кезде:*

| | Өлшем бірлігі | Жұмсалған материалдар | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Көлемі | | |
| | | 2017 | 2018 | 2019 |
| Көмір | тонна | 14 829 836 | 17 619 007 | 16 565 570 |
| Мазут | тонна | 14 491 | 15 010 | 15 746 |
| Газ | мың м³ | 47 862 | 35 928 | 38 472 |
| Су | мың тонна | 79 703 620 | 90 336 918 | 90 714 286 |

*Жылу энегиясын өндірген кезде:*

| | Өлшем бірлігі | Жұмсалған материалдар | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Көлемі | | |
| | | 2017 | 2018 | 2019 |
| Көмір | тонна | 772 918 | 839 883 | 764 291 |
| Мазут | тонна | 2 893 | 14 031 | 2 358 |
| Газ | мың м³ | 250 202 | 251 620 | 226 580 |
| Су | мың тонна | 30 616 907 | 33 101 844 | 31 266 335 |

*Өнімнің екі түрін өндіру кезінде қосалқы қажеттіліктерге:*

| | Өлшем бірлігі | Жұмсалған материалдар | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Көлемі | | |
| | | 2017 | 2018 | 2019 |
| Бензин | ш.о.т | 5 026 | 3 588 | 3 570 |
| ДО | ш.о.т | 26 124 | 25 210 | 28 586 |

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі — бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір, тиісінше, экологиялық таңбалау және буып-түю туралы талаптар шығарылатын өнім түрлеріне қолданылмайды.

## «Ақпараттық қауіпсіздік» аспектісі

Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі мақсаты — «Самұрық-Энерго» АҚ мәліметтері мен ақпаратын, сондай-ақ оның инфрақұрылымын кез келген кездейсоқ немесе зұлымдық әсерлерден қорғау болып табылады. Кез келген хакерлік шабуыл деректер мен ақпаратқа да, оның иелеріне де немесе қолдаушы инфрақұрылымға да зиян келтірілуі мүмкін. Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саясатында айқындалған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері мұндай әсерлерді мониторингілеу және бақылау, болжау және болдырмау, сондай-ақ оларды іске асырудан болатын залалды барынша азайту болып табылады.

2019 жылы құпия ақпараттың жоғалуына жол берілген жоқ. Дербес компьютерлерде өндірілетін пайдаланушылардың іс-қимылдарына Мониторинг жүргізу «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ішкі нормативтік құжаттамасының алдыңғы жылдармен салыстырғанда бұзылуының айтарлықтай төмендегенін көрсетті.

2017 жылы трансформация бағдарламасы аясында «Басқару жүйесін енгізу және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету».

**ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҮЙЛЕСТІРУ ОРТАЛЫҒЫ**

**АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖЕДЕЛ ОРТАЛЫҒЫ**

**«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЖӘНЕ ЕНШІЛЕС ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР:**

- «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
- «Алматы Электр Станциялары» АҚ
- «Шардара СЭС» АҚ
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
- «Energy Solutions Center» ЖШС
- «Мойнақ СЭС» АҚ

Оны «Самұрық-Энерго» АҚ-ға және ЕТҰ-ға енгізу арқылы ақпараттық қауіпсіздік, кибершабуылдар, энергия қондырғыларындағы өнімділіктің бұзылуы бойынша қауіп-қатерлерді іске асыру тәуекелдерінің деңгейі төмендетіледі, Компанияның тиісті инфрақұрылымының жай-күйіне тұрақты бақылау және мониторинг, АҚ саласында туындаған оқиғаларға уақтылы ден қою, сондай-ақ халықаралық сертификаттық аудит жүргізу кезінде оң нәтиже қамтамасыз етіледі. Ақпараттық қауіпсіздік процестерінің жетілу деңгейі артады, бұл сайып келгенде жүйелі тәсілге әкеледі.

Жобалау командасы 2019 жылы 0 фазасы және 1 фазасы бойынша жұмыстарды аяқтады. Жоба шеңберінде (АҚБЖ) процесстері және «Шардара СЭС» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ және «Екібастұз ГРЭС-1»ЖШС-да құпия ақпараттың ағып кетуінің алдын алу жүйелері енгізілді.

2020 жылдың ақпан айынан бастап жобалау командасы «Самұрық-Энерго» АҚ, «Шардара ГЭС» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Energy Solutions Center» ЖШС-да жобаның 2-ші фазасын іске асыруға кіріседі.

JAS ENERGY

*«Мен геолог мамандығын кездейсоқ таңдаған жоқпын, өйткені бала кезімнен «ұсақ тастардың» сан алуан үлгілерін іздеуге құмар болдым. Қазіргі таңда кәсібім – сұранысқа ие, ерекше де қызықты мамандық. Жұмысымның ерекшелігін халқыма мол пайдасын тигізетіндігінде деп білемін»*



**ОҢАЛБЕКОВА ӘСЕМ ЖАНАТҚЫЗЫ**
*«Богатырь Көмір» ЖШС учаскелік геологы*

## «ЭКОЛОГИЯ» САНАТЫ

Әлемде электр және жылу энергиясы дәстүрлі түрде отынның қазбалы түрлерін пайдалану арқылы өндіріліп келді. Көмір, газ және мазутты жаққан кезде пайда болатын химиялық реакциялар тиісті бақылау болмаған жағдайда қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін бірқатар заттардың табиғи жолмен түзілуіне алып келеді. Мұндай бақылау үшін Қазақстанда табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау құқығы түрінде мемлекеттік реттеу жүйесі жұмыс істейді.

ҚР Экологиялық кодексімен «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының негізгі өндірістік қызметі арнайы табиғат пайдалану ретінде жіктеледі және тиісті талаптар мен нормативтермен реттеледі. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әрбір еншілес және тәуелді компаниясы алынған экологиялық рұқсат пен арнайы табиғат пайдаланудың басқа да шарттары шеңберінде қоршаған табиғи ортаға өзінің әсері үшін жауапты болады

ҚР экологиялық заңнамасы табиғатты пайдаланушылар үшін экономикалық ынталандыру тетіктерін қолдана отырып, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуларына себеп болады. Сонымен бірге, «Самұрық-Энерго» АҚ экологиялық тұрғыдан жауапты компания бола отырып, тек ішкі заңнамамен ғана шектелмейді, сонымен қатар неғұрлым амбициялық халықаралық стандарттарға жақындауға ұмтылады. Орнықты даму қағидаттарын және озық әлемдік тәжірибені басшылыққа ала отырып, Компания өзі үшін мақсаттары мен міндеттері Компанияның Даму стратегиясында ескерілген экологиялық саясатты анықтады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік қызметі жүзеге асыратын компаниялар тобы бойынша ISO 14001 «Экологиялық менеджмент» стандарты енгізілді. ЭМЖ шеңберінде барлық ЕТҰ-да маңызды экологиялық аспектілер анықталады, экологиялық қатерлер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару жүргізіледі, рөлдер мен міндеттер бөлінеді, қоршаған табиғи ортаға теріс әсерді азайту мақсаттары белгіленеді, авариялық жағдайларды жою жоспарлары әзірленеді және т. б.

Табиғи ортаға залал келтірмейтін шаралар ретінде өндірістік экологиялық бақылау арқылы өндірістік процестердің тиімділігін тұрақты экологиялық бағалау жүргізіледі. Бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейін, зиянды өндірістік факторларды өлшеуге және есептеуге негізделген. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі ҚР техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып жүргізіледі. Өндірістік мониторинг объектілері атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ болып табылады.

Сонымен қатар, алдын-алу шараларына міндетті экологиялық сақтандыру және тарату қорлары жатады.

Сондай-ақ жаңа технологияларға: кезекті экологиялық және энергетикалық аудит аясында мамандар ұсынатын ЖЭК дамыту, отынсыз тұтату және энергия үнемдейтін басқа технологияларға ерекше назар аударылады. Ұлттық сарапшылар алдағы уақытта көмірдің Қазақстанда электр энергетикасын дамыту үшін ең сенімді стратегиялық отын түрі рөлін атқарады деген болжамын ескере отырып, біз көмір химиясын дамытуды және көмірді кешенді түрде терең өңдеуді қолдаймыз. Осы мақсатта Компания «Назарбаев Университеті» ДББҰ-мен бірлесіп «Таза көмір технологиялары» ғылыми-зерттеу зертханасын құрды.

**2019 жылы қоршаған ортаны қорғаудың кешенді бағдарламасын іске асыру мынадай жетістіктерге қол жеткізді:**

- апаттық төгілулер мен басқа да эмиссия түрлерінің болмауы;
- ЖЭК және СЭС өндірісінің үлесі — «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы өндірген жалпы өнімінің 9,5%-ы — 2019 жылы станцияны жаңғырту жобасы шеңберінде «Шардара СЭС» АҚ екі гидроагрегаты пайдалануға берілді, Қапшағай қаласында «Samruk Green Energy» ЖШС-ның 416 кВт СЭС пайдалануға берілді — бұл «таза» генерация үлесінің өсуіне алып келеді;
- отын станцияларының өндіру үлесін төмендету және ГЭС өндіру үлесін ұлғайту есебінен 2018 жылмен салыстырғанда Самұрық-Энерго компаниялар тобы бойынша $CO_2$ үлестік шығарындысын 1% – ға төмендеуі;
- шаңның нақты шығарындыларын (ұшпа күлді) 2% -ға, NOx шығарындыларын 3% -ға азайту;
- көмір өндіру көлемінің төмендеуі және НОШ-ты жақсарту есебінен күл мен күл-қож қалдықтары түзілуінің нақты көрсеткішінің 2018 жылмен салыстырғанда 6% -ға төмендеуі.

### Экологиялық талаптарға сәйкестілік

Қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу үшін заңнамада инспекторлық экологиялық тексерулер көзделген, олардың нәтижелері бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар қойылуы мүмкін.

2019 жылы уәкілетті орган «АлЭС»АҚ ЖЭО-3 экологиялық заңнамасының сақталуына жоспардан тыс. инспекторлық тексеру жүргізді. Тексеру аяқталғаннан кейін CO, NOx және $SO_2$ бойынша ластаушы заттардың шығарындылары нормативтерінің (г/сек) артқаны үшін айыппұл салынды. Сондай-ақ «Екібастұз ГРЭС-2 стан-

циясы» АҚ-ға қатысты уәкілетті орган Бақылау субъектісіне бару арқылы экологиялық талаптардың сақталуына профилактикалық бақылау жүргізді. ОКҚ-ның ЛЗ шығарындыларының көздерін аналитикалық бақылау нәтижелері бойынша органикалық емес шаң бойынша рұқсат етілген шекті шығарындылардың белгіленген нормативтерінің 70–20% (көмір тозаңы) артуы тіркелген, сондай-ақ шығарындыларындағы ЛЗ мөлшері белгіленген нормативтерден асатын автокөлік құралдарын пайдалану фактілері анықталды.

### Айтарлықтай маңызды айыппұлдардың ақшалай құны және экологиялық заңнамалар мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

| | Өлшем бірлігі | Сомасы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2017 | 2018 | 2019 |
| маңызды айыппұлдардың ақшалай сомасы | мың теңге | 12 596 | 721,5 | 4 751 |
| қаржылық емес санкцияларды қолдану жағдайларының саны | – | 0 | 0 | 0 |
| дауларды шешу тетіктері арқылы қозғалған істер | – | – | – | – |

Барлық айыппұлдар уақытында төленді. Түзету іс-шаралары орындалды.

Барлық жағдайлар шағымдармен жұмыс істеудің ішкі тетігіне сәйкес қаралды және пысықталды.

ҚР Экологиялық Кодексінің 81-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың міндетті экологиялық аудитін жүргізу үшін негіз болып табылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінен қоршаған ортаға келтірілген, құжат бойынша расталған елеулі залал

2) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыны заңды тұлғаны қосу, бөлу және бөліп шығару түрінде қайта ұйымдастыру;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы — заңды тұлғалардың банкроттыққа ұшырау.

2019 жылы аталған заңды негіздердің болмауына байланысты Самұрық-Энерго тобының кәсіпорындарында міндетті экологиялық аудит жүргізілген жоқ.

2019 жылы қоршаған ортаны қорғау тақырыбына жеке және заңды тұлғалардың 7 өтініші тіркелді, оның 6-ы «Ал-ЭС»АҚ атына түсті.

### Түрі бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның I-III санаттағы әрбір ЕТҮ-да уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, оны орындау арнайы табиғатты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

| | Өлшем бірлігі | Сомасы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2017 | 2018 | 2019 |
| Барлығы | мың теңге | 2 213 407,5 | 6 629 261 | 4 616 165 |
| *қалдықтарды өңдеуге және шығарындыларды, төгінділерді тазартуға, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды жоюға байланысты шығындар | | 1 825 147 | 6 556 645 | 4 242 256 |
| ** қоршаған ортаға және экологиялық менеджмент жүйесіне тигізетін әсерді болдырмауға байланысты шығындар | | 388 260 | 72 616 | 373 908 |



## «Су және ағынды сулар» аспектісі

Қазіргі уақытта әлемде таза судың жетіспеуіне байланысты дағдарыс бар; сарапшылар проблеманың шиеленісуі оған тиісті көңарас болмайынша түзелмейді деп болжайды. Сонымен, 2018–2028 жж. онжылдығын Біріккен Ұлттар Ұйымы судың орнықты дамудағы алатын рөліне арнап, халықаралық онжылдықты жариялады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік қызметінде бұл жаңартылатын табиғи ресурс СЭС пен ЖЭС-те электр қуатын өндіру үшін генератор роторын айналдыруға мүмкіндік беретін күш ретінде, сонымен қатар жылу энергиясын ЖЭО мен қазандықтарға беру және тасымалдау кезінде жылу тасығыш ретінде қолданылады.

Сонымен қатар, су қоймаларын толықтыруға, күл жағажайларын суаруға, күл үйінділеріндегі су деңгейін ұстап тұруға және тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ портфелінде су электр станциялары мен жылу электр станциялары бар екенін ескере отырып, біз сумен өзара әрекеттесуді суды пайдалану және суды тұтыну бойынша бөлеміз. Сонымен бірге, алынған су көлемінің 98,5% -ы су электр станцияларында суды пайдалану, ал 2% -ы суды тұтыну ретінде жіктеледі.

Суды пайдалану және суды тұтыну Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, ол су объектілері аймақтарындағы санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық жағдайды сақтауға және жақсартуға бағытталған: «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компаниялары әзірленген жобалар мен уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген және арнайы рұқсат берілген құжаттармен регламенттелген нормативтерге сәйкес өндірістік қажеттіліктермен анықталған көлемде су жинайды.

### Суды жинау




Осылайша, технологиялық қажеттіліктерге арналған судың негізгі көздері: Шарын өзені және Бестөбе су қоймасы (Мойнақ ГЭС), Сырдария өзені мен Шардара су қоймасы (Шардара ГЭС), Қ.Сәтпаев атындағы арна (Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ), Шідерті арнасы («Екібастұз ГРЭС-2» АҚ) Үлкен Алматы көлі және Үлкен Алматы өзені бассейні (Каскад ГЭС), Қапшағай су қоймасы (Қапшағай ГЭС) болып табылады.

Екібастұз станцияларындағы табиғи ресурстарды үнемдеу мақсатында толтырылатын салқындатқыш су қоймалары және тура ағынды гидравликалық күл шығару жүйесі бар кері су беру жүйелері қолданылады, Алматы станцияларында, кері су беру жүйелерінен басқа, күл мен қож қалдықтарын жоюдың бірегей технологиясының арқасында күл үйінділерінен шыққан ағынды сулар қайта пайдаланылуда.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік кәсіпорындарының ағынды суы өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардан тұрады. Ағынды сулардың негізгі көлемі өнеркәсіптік ағынды сулар болып табылады, олар табиғи объектілерге тасталмайды. Олар күл және қож қалдықтарын күл үйінділеріне шығару үшін гидротехника ретінде қолданылады.

Ағынды сулардың сапасы мен көлемі заңнамамен реттеледі және ағызылғанға дейін ағынды сулар бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті тазартудан өткізіледі. Сонымен қатар, жер үсті сулары ортасына, сарқынды суларға бақылау, бақылау ұңғымаларының желісі арқылы судың және жер асты суларының температуралық режимінің өзгеру процестеріне мониторинг, ТӨҚ жүйесінің жабдықтары мен құбырларына жөндеу тұрақты жүргізіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның су ресурстарын қорғау саласындағы негізгі міндеттері әсерді азайту, соның ішінде:
- тұщы суды тұтынуды азайту;
- ағынды сулардың ағып кетуін және ағынды сулардағы зиянды заттардың шоғырлануын азайту;
- қайта пайдаланылатын су үлесін (су айналымын) арттыру болып табылады.

## Суды пайдалану

**СУ ЖИНАУ**

| | | | БАРЛЫҚ АУДАНДАР Мегалитрлер | | | Су тапшылығы бар аудандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Су көздерінен жиналатын су көлемі | жерүсті су объектілерінен (барлығы) | | 10 261 611 | 10 498 150 | 11 924 598 | жоқ |
| | тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л ) | | 10 261 611 | 10 498 150 | 11 924 598 | жоқ |
| | басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | жерасты көздерінен (барлығы) | | 6 858 | 7 341 | 6 630 | жоқ |
| | тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л ) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л ) | | 6 858 | 7 341 | 6 630 | жоқ |
| | теңіз суы (барлығы) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | жер қабатының су (барлығы) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л ) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен | | 44 940 | 40 577 | 44 917 | жоқ |
| | тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л) | | 44 940 | 40 577 | 44 917 | жоқ |
| | басқа су (>1,000 мг/л жалпы еріген қатты заттардың) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі | Жерүсті | 44 940 | 40 577 | 44 917 | жоқ |
| | | Жерасты | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | | Теңіз | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | | Жер қабатынан | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| Жиналатын судың жалпы көлемі | | | 10 313 409 | 10 546 314 | 11 976 439 | жоқ |

**ТӨГІНДІ**

| | | | БАРЛЫҚ АУДАНДАР Мегалитрлер | | | Су тапшылығы бар аудандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Түрлері бойынша төгінділер | Жерүсті | | 60 144,078 | 77 001,4 | 73 751,3 | жоқ |
| | Жерасты | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | Теңіз | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелері (барлығы) | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| | Басқа ұйымдарға пайдалануға берілген ағынды сулардың көлемі | | 0 | 0 | 0 | жоқ |
| Жалпы төгінді | | | 60 144,078 | 77 001,4 | 73 751,3 | жоқ |
| Тазарту деңгейі бойынша ағынды сулар | Тазартылмаған | | | | | жоқ |
| | р/х талап етілгенге дейін | талап етілетін тазарту деңгейі | | | | жоқ |
| | к/б талап етілгенге дейін | талап етілетін тазарту деңгейі | | | | жоқ |
| | басқа | ШРЕТ нормативтері | 60 144,078 | 77 001,4 | 73 751,3 | жоқ |

**СУДЫ ТҰТЫНУ**

| | | БАРЛЫҚ АУДАНДАР Мегалитрлер | | | Су тапшылығы бар аудандар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Суды тұтыну | Суды тұтынудың жалпы көлемі | 192 242 | 201 229 | 198 438 | жоқ |

**СУДЫ ПАЙДАЛАНУ**

| | | БАРЛЫҚ АУДАНДАР Мегалитрлер | | | Су тапшылығы бар аудандар |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2017 | 2018 | 2019 | |
| Суды пайдалану | Суды пайдаланудың жалпы көлемі | 10 121 167 | 10 345 085 | 11 778 000 | жоқ |

**ӨНДІРУДІҢ СУ ТИІМДІЛІГІ**

| | | БАРЛЫҚ АЙМАҚТАР $м^3$/кВт*с | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
| Су тиімділігі | Өндірілген өнімдер бірлігіне алынатын су көлемі | 0,371 | 0,333 | 0,396 |

## Есепті кезеңдегі бірнеше рет пайдаланылатын және қайта пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі

*Жиналатын судың жалпы көлемі, мың м³.*




*Бірнеше рет немесе қайта пайдаланған судың көлемі, мың м³*




## «Биоалуантүрлілік» аспектісі

Халықаралық сарапшылар бақыланбайтын тұтыну ауқымына және биологиялық түрлердің тіршілік ету ортасының бұзылуы мен жойылуына әкелетін кейбір қызмет түрлеріне алаңдаулы.

2019 жылы Биологиялық әртүрлілік туралы конвенцияға 27 жыл толды. Осы уақыт ішінде әлемдік қоғамдастықта табиғи ресурстардың барлық түрлеріне тәуелділігін және олардың тапшылығының инвестицияға, беделге және нәтижесінде бизнестің экономикалық көрсеткіштеріне әсерін сезіну пайда болды.

«Самұрық-Энерго»АҚ «Биоалуантүрлілік» аспектісін СЭС, ЖЭС және АЭК қатысты маңызды деп бағалайды. Қалған кәсіпорындар елді мекендер шегінде немесе өнеркәсіптік аумақтарда орналасқанына байланысты жабайы өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тікелей әсер етпейді.

Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының қызметі орнитофаунаға, ихтиофаунаға және басқа да тұщы су экожүйелеріне, сондай-ақ жағалау аймақтарының флорасы мен фаунасына теріс әсер етуі мүмкін.

Өндірістік қызметті жоспарлау кезінде мұндай әсерді азайту мақсатында қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер етуді бағалау жүргізіледі. ҚОӘБ рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Кәсіпорындарды одан әрі пайдалану процесінде өсімдік және жануарлар дүниесіне әсер ету мониторингі де регламенттелген.

Жобалау кезінде БЖЭС-те жел энергетикалық қондырғылардың қоршаған ортаға әсерін азайту қарастырылған — жарықтық ластану тірі тіршілік биоритмдерінің бұзылуына әкеп соқтыратынын ескере отырып, түнгі уақытта тек габариттік оттарды пайдалануға дейін ЖЭҚ-ты жарықтандыруы барынша азайтылады.

«АЖК» АҚ-да ӘЖ-де құстардың электр тоғымен зақымдануынан қаза болу жағдайларын азайту үшін оқшауланған сымдармен (ОСЖ) жабдықталған желілерді қайта жаңарту жүргізіледі.

Су және жер үсті (жағалау маңындағы) экожүйелерге әсерін төмендету үшін су электр станцияларының жұмыс режимі ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен, әкімдіктермен, сондай-ақ ЕҚТА басшылығымен (мысалы, Мойнақ СЭС жағдайында) келісіледі. Барлық СЭС балық қорғау құрылғыларымен жабдықталған. Сондай-ақ, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсынысы бойынша, тәуліктің қараңғы уақытында турбиналық суағарлар алдындағы су тоған маңында балық қорғау шарасы ретінде су бетін прожекторлармен жарықтандыру жүзеге асырылады, осылайша жарық дақтары балықты қорқытады. Балықтың қозғалуы бос су ағызу (БСА) үшін бұрулар арқылы жүзеге асырылады.

Өсімдік және жануарлар әлеміне әсер етуді мониторинглеу үшін СЭС пен ЖЭС-терде көзбен шолып далалық бақылау енгізілді.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ қандай да бір арнайы санитарлық немесе экологиялық режимі немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесі бар аумақтарда өндірістік қызметті жүзеге асырмаған.

| Пайдаланылатын участке | Географиялық орналасуы | Қорғалатын аймаққа немесе қорғалатын аймақтың шекарасынан тыс. биологиялық әртүрлілік құндылығы жоғары ауданға қатысты ереже | Операция түрі | Қорғалатын аумақтың немесе қорғалатын аумақтан тыс. биологиялық әртүрліліктің құндылығы жоғары аймақтың белгісімен сипатталатын биоәртүрліліктің мәні | Аумақты басқару мәртебесі/ санаты |
|---|---|---|---|---|---|
| «БЖЭС» ЖШС | Ақмола обл., Ерейментау қ. | 45 км қашықтықта Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан | Электр энергиясын өндіру | Ерейментау тауларында Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген құстардың 2 түрі (ақиық және дала қыраны) мекендейді. Алайда, құстардың жиналуы жолдар мен темір жол бойындағы төменгі және ағаш отырғызуларда байқалды, олар өз кезегінде ЖЭС-те орнатылған ЖЭҚ-дан тыс. орналасқан. Объектіні пайдалануға берген сәттен бастап ЖЭҚ қалақтарымен соқтығысу жағдайлары тіркелген жоқ. | Табиғи парк |
| «Мойнақ СЭС» | Алматы облысы | Мойнақ СЭС-тен шамамен 55 км қашықтықта Шарын өзенінің ағысымен төмен қарай Шарын ұлттық паркі орналасқан | Электр энергиясын өндіру | "Мойнақ СЭС" АҚ Қазақстандағы БҰҰДБ сарапшыларымен Шарын өзенінің ағысынан төмен орналасқан ежелгі шаған тоғайын сақтау жобасы бойынша ынтымақтасады. | Табиғи парк |

JAS ENERGY

*«Жастар – қоғамның ең жігерлі бөлігі, мен өз біліміммен, заманға сай көзқарасыммен энергетикаға мол табыс әкелемін деген сенімдемін»*



**НЫСАНОВ АЙБЕК**
*«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Цехының жабдықтарды жөндеу шебері*

## «Шығарындылар» аспектісі

Атмосфералық ауаның ластану проблемасы — адамзат тап болған маңызды жаһандық проблемалардың бірі. Мәселенің өзектілігі даусыз — 2019 жылғы Дүниежүзілік қоршаған орта күні аясындағы барлық іс-шаралар «Ауа ластануымен күрес» ұраны астында өткені кездейсоқ емес. Бірақ атмосфераның ластану қаупі таза ауа қоршаған ортаға құқықтың негізгі компоненті болып қана қоймай, сонымен қатар ғаламшардың климатының өзгеруі де болып табылады.

Сарапшылардың пікірін ескере отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ климаттың өзгеруі мәселесіне байыпты қарайды. Процестер мен өнімдердің көміртегін қажетсінуін азайту жөніндегі негізгі бағыттар мен мақсаттар Қоғамның ұзақ мерзімді Даму стратегиясы мен Экологиялық саясатында көрсетілген. Осылайша, Компанияның стратегиялық мақсаттарына ЖЭК және СЭС-ті дамыту жатады, барлық жерде энергия менеджмент жүйесі енгізілді, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша бағдарламалар әзірленді, газға көшірілген ЖЭО-1 және БЖК-ға қосымша Алматы электр станцияларын газдандыру бойынша елеулі жоба жоспарланып отыр.

ЖЭК-ті қолдау шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ тобының шартты тұтынушылары 2019 жылы 378 млнкВтс сатып алды, бұл 2018 жылдың сәйкес кезеңінен 40,6%-ға жоғары.

Будан басқа, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС сияқты ЕТҮ-лардың квоталанатын қондырғылар болып табылады және ПГ шығарындыларына ұлттық сауда жүйесі шеңберінде ПГ шығарындыларын қысқарту бойынша міндеттемелері бар.

Қоғамда ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері I санаттағы отын станциялары болып табылады. Олардың атмосфералық ауаға эмиссиялары экологиялық заңнамамен қатаң реттеледі. ЛЗ шығарындылары уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген және арнайы рұқсат беру құжаттарында реттелген әзірленген жобалар мен нормативтерге сәйкес өндірістік процестерге негізделген көлемде жүргізіледі

ЖЭС-ке тән маңызды заттар азот оксидтері, күкірт оксидтері, көміртегі оксиді, шаң (күл) болып табылады.

Станцияларды жобалау кезінде ЛЗ-ны себудің оңтайлы шарттары қарастырылады — түтін құбырларының биіктігі, жер бедерін және жел бағыттарын ескере отырып орналасуы, тұрғын аудандардан қашықтығы.

Будан әрі, жабдықтарды пайдалану барысында кәсіпорындардың экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал ететін тұрақты жөндеулер, жаңғырту және басқа да технологиялық іс-шаралар жүргізіледі. Күл шығарындыларын азайту үшін күл ұстағыш технологиялар қолданылады — Екібастұз ГРЭС-терінде — бұл электр сүзгілері, ал Алматы ЖЭО-ларда — жаңа буынды эмульгаторлар. Басқа газдардың пайда болуын басу үшін төмен эмиссиялы жанарғылар қолданылады, АҚҚ және буды 4 іріктеу арқылы режимдер реттеледі.

Шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерінің сақталуына тұрақты өндірістік экологиялық бақылау және бақылаушы орган алдында тұрақты есептілік жүргізіледі.

2019 жылы станцияны жаңғырту жобасы шеңберінде «Шардара СЭС» АҚ-ның екі гидроагрегаты пайдалануға берілді, Қапшағай қаласында «Samruk Green Energy» ЖШС-ның 416 кВт КЭС пайдалануға берілді -бұл «таза» өндіріс үлесінің өсуіне алып келеді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша мыналарға қол жеткізілді:

- отын станцияларының өндіру үлесін төмендету және СЭС өндіру үлесін ұлғайту есебінен 2018 жылмен салыстырғанда (0,867-ден 0,86 тСО2/МВт*с дейін) Самұрық-Энерго компаниялар тобы бойынша CO2 үлестік шығарындысын төмендету;
- компания тобы бойынша ЛЗ үлестік шығарындысы 10,5 г/кВтсағ құрады, бұл күкірт диоксидінің үлестік шығарындыларының көбеюіне байланысты 2018 жылғы көрсеткіштен 3% жоғары, бұл өз кезегінде көмірдегі күкірт құрамының өсуінен туындаған (2017 — 0,48%, 2018 — 0,57%, 2019 — 0,67%);
- шаңның (күлдің) үлестік шығарындылары 2%-ға, NOx үлестік шығарындылары 3%-ға қысқарды;



### Парниктік газдардың тікелей шығарындылары

| | Өлшем бірлігі | көлемі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. * |
| көміртегінің қос тотығы | Мың тонна | 29 839,62 | 33 744 | 31 593 |
| метан | Мың тонна | 321,67 | 351,98 | 353,850 |
| азот тотығы | Мың тонна | 0,285 | 0,293 | 0,275 |

*Әдістемелер: парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттары, МГЭИК, 2006; жылу электр станциялары мен қазандықтардан парниктік газдардың шығарындыларын есептеу жөніндегі ТМ, Астана, 2010, ҚР ҚОҚМ 05.11.2010 ж № 280-ө бұйрығына 9-қосымша.*

Қазақстан Республикасының заңнамасы парниктік газдардың жанама шығарындыларын міндетті бағалауды талап етпейді, алайда парниктік газдар шығарындыларының көрсетілген көлемдері парниктік газдардың жалпы шығарындыларының 95%-ын, оның ішінде Самұрық-Энерго компаниялар тобының жанама (Scope 1 және 2) қамтиды деп пайымдаймыз, өйткені тікелей шығарындыларды есептеу кезінде ЕТҮ-ның меншікті энергетикалық мұқтаждары ескеріледі.

### ОБЗ шығарындылары және өзге де шығарындылар, *мың тонна*

| | Өлшем бірлігі | көлемі | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
| ОБЗ өндіру көлемі | – | – | – | – |
| ОБЗ импортының көлемі | | – | – | – |
| ОБЗ экспортының көлемі | | – | – | – |
| Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ) | | – | – | – |
| ЖТҚ | тонн | 245,6 | 297,2 | 261,6 |

### Компанияның барлық шығарындыларына еншілес және тәуелді ұйымдардың үлесі Өндіру секторы 2019 ж.




«ГРЭС-1» ЖШС

«ГРЭС-2» АҚ

«АлЭС» АҚ

### «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы шығарындылар

*Жалпы шығарындылар*



*NOx*




*$SO_2$*




*Күл*




## «Қалдықтар» аспектісі

Өндірісте және тұтынуда теңгерімнің болмауы қалдықтардың көлемі мен түрлерінің бұрын-соңды болмаған қарқынмен ұлғаюына әкеледі. Тиісінше басқарылмаған кезде қалдықтар ауаның, топырақтың және жердің, сондай-ақ барлық туындайтын салдарлары бар жер асты суларының ластануының елеулі көзі болуы мүмкін.

Байқалатын үрдісті кейінге бұруға мүмкіндік беретін ең жақсы құрал қалдықтармен жұмыс істеудің иерархиялық тәртібі болып табылады. Самұрық-Энерго бірінші кезекте өнім бірлігіне қалдықтардың пайда болу көлемін азайтуға тырыса отырып, қалдықтармен жұмыс істеу иерархиясын да ұстанады.

Өнім өндіру процесі қалдықтардың пайда болуымен байланысты болатындығы күмәнсіз, қалдықтармен жұмыс істеу кезінде кәсіпорындар экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен қалдықтардың жекелеген түрлерімен жұмыс істеу саласындағы стандарттардың талаптарын сақтауға тырысады. «Самұрық-Энерго» АҚ тобының компаниялары бойынша өндіріс қалдықтарына ЖЭС-тегі күл-қож қалдықтары және «Богатырь Көмір» ЖШС-дағы көмір разрезіндегі аршу жыныстары жатады. Қалдықтардың бұл түрлері қауіпті емес деп жіктеледі және жалпы қалдықтардың негізгі үлесін құрайды. Тұтыну қалдықтарына қатысты (макулатура, пластмасса қалдықтары, құрамында сынабы бар шамдар, түсті және қара металдардың сынықтары, электрондық және электр жабдықтары және т.б.). осы қоқысты бөлек жинау және одан әрі үшінші тарап компанияларына өңдеу немесе кәдеге жарату үшін шаралар қарастырылған.

«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ қауіпті қалдықтардың қандай да бір түрлерін импорттауды, экспорттауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді жүзеге асырмайды.

### Айналым түрлері мен әдістері бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы салмағы

| | | Өлшем бірлігі | Масса | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2017 | 2018 | 2019 |
| 1 | Барлық пайда болған қалдықтар, олардың ішінде | Мың тонна | 80 114,8 | 81 067,7 | 79 435,9 |
| 2 | қауіпті | | 11,8 | 18,8 | 18,8 |
| 3 | қауіпсіз | | 80 103,0 | 81 048,9 | 79 417,13 |

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша өндіріс қалдықтарын орналастыру барынша қауіпсіз тәсілмен жүзеге асырылады. Шаңдануды, ҚҚҚ алдын алу үшін Екібастұз ГРЭС-терде су ойығы астындағы күл үйінділерге көмеді, ал Алматы станцияларында Қазақстан үшін бірегей кешенді күл-қожды жою жүйесі қолданылады. Жыл сайын күл үйінділерінің өңделген бөліктерін рекультивациялау жүргізіледі. Жалпы, ҚҚҚ-ның пайда болуын төмендетуге Компанияның су электр станциялары мен ЖЭК объектілерін дамытуға да ықпал етеді.

«Северный» және «Богатырь» кесіктерінде ашылған кеңістіктің ішкі үйіндісіне аршу жыныстарын орналастыру аршу жыныстарының сыртқы үйінділерде орналасуын төмендетуге және осылайша іргелес аумақтарға әсерін төмендетуге мүмкіндік берді. Тотығу процестерін алдын алу және үйінділерге жиналатын құрамында көмір бар жыныстардың өздігінен жануына жол бермеу үшін үйінділерді инертті жыныстармен оқшаулау және үйінділердің шатырын тығыздау бойынша іс-шаралар орындалады.






2019 жылдың қорытындысы бойынша, өнімнің бірлігіне отынның үлестік шығындарының төмендеуі арқасында күл-қож қалдықтарының пайда болуы төмендеді.

Жиналған ҚҚҚ-ны кәдеге жарату жұмыстары жүргізілуде, бірақ шикізат ретінде ҚҚҚ-ға жеткілікті сұраныстың болмауына байланысты әзірше әлсіз қарқынмен.

«ЕГРЭС-2» АҚ-да құрғақ күл құрылғысы (бұдан әрі — ҚҚҚ) орнатылды. 2019 жылы жедел деректер бойынша ҚҚҚ арқылы 11,3 мың тоннаға жуық құрғақ күл тиелді. «ЕГРЭС-1» ЖШС, «ЭГРЭС-2» АҚ станцияларының ҚҚҚ Павлодар облысында автомобиль жолдарын салу кезінде пайдаланылады.

**ҚҚҚ,** *мың тонна*




**Отын өндіру секторында күл мен қождың пайда болуының нақты көрсеткіші,** *кг ҚҚҚ/кВтс*




JAS ENERGY

*«Мен энергия саласына әкемнің салған ізімен келдім. Өзімнің жұмысымды жақсы көремін, қашан да жаңа нәрсені үйренемін, жаңа адамдармен танысамын және ешқашан ішім пыспайды. Біздің жұмысымыз – өндірістік жарақат алуға жол бермеу, оқыс жағдайлар мен оқиғалардың алдын алу. Мәселе өте маңызды: кәсіпорын қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау – бірінші кезектегі басты міндет»*



**ӘЛИЯ ОСПАНБАЕВА**

*«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жетекші инженері*

# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
# КУАТ/QÝAT/ENERGY









## «ҚАМҚОРЛЫҚ»/QAMQORLYQ/ НАСТАВНИЧЕСТВО

- Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз
- Біз әріптестерімізбен және серіктестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз
- Біз тәлімгерлікке, тәжірибені сақтауға және беруге дайынбыз

## «УӘДЕГЕ БЕРІКТІК»/ÝÁDEGE BERIKTIK/НАДЕЖНОСТЬ

- Біз үздіксіз және сапалы жұмыс үшін жауапты боламыз
- Біз болашақ ұрпақ алдында жауап береміз және қоршаған орта мен экологияға ұқыпты қараймыз
- Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасау үшін жауапты боламыз
- Біз қабылданған міндеттемелерге адалмыз

## «АДАЛДЫҚ»/ADALDYQ/ СПРАВЕДЛИВОСТЬ

- Кез келген мәселелерді шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділ әрекет етеміз
- Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер береміз
- Біз өз ой-пікірлеріңізді айтуға және естуге мүмкіндік бере отырып, басқалардың пікірін бағалаймыз

## ТӘЖІРИБЕ/TÁJIRIBE / ПРОФЕССИОНАЛИЗМ

- Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан ләззат аламыз
- Біз өз ісінің кәсіпқойларымыз, өзін-өзі жетілдіреміз және нәтижеге қол жеткіземіз
- Тиімділікті арттыру үшін біз әртүрлі көзқарастарды іздейміз және әртүрлі әдістерді қолданамыз

# «ӘЛЕУМЕТТІК» АСПЕКТІСІ

Компания бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, өз қызметі арқылы қоғамға барынша пайда келтіруді қамтамасыз ету мақсатында Компания қызметкерлеріне, өзі жұмыс істейтін аймақтағы тұрғындарға және тұтастай алғанда қоғам өміріне деген жауапкершілікке қатысты міндеттемелерді ерікті түрде қабылдайды.

## Біздің қызметкерлер

Адам ресурстарын басқару Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2028 жылдарға арналған Кадр саясаты негізінде жүзеге асырылады.

**Кадр саясатының миссиясы**
Компанияның болашақтағы ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және нарықта бәсекелес басымдықты қамтамасыз ету үшін адам ресурстарының күш-жігерін біріктіру.

**Кадр саясатын пайымдау**
Әрбір қызметкердің құндылықтарымен үйлесетін, адам әлеуетінің өсуіне және бизнестің қарқынды дамуына ықпал ететін бірыңғай тиімді корпоративтік мәдениет.

HR функциясының стратегиялық рөлі, ең алдымен, болашақта еңбек ресурстарын сандық және сапалық тұрғыдан жоспарлауынан көрінеді.

Компания қызметкерлердің санын және ұйымдық құрылымын, сапасы мен біліктілік жүйесін басқаруға, қызметкерлерді іздеу мен іріктеуді тиімді жолға қою арқылы жоспарлау мен еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы аумағындағы ірі жұмыс берушілер қатарына енеді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 17 699 адамды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның кадрлық құрамы соңғы жылдары тұрақты болып қалып отыр.

Компания қызметке қатысты басқа да елеулі өзгерістер туындаған кезде, оның ішінде еңбек шартын бұзу кезінде қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, қызметкерлерді кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді.

Есепті кезеңде жұмыспен толық қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады.

### 2019 ж. жынысы бойынша бөлгенде жұмыс күшінің жалпы саны




### 2019 ж. жұмыспен қамту түрі бойынша жұмыс күшінің жалпы саны




### 2019 жылғы жалдау шартының түрі бойынша бөлгендегі қызметкерлердің жалпы саны




### Жасы бойынша бөлгендегі жұмыс күшінің жалпы саны




### 2019 ж. өңірлер бойынша бөлгенде жұмыс күшінің жалпы саны




### 2019 ж. өңірлер бойынша бөлгендегі кадрлар




### 2019 ж. жасы бойынша бөлгендегі кадрлар




### 2019 ж. жынысы бойынша бөлгендегі кадрлар тұрақсыздығы




### 2019 ж. жынысы бойынша бөлгенде жаңадан қабылданған қызметкерлер




### 2019 ж. өңірлер бойынша бөлгендегі жаңадан қабылданған қызметкерлер




### 2019 жылы жасы бойынша бөлгендегі жаңадан жалданған жұмысшылар



## Жынысына, жас тобына және азшылық өкілдетір көрсете отырып бөлгенде 2019 жылдың соңындағы ұйым қызметкерлерінің құрамы

| № | Көрсеткіш | Қызметкерлер | Үлес |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Жынысы** | **17 699** | |
| 1.1. | Ерлер | 13 074 | 74% |
| 1.2. | Әйелдер | 4625 | 26% |
| **2.** | **Азшылық топтары (нәсілдік/этникалық, діни, мүмкіндіктері шектеулі)** | **17 699** | |
| 2.1. | Қазақтар | 10 768 | 61% |
| 2.2. | Орыстар | 4 794 | 27% |
| 2.3. | Украиндар | 675 | 4% |
| 2.4. | Ұйғырлар | 341 | 2% |
| 2.5. | Татарлар | 343 | 2% |
| 2.6. | Немістер | 249 | 1% |
| 2.7. | Белорустар | 123 | 1% |
| 2.8. | Корейлер | 46 | 0,3% |
| 2.9. | Басқалар | 360 | 2% |
| **3.** | **Жас тобы** | **17 699** | |
| 31. | 30 жасқа дейін | 3 024 | 17% |
| 3.2. | 30-дан 50 жасқа дайін | 9 292 | 53% |
| 3.3. | 50 жастан жоғары | 5 383 | 30% |

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің өндірістік ерекшелігіне байланысты негізгі өндірістік учаскелерге ер адамдар көбірек тартылған, олардың үлесі 2019 жылы қызметкерлердің жалпы санының 74% құрады.

ЕҚДБ және Ergon Associates-пен бірлесіп «Самұрық-Энерго» АҚ-да жоба іске қосылды, оның аясында «БҰҰ — Әйелдер» серіктестігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының аясында әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдау туралы мәлімдемеге қол қойылды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарын ұстануды, сонымен қатар әйелдер мен ерлерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты болатынына және жақсы нәтижелерге қол жеткізетініне сенеді. Осы қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Компания іс-шаралар жоспарын енгізді.

Есепті кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 170 қызметкерге бала күтімі бойынша демалыс берілді. Оның ішінде 166 әйел және 4 ер адам. Есепті жылы 123 әйел өз жұмысын жалғастырды.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің негізгі үлесин жасы 30-дан 50-ге дейінгі қызметкерлер құрайды (59%).

2019 жылы қызметкерлердің орташа жасы 42 жасты құрады.

Орташа жұмыс өтілі — 11 жыл.

Есепті жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің пайызы. — 13%.

2019 жылы кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті 9%-ды құрады. Негізгі себептер — басқа жерде неғұрлым жоғары жалақы алудың болашағы және мансаптық және кәсіби даму мен оқытудың болмауы.

Қызметтің ерекшелігіне байланысты, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында балалар және мәжбүрлі еңбекті пайдалану, сондай-ақ жас қызметкерлердің қауіпті жұмысты орындау тәуекелі жоқ.

## Ынталандыру және сыйақы

Қызметкерлердің қазіргі және болашақ үміттерін, қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру — Компанияның ұзақ мерзімді табысы мен өркендеуінің кепілі.

Компания еңбекке ақы төлеу және ынталандыру бойынша мынадай саясатты ұстанады:

- 1) Компаниядағы барлық қызметкерлер үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, негізгі тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру және белгілі бір кірісті қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып, заңнамада белгіленген ең төменгі сыйақы мөлшерінен асатын деңгейде ең төменгі кепілдендірілген сыйақы мөлшерін белгілеу;
- 2) тұтыну бағаларының индексі негізінде жалақыны индекстеу;
- 3) еңбек өнімділігінің артуына байланысты жалақының мерзімді өсуі;
- 4) қызметкердің жеке еңбек үлесін мейлінше толық ескеру мақсатында икемді сыйақы беру жүйелерін пайдалану;
- 5) қызметкерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесінің объективтілігі мен бірлігі және оның республикалық деңгейде бәсекеге қабілеттілігі;
- 6) корпоративтік және салалық марапаттармен марапаттау.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қызметкерлердің орташа жалақысы 2019 жылы өткен жылдың көрсеткішінен 4%-ға — **234 140** теңгеден **243 640** теңгеге дейін өсті.

Компаниялар тобы бойынша ең төменгі жалақы 135 526 теңгені құрайды. Әйелдердің ең төменгі жалақысының ерлердің ең төменгі жалақысына қатынасы 100% құрайды. Жалақы еңбекақы және тарифтік ставка схемасының негізінде белгіленеді.

Жалақы мөлшерін арттыру және инфляциялық процестердің орнын толтыру мақсатында, сондай-ақ жасалған Ұжымдық шарттарға сәйкес, 2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жалақыны орташа есеппен 5%-ға индекстеу жүзеге асырылды.

Қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесі мына қағидаттарға негізделген: ішкі әділеттілік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілік; мөлдірлік және айқындық; компанияның мақсаттары мен қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкестік; компания қызметінің нәтижелері мен жеке үлесті ескере отырып сыйақы / сыйлықақы беру.

Қызметкерлерді ынталандыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ еңбегін ескере отырып, материалдық емес ынталандыру түрлері мен жанама қосымша материалдық сыйақы беру түрлерін — қызметкерлерді әлеуметтік қорғау бағдарламалары мен қосымша жеңілдіктер беру бағдарламаларын әзірлейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да Ұжымдық шартқа сәйкес: үстеме жұмысқа ақы төлеуді, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс ақысын, түнгі уақыттағы үстеме ақыларды, үстеме және қосымша ақыларды, ауыр жұмыстағы, зиянды (ерекше зиянды) жұмыспен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді, қауіпті еңбек жағдайлары, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалысы, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, үйлену тойына материалдық көмек және қызметкерлердің мерейтойына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу көзделген. Ұжымдық шартқа сәйкес зейнеткерлікке шығуға байланысты еңбек шартын бұзу кезінде жұмысшыларға 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төлемі төленеді.

Жұмысты білім беру ұйымдарындағы оқумен ұштастыратын жұмысшыларға емтихан немесе нұсқау беруші сессиялары, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, қорытынды емтихандарды тапсыру кезеңіне қосымша демалыс беріледі.

## Ұйым жұмыс істейтін маңызды өңірлерде бастапқы деңгейдегі еңбекке ақы төлеу мен белгіленген ең төменгі жалақы арасалмағының диапазоны

| № | Көрсеткіш | Мәні (2019) | Өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|
| 1. | Ең төменгі жалақы | 42,5 | мың теңге |
| 2. | Бірқатар қызмет ету өңірлердегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы | 135,5 | мың теңге |
| 2.1. | Ерлер | 163,9 | |
| 2.2. | Әйелдер | 141,1 | |
| 3. | Арасалмағы | 319% | % |
| 3.1. | Ерлер | 121% | |
| 3.2. | Әйелдер | 104% | |
| **№** | **Көрсеткіш** | **Мәні (2018)** | **Өлшем бірлігі** |
| 1. | Ең төменгі жалақы | 28,3 | мың теңге |
| 2. | Бірқатар қызмет ету өңірлердегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы | 140,7 | мың теңге |
| 2.1. | Ерлер | 144,9 | |
| 2.2. | Әйелдер | 136,3 | |
| 3. | Арасалмағы | 497% | % |
| 3.1. | Ерлер | 103% | |
| 3.2. | Әйелдер | 97% | |

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы жұмысшылардың жұмысын ынталандыру және көтермелеу мақсатында корпоративті мәдениетті дамыту аясында ерекшеленген қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, мемлекеттік, ведомстволық және ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің, «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығының», «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т.б. салалық марапаттары берілді.

| № р/с | ТАӘ | Марапат түрі | Компания атауы |
|---|---|---|---|
| 1. | **Сабырқұлов Бисембек Әбенұлы** — Каскад ГЭС басқарушы директоры | «Құрмет» ордені | «Алматы электр станциялары» АҚ |
| 2. | **Мыңайдарова Рауза Есламғалиқызы** — жылу автоматикасы және өлшеу цехының 2-санатты жөндеу инженері | «Ерен еңбегі үшін» медалі | «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ |
| 3. | **Дүйсембинов Евгений Низамұлы** — Сауда үйі коммерциялық диспетчерлеу бөлімінің бастығы | «ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик» | «Самұрық-Энерго» АҚ |
| 4. | **Айдарбеков Ғалымжан Әбікенұлы** — Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары | «ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик» | «О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ |
| 5. | **Жаңабаев Бақытбек Қайыпжанұлы** — Басқарма Төрағасы | «ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик» | «Шардара СЭС» АҚ |
| 6. | **Төлегенов Ғибрат Қалышұлы** — пайдалану басқармасының бастығы | «ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик» | «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС |

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының көптеген қызметкерлері Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының атақтарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы марапаттаған қызметкерлердің қатарында «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ, «Samruk Green Energy» ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлері бар.

## Даму және мансаптық өсу

Электр энергетикасының ерекшелігі жұмыс істеуге рұқсат беру және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін сақтау үшін кадрларды үнемі даярлау мен қайта даярлауды талап етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерді үнемі дамытып, оқытуға ұмтылады. Қызметкерлерді оқыту және дамыту жабдықтардың және жалпы алғанда, компанияның үнемді, апатсыз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі табысқа жетудің маңызды факторы болып табылады.

Оқыту жүйесі қызметтің міндеттері мен мақсаттарына байланысты қызметкерлердің санаттары мен топтарының дағдыларын, білімдерін және құзыреттерін дамытуға бағытталған. Қоғамның стратегиялық бағыттарына сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудағы басымдық коммерциялық дағдыларды дамыту және тиімді сату, қаржы және инвестицияларды басқару, due-diligence, халықаралық мәмілелерді басқару, жобаларды басқару, өзгерістерді басқару, бәсекелі ортада жұмыс істеу құзіреттілігін дамыту болып табылады. сандық технологияларды енгізу, жедел басқару салаларындағы бәсекелес ортада қызметкерлердің жұмыс бойынша біліктіліктерін дамыту болып табылады.

2019 жылы көшбасшылық бағдарламасын іске асыру аясында CEO үшін «Digital жаһандық трендтері», «Көпшілік алдында сөйлеу» тақырыбында тренингтер өткізілді. Сонымен қатар «Адамдарды басқару», «Өзгерістерді басқару», «Стратегиялық менеджмент», «Сандық дағдылар» тақырыптары бойынша тренингтер мен CEO-1 және CEO-2 деңгейіндегі қызметкерлерге коучинг дағдылары бойынша оқу ұйымдастырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ персоналын дамытудың әдістері мен формаларын жетілдіруге алдыңғы қатарлы сандық технологияларды оқыту, қашықтықтан/модульдік оқытуды дамыту, тағылымдаманы енгізу, ішкі жаттықтырушы, тәлімгерлік, менторлық және коучингті дамыту кіреді.

2019 жылы персоналды оқытуға жұмсалған жалпы шығыс құны 361 701 мың теңгені құрады.



### Жылына бір қызметкерді оқытуға жұмсалатын орташа сағат саны, қызметкерлердің санаттары бойынша бөлгенде

| Персонал санаты | 2019 жылдың аяғындағы жалпы саны | | 2019 жылғы даярлау сағатының саны | | Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған оқу сағаттарының орташа саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | ер | әйел | ер | әйел | |
| Жоғары басшылық (топ-менеджмент) | 56 | 7 | 1 591 | 240 | 29 |
| ӘБП | 1 965 | 636 | 35 057 | 23 372 | 22 |
| Өндірістік персонал | 11 005 | 3 583 | 586 990 | 146 747 | 50 |
| Қызмет көрсетуші персонал | 48 | 399 | 1 735 | 7 395 | 20 |
| **Персонал санаты** | **2018 жылдың аяғындағы жалпы саны** | | **2018 жылғы даярлау сағатының саны** | | **Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған оқу сағаттарының орташа саны** |
| | **ер** | **әйел** | **ер** | **әйел** | |
| Жоғары басшылық (топ-менеджмент) | 53 | 7 | 1631 | 277 | 31 |
| ӘБП | 1 979 | 631 | 23270 | 15 513 | 29 |
| Өндірістік персонал | 10 942 | 3 644 | 567353 | 141 838 | 44 |
| Қызмет көрсетуші персонал | 46 | 417 | 1013 | 4 321 | 21 |

### Бір қызметкерді оқытуға жылына бөлінетін сағаттар саны, өңірлер бойынша




Бәсекеге қабілеттілікті сақтау және дамыту, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге белсенді түрде әрекет ету, келешегі зор, кәсіби шеберлігі жоғары және тартылған қызметкерлердің әлеуетін өсіру, өзінің басқарушы қызметкерлерін тәрбиелеу мақсатында Компания сабақтастық пен талanттарды басқару жүйесін дамытуда.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында маңызды лауазымдарға орналасу үшін бірыңғай кадр резерві қалыптастырылады және объективтілік, ашықтық, әділдік, еріктілік және тиімділік қағидаттарына негізделген кадр резервінен іріктеу мен тағайындау рәсімдері енгізілуде.

Сонымен қатар, мансаптың тік өсуіне ғана емес, сонымен қатар кросс-функционалды білімді дамытуға баса назар аудару қажет..

Компания қызметкерлерінің қызметін бағалаудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес келесі бағалау жүргізіледі:

- мақсаттар мен құзыреттер бойынша кешенді (қорытынды) бағалау, ол өзіне өзін-өзі бағалау, шолу кездесулері, дағдыларға, әлеуетке шолу, қызмет тиімділігін арттыру және даму үшін мүмкіндіктер бойынша қызметкерлерге бағыттарды бағалау мен беруді қамтиды;
- есепті кезеңде мақсаттарды орындау дәрежесіне мониторинг жүргізу мақсатында тоқсан сайын өткізілетін қызметкерлердің қызметіне аралық шолу.

Кадр резервін қалыптастыру мен дамыту процесі қызметкерлердің жыл сайынғы жұмысын бағалаумен тығыз байланысты, соның негізінде таланттар картасы жасалады, резервистердің жеке даму жоспарлары (ЖДЖ) жасалады, тәлімгерлік, тағылымдама бағдарламалары және сабақтастық бағдарламалары дамиды.

Корпоративтік басқаруды дамыту аясында «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі және компанияны басқару органдары басшылық лауазымдарға сабақтастық жоспарын құру мен іске асыруға үлкен көңіл бөледі.

## Қызметкерлердің қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Компания орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, өндірістік жарақатты азайту және жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту саясатын жүргізеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының негізгі міндеттерінің бірі — әрбір жұмыскердің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету.

Жоғары жарақаттанумен немесе белгілі бір аурулармен сырқаттанушылықтың жоғары қаупімен ықтимал ұштасқан қызмет компанияда жоқ.

Компания мынадай жұмыстарды жүргізеді (бұлармен шектелмейді):

1) жекелеген кәсіптер мен жұмыс орындары үшін қауіптер мен қауіптерді талдау;
2) жер сілкінісі, көшкін немесе су тасқыны сияқты қауіпті табиғи құбылыстар салдарынан болатын ықтимал әсерлер мен тәуекелдерді бағалау;
3) жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету, жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға қойылатын талаптарды түсіндіру, жеке қорғаныс құралдарын қолдануды қамтамасыз ету;
4) барлық қызметкерлер үшін, олардың жұмысының қауіптілігі мен тәуекелдерді ескере отырып, қауіпсіздік саласы бойынша дайындау;
5) жазатайым оқиғаларды, соның ішінде: жалпы жұмыс уақыты, ауыр жарақаттар, уақытты жоғалту және жарақатқа әкелуі мүмкін оқиғалар туралы есеп жүргізу арқылы жазатайым оқиғаларды тергеу бағдарламасын әзірлеу және т.б.;
6) қызметкерлерді медициналық тексеруден өткізу бағдарламасын әзірлеу;
7) шектеулі кеңістіктерде жұмыс істеу сияқты қауіпті міндеттерді орындау үшін өз қызметкерлерін де, мердігерлерді де қамтитын жұмысқа рұқсат беру жүйесін ендіруді қамтамасыз ету;
8) «ескерту белгілерін оқшаулау және орнату» рәсімдерін әзірлеу мен іске асыру;
9) жұмыс орнындағы қауіпті бақылау;
10) қажет болған жерде қауіпсіздік белгілерін (өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайларға, шуға, темекі шегуге жауап қайтару және т.б.) орналастыру;
11) ТЖ, ірі өндірістік авариялар орын алған жағдайда Іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

«Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін әр компания «OHSAS-18001 Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі» халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау жүзеге асырылады (5 жылда 1 рет). Аттестация нәтижелері бойынша зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді.

Тоқсан сайын техника қауіпсіздігі бойынша тренингтер өткізіледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясатқа сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін әр ұйым жыл сайын Еңбекті қорғау мәселелерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды, сонымен қатар ұйымдастыру-профилактикалық шаралар кешені жүзеге асырылады.

ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 234 бұйрығымен бекітілген ҚР Энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ЕТҰ-да келесі нысандарда персоналмен қауіпсіздік техникасы бойынша тұрақты тренингтер өткізіледі:

— жаңа лауазым бойынша даярлау, оған мыналар кіреді: оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімді алғашқы біліктілік тексеру; қайталау;
— мерзімді білімді біліктілік тексеру;
— апатқа қарсы бақылау және өртке қарсы жаттығулар;
— нұсқаулық;
— біліктілікті арттыру.

Оқыту бекітілген кесте бойынша тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі.

Компанияның барлық кәсіпорындарында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер (бұдан әрі — өндірістік кеңестер) жұмыс істейді. Өндірістік кеңестер құрамына паритеттік негізде жұмыс берушілердің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері, соның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар кіреді.

Тоқсан сайынғы негізде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерін қадағалайтын құрылымдық бөлімшелер басшыларымен селекторлық кеңестер өткізіліп, нәтижелері бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу және оларды болдырмау бойынша нұсқамалық құжаттар қабылданады.

Алматы, Павлодар және Түркістан облыстарының еңбек бойынша уәкілетті органдарымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы жазбаша келісімдер жасалды.



Компания халықаралық стандарттардың, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің, Қоғамның қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау үшін жоспарлы және жоспардан тыс. (кенеттен) тексеру жүргізу тәжірибесін енгізді. Есепті кезеңде 14 жоспарлы тексеру, 3 жоспардан тыс. (кенеттен тексеру) жүргізілді.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау және есепке алу тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің «Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеу және тіркеу» деп аталатын 20-тарауына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Оқиғаларды есепке алу және тергеу» корпоративті стандартына сәйкес түпкі (жүйелік) себептерді анықтау мақсатында жазатайым оқиғаларға ішкі тергеу жүргізу тәжірибесі енгізілді. Жоғарыда аталған корпоративті стандартқа сәйкес, жазатайым оқиғаларға алып келмеген оқиғаларға қатысты тергеулер жүргізілуде.

Еңбек қауіпсіздігінің алдын алу және өндірісте жарақаттану деңгейін төмендету мақсатында есепті кезеңде жазатайым оқиғаларға әкеп соқпаған оқиғаларға қатысты 35 тергеу жүргізілді. Тергеу нәтижелері бойынша түзету шаралары жасалып, жүзеге асырылуда.

Алдын алу және түзету шараларының көптігіне қарамастан, 2019 жылы жұмысқа байланысты 10 жазатайым оқиға тіркелді, оның ішінде 1-топтық: оның 1-і өлімге әкеп соқтырған, 5-і ауыр, 5-і жеңіл жағдай түрінде бағаланды. Жазатайым оқиғаны жасыру бойынша 2018 жылғы 23 ақпанда «ЕГРЭС-1» ЖШС-да 1 факт анықталды, жазатайым оқиға жұмысқа байланысты болған, ол 2019 жылы есепке алынды. Төменде өндірістік жарақаттың жарақат түрлері бойынша көрсеткіштері келтірілген.

### Жарақат түрлері бойынша зардап шеккендер саны

| Жарақат атауы | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
|---|---|---|---|
| Химиялық күйік, термиялық күйік | – | 1 | 2 |
| Соғып алу | – | 1 | 1 |
| Жарақаттық ампутация | – | – | – |
| Электр жарақаттары (термиялық күйіктер) | 2 | – | 1 |
| Сынықтар | 4 | 5 | 5 |
| Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы) | 1 | 1 | – |
| Көз жарақаты | – | – | – |
| Бас-ми жарақаты, ми шайқалуы | – | 2 | 2 |
| **Зардап шеккендер саны** | **7** | **10** | **11** |
| **Жазатайым оқиғалар саны** | **7** | **10** | **10** |

Еңбек қабілетін уақытша жоғалтумен жарақаттану жиілігінің коэффициенті LTIFR: 10*10000/30359979, 9=0,33 құрады.

FIFR өндірістік қызметіне байланысты өлімге ұшыраған жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті: 10*10000/30359979, 9=0,03 құрады.

Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті — 574,49

LDR жарақаттанушылыққа байланысты жұмыс уақыты шығынының коэффициенті: 1298*10000/2259386=574,49 құрады.

Жоғалған күндер коэффициенті 1298 құрады.

Келмеген күндер коэффициенті — 172984

Есепті кезеңде кәсіби аурушаңдық коэффициенті анықталған жоқ.

Есепті кезеңде өліммен аяқталған екі жазатайым оқиға тіркелді. Екі жағдайда да Алматы аймағындағы ер адамдар жазатайым оқиғаға ұшырады. Бір оқиға «АЖК» АҚ-да және екіншісі — «АлЭС» АҚ-ның мердігерлік ұйымында болды.

Қызметкерлерге қорғалу кепілдігін беру үшін Компания әлеуметтік қорғау бағдарламасын (медициналық сақтандыру, өмірді сақтандыру, зейнетақымен қамсыздандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру және т.б.) дамытуды, еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуды жалғастырады.

Заңнамаға сәйкес Компания еңбекке жарамсыздық парақтарын төлеуді, медициналық сақтандыруды, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруды, қызметкерлерді жыл сайынғы медициналық тексеру және өндірістік жарақат алған кезде материалдық көмек көрсетуді де жүргізеді.

2018–2019 жылдардағы өндірістік жарақаттанудың өсуі 2017 жылмен салыстырғанда өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеудің ашықтығын арттыру бойынша жұмыстардың ұлғаюына байланысты. Мысалы, 2018 жылы «ЕГРЭС-1» ЖШС-да «жазатайым жағдайсыз 1000 күн» іс-шарасы аталып өтілді, 2019 жылы 6 жазатайым оқиға орын алды, оның ішінде 2018 жылы бір жазатайым оқиға жасырылған.

Компанияның кез-келген кәсіпорнындағы әрбір өндірістік жарақаттану жағдайына маңыздылық деңгейі жоғары деген мәртебеге ие болып, дереу «Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардың Директорлар кеңесінің/Байқаушы кеңестерінің қарауына жедел түрде шығарылады.

## Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қабылданатын шаралар

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы бойынша мынадай шаралар қолданылады:

1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.

2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі (Компания тобында жазатайым оқиға болған жағдайда).

3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс. тексеру жүргізіледі.

4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшыларының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Өткізілген Қауіпсіздік техникасы күнінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.

5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.

6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша Қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру ережелеріне сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі. Басшылар денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің курстарында, мамандар «Халықаралық NEBOSH сертификаты» бойынша еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласында үздіксіз білім беру курстарында оқытылады.

7. Жөндеу науқаны алдында Компанияның барлық кәсіпорындарда құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтар қамтылған семинар-кеңестер өткізіледі.

8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.

9. Ұзақ уақыт пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.

10. Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша персоналға қосымша тренингтерді/оқу өткізуді ескере отырып, жұмыс орындарында тәуекелдер карталарын/тізілімдерін өзектендіру жүргізіледі.

11. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұзғаны үшін жеке жауапкершілік жүйесі енгізілді.

12. Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды есепке алу және тіркеу үшін электрондық журналдарды жүргізу тәжірибесі енгізілді.

13. Жүріс-тұрыс қауіпсіздігінің жетекші аудиттері тәжірибесі енгізілуде.

14. Компания тобының қызметкерлері денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу бойынша, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастыратын (Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау комитеті мен Сараптамалық топ жұмысына қатысу) іс-шараларға белсенді қатысады.

Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету жөніндегі қызметтің маңызды бағыты қауіпсіздік мәдениетін жақсарту жөніндегі жұмыс болып табылады. Сонымен, Трансформация бағдарламасы аясында 31.03.2017 бастап кешенді қауіпсіздікті басқару бойынша жаңа модель енгізу жобасы іске асырылуда

Жоба жарақаттану көрсеткіштерін және персоналдың жарақаттарының ауырлық дәрежесін төмендетуге, сондай-ақ қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған (қызметкерлерді тарту және ынталандыру).

ЕҚ және ӨҚ, ҚОҚ саласында жаңа әдістемелерді/стандарттарды енгізу және ол мыналарды қамтиды:
1. Жарақаттануды болдырмау саласындағы басқару жүйесінің тиімділігін талдау процесін ұйымдастыруды жетілдіру;
2. Қауіптерді талдау және оқиғаларды болдырмау саласындағы тәуекелге бағытталған тәсілге көшу.
3. Келесі корпоративтік стандарттарды енгізу:
— «Басшылық тарапынан еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін бағалау»;
— «Көшбасшылық мінез-құлық қауіпсіздік аудитин жүргізу»;
— «ӨБ, ЕҚ, РБ, ОС тәуекелдерін бағалау»;
— «Қауіпсіздіктің алтын ережелері»;
— «Оқиғаларды есепке алу және тексеру»;
— Персоналды қауіпсіз мінез-құлыққа ынталандыру».

Жоба компаниялар тобында кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Нысаналы процестерді енгізу 2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-да, сондай-ақ «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да, «Ө. Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ-да және «Шардара СЭС» АҚ-да іске асырылды. 2019 жылдың екінші жартысында жоба «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да және «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-да басталды. Бұл әсерді бағалау дәрежесі бойынша ең ауқымды жоба. Қазіргі уақытта жобаға шамамен 3 500 қызметкер тартылды.

2021 жылдың 31 желтоқсанына қарай жоба компаниялардың барлық тобы бойынша енгізілетін болады. Жобаны енгізу нәтижесінде 2028 жылға дейінгі кезеңде жарақаттану деңгейі көрсеткішінің 30%-ға төмендеуі күтілуде.

## Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін барлық кәсіпорындар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген: жылжымалы өрт сөндіргіштермен, өрт крандарымен жабдықталған, ұнтақты құрамы (құм) бар жәшіктермен, сондай-ақ отқа төзімді маталармен (киіз және т.б.) қамтамасыз етілген. Бақылаушы мемлекеттік органдар, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің өкілдері, сондай-ақ кәсіпорынның еңбекті қорғау мамандары жоспарлы және жоспардан тыс. тексерулер кезінде жарамды өрт сөндіру құралдарының болуына бақылау жүргізеді.

2019 жылы «Самұрық-Энерго»АҚ-ның компаниялар тобының құрамына кіретін кәсіпорындар нысандарында 1 өрт оқиғасы тіркелді. 2019 жылғы 4 сәуірде «Богатырь Көмір» ЖШС гидравликалық сорғы қабығының жарылуы себебінен экскаватордың мотор бөлігі өртенді. Себебі: гидравликалық сорғының ЖҚЖ қабықшасының жарылуы; 1 адам — экскаватор машинисі зардап шеккен, оған 251375 теңге төленді.

*«Энергетик болу – менің өз шешімім. Бұл мамандықты таңдауыма сұраныстың жоғарылығы ғана емес, осы салада жұмыс істеудің қызықты да тартымдылығы ықпал етті. Мен елімізді дамытуға үлес қосып, оның игілігі үшін жұмыс істеп жүргеніме қуаныштымын»*



**ТЕМІРЛАН СЕЙІТЖАНОВ**
*«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Жылу автоматикасы және өлшеу құралдары цехының шебері*





## Әлеуметтік тұрақтылық және корпоративтік мәдениетті дамыту

Әлеуметтік тұрақтылық пен персоналды қатыстыру көрсеткіштерін жыл сайын өлшеу қызметкерлердің адалдығы мен сенімін, персоналдың әлеуметтік әл-ауқаты мен қатыстырылу деңгейін арттыру, персоналдың еңбек қызметімен байланысты еңбек жағдайлары мен процестерін жақсарту, коммуникация жүйелерін дамыту және кез келген өзгерістер туралы ақпараттандыру шараларын уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Компания әлеуметтік көрсеткіштерді талдау және қызметкерлерге сауал қою нәтижелері бойынша осы зерттеулердің барлық көрсеткіштерін серпінді түрде арттыруға ұмтылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша 2019 жылы Әлеуметтік тұрақтылық индексі 65%-ды құрады. Өткен жылдың қорытындыларымен салыстырғанда көрсеткіш 1%-ға өсті. Сонымен қатар, 2019 жылғы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қатыстыру индексі өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға артып, 68%-ды құрады.

Қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту және ұжымда ахуалды тұрақтандыру бойынша қажетті басқару шараларын қабылдау мақсатында Түзету шараларының іс-жоспарлары әзірленіп, бекітілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Келісу комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде, олар жұмыс берушінің өкілдері мен кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдерінен құрылған, негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шағымдар мен өтініштерді қарастыру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бәсекеге қабілетті әлеуметтік топтаманы беруге ұмтылады, оның болуы білікті қызметкерлерді тартуға мүкіндік береді. Өтемақылар мен жеңілдіктер қызметкерлер мен олардың отбасылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға арналған. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызмткерлерімен жасасқан ұжымдық шартқа сәйкес ұсынылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің құрамына мыналар кіреді:

1. еңбек демалысына қосымша сауықтыруға, баланың тууына байланысты материалдық көмек;
2. (қызметкерді және оның жақын туыстарын) жерлеуге, зейнеткерлерді емдеуге, төтенше жағдайларға және т.б. байланысты материалдық көмек;
3. табысты жоғалтуына байланысты материалдық көмек (жүктілікке және босануға байланысты демалыс немесе нәрестені (ұл/қыз) асырап алуға байланысты демалыс);
4. ерікті медициналық сақтандыру;
5. қызметкерлер мен балалардың шипажай-курорт жағдайында емделуі;
6. қызметкерлердің мерейтойларына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу;
7. мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар;
8. қарыздарды төлеу;
9. асыраушысының жарымжан боп қалғаны немесе одан айрылғаны үшін берілетін жәрдемақы;
10. балаларға жаңа жылдық сыйлықтар және т. б.

2019 жылы Ұжымдық шартқа сәйкес 789 942,6 мың теңгеге әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер берілді.



### Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі

| № | Көрсеткіш | Мәні (2018) | Өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|
| 1. | 2019 жылдың соңындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны) | 17 719 | адам |
| 2. | Оның ішінде 2018 жылғы ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер саны: | 17 151 | адам |
| 3. | Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі: | 97% | % |

Компания сауықтыру, спорт және демалыс ұйымдастыру мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:
1) еңбек сіңірген жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосымша күндер беру;
2) спорттық инфрақұрылымға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, жаттығулар мен жарыстарды ұйымдастыру арқылы қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізу және бұқаралық спорт түрлерін дамыту;
3) корпоративтік ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын жүйелі насихаттау;
4) мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуге, жаңа жылдық сыйлықтар сатып алуға, Энергетиктер күніне орай бағалы сыйлықтар сатып алуға жыл сайын қаржы бөлу;
5) Қазақстан Республикасының шипажайлары мен профилакторийлерінде жазғы демалыс кезеңінде мектеп жасындағы балалардың демалуы үшін іс-шаралар ұйымдастыру;
6) Компания қызметкерлерінің мүгедек-балалары мен жетім-балаларға шипажайға және балаларды сауықтыру орталықтарына берілетін жолдамалардың құнын ішінара өтеу.

2019 жылдың жазғы кезеңінде «Жасыбай» демалыс орталығының «Березка» демалыс үйінде 3134 адам, «Жасыбай» демалыс орталығының «Қарлығаш» сауықтыру орталығында 1152 бала демалды.

Қызметкерлерді сауықтыру және аурудың алдын алу үшін «Богатырь Көмір» ЖШС басшылығы 2019 жылға «Мойылды», «Белокуриха», «Арман» шипажайларына 260 жолдама сатып алып, оларға қызметкерлерді жіберді.

### Негізгі қызмет бойынша бөлгенде, жұмыспен уақытша немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, жұмыспен толық қамтылған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер

| № | Көрсеткіш | Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін | Жұмыспен уақытша немесе толық қамтылмаған қызметкерлер үшін |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер** | | |
| 1.1. | Өмірді сақтандыру | Беріледі | Беріледі |
| 1.2. | Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру) | Беріледі | Беріледі |
| 1.3. | Еңбекке жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар | Беріледі | Беріледі |
| 1.4. | Ана/әке болуына байланысты демалыс алу | Беріледі | Беріледі |
| 1.5. | Зейнетақы беру (зейнетке шыққан кездегі біржолғы төлем) | Беріледі | Берілмейді |
| 1.6. | Компанияның акцияларын жеке меншікке беру | Берілмейді | Берілмейді |
| 1.7. | Өзге (шипажай-курорт жағдайында емделу, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге байланысты материалдық көмек, сауықтыруға байланысты материалдық көмек) | Беріледі | Беріледі |




2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 3 849 496 мың теңгеге әлеуметтік төлемдер төленді. 2018 жылдың осыған ұқсас кезеңінде әлеуметтік төлемдер шығындары 3 229 763 мың теңгені құрады. Төлем құрылымында негізгі үлесті мынадай шығындар құрайды: еңбек демалысын алған кездегі сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы — 28 %, қызметкерлердің шипажай-курорт жағдайында емделуі — 6 %, қызметкерлердің мерейтойына байланысты біржолғы көтермелеу (50, 60 және 70 жас) — 3 %, баланың туылуына байланысты материалдық көмек — 2 %, мерекелік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар — 3 % және басқа әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасынан жұмсалатын шығыстар.

Есеп беру жылында Қоғам тобында корпоративтік мәдениетті дамыту аясында 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнін, Наурыз мейрамын, Конституция күнін, Энергетик күнін мерекелеуге орай мәдени-ойын-сауық іс-шаралары өткізіліп, онда ерекше көзге түскен қызметкерлерге құрмет көрсетіп, мемлекеттік, ведомстволық және ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдары қауымдастығының, «Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т.б. наградалары тапсырылды.

## Жас қызметкерлерге қатысты саясат

Бизнестің әлеуметтік жосы іске жұмылдыруды арттыру бойынша жас ұрпақтың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге, жастарды әлеуметтік қолдауға және Компанияны болашақта жоғары бейінді мамандармен қамтамасыз етуге бағытталған жан-жақты жұмыс жүргізуде.

Осы бағыттың міндеттері:

- компанияның жастар активі есебінен Компания басшылығы жанында Жастар кеңесін құру және дамыту;
- жастар қоғамдастық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
- жас мамандардың ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, форумдарға, конкурстарға және басқа да іс-шараларға қатысуы;
- кадрларды даярлау, үздік түлектерді іздеу және іріктеу, студенттердің өндірісте тәжірибеден өтуі мен тағылымдамасын ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын жетілдіруге қатысу және дуальді оқытуды дамыту, стипендиялық бағдарламаларды дамыту және т. б. мәселелері бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде бейінді білім беру ұйымдарымен жұмыс істеу;
- жас мамандарды, жас отбасыларды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын дамыту;
- жас мамандарға қатысты бейімдеу, тағылымдамадан өту, тәлімгерлік және менторлық, оқыту, мансаптық және кәсіби жоспарлау жүйелерін дамыту.

2019 жылы Компанияда жастар істері бойынша **Jas Energy** кеңесі құрылды.

2019 жылғы қорытындылар бойынша Кеңес қызметінің нәтижесі:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жас мамандары үшін бірінші форум — Jas Energy Fest;
2. «Шын жүректен» қайырымдылық жәрмеңкесі. Жиналған қаржы көп балалы аналар мен қарт адамдарды қолдау үшін жұмсалды;
3. Өз әріптестерінің салауатты өмір салтын қолдау үшін «Витамин күні» науқаны.
4. Өмірге деген таза және шын махаббатты білдіретін «Арман-тілектер ағашы» науқаны. Жас белсенділер оны онкологиялық аурулармен ауыратын балаларға көмек көрсету үшін жасады. Осылайша, онкологиялық аурулармен ауыратын балалар өз сыйлықтарын алды.

Компания жас, талантты жұмыскерлерді тарту және тұрақтандыру туралы, жас мамандар үшін жұмыс орындарын құруға, тәлімгерлік институтын дамытуға, дарынды мектеп түлектерін ҚР, таяу және алыс шетел ЖОО-ларында энергетика саласы мамандықтары бойынша оқытуға ниет білдіреді.

«Жас Өркен» бағдарламасын іске асыру аясында, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы 7 жас маманды тағылымдамаға және «Цифрлық Жас» бағдарламасын іске асыру аясында 5 тәлімгерді қабылдады.

«Цифрлық Жас» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өткеннен кейін 2 тәлімгер «Самұрық-Энерго» АҚ-ға жұмысқа қабылданды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолдауымен Алматы Энергетика және байланыс университеті физика-математика пәндері бойынша Республикалық олимпиада өткізді.

Олимпиадаға 60-тан астам адам, оның ішінде елдің тоғыз техникалық ЖОО студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Студенттер екі пән бойынша жарысты: «Электр энергетикасы» және «Жылу энергетикасы». Мектеп бітіруші сынып оқушылары физика және математика пәндерінен білімдерін көрсетті.

Қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ студенттер өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден өту үшін жетекші отандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істейді.

2019 жылғы нәтижелері бойынша Компанияда 420 студент оқу-өндірістік тәжірибеден өтті.

## Адам құқығы

Адам құқықтарын сақтау саласында Компания өз қызметін заңнамаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырады, БҰҰ жариялаған адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығы мен құндылығын, оның ішінде бірігу еркіндігі, ұжымдық шарттар жасасу құқығын тану, еңбек құқықтары, қолайлы қоршаған ортаға құқық, денсаулықты қорғау құқығын мойындайды. Есепті жыл ішінде қызметкерлерді кемсіту жағдайлары тіркелген жоқ.

Адам құқықтарын сақтау саласындағы қағидаттар «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этика кодексінде көрсетілген.

Бұдан басқа, өз өнім берушілермен және мердігерлермен өзара іс-қимыл шеңберінде компания денсаулық сақтау және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қоса алғанда, еңбек заңнамасын сақтауды талап етеді. Тиісті талаптар Қоғамның және ЕТҰ-ның өнім берушелрмен үлгі шарттарына енгізілген.

Қызметкерлер тұрақты қызмет ететін Келісу комиссиялары, Әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын реттеу жөніндегі комиссиялар арқылы қолданыстағы заңнама аясында ұжымдық келіссөздерді жүргізуге құқылы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да персоналды іріктеу рәсімі тестілеу элементтерін қолдана отырып, транспаренттік және меритократия қағидаттарын сақтай отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ-да бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа қызметкерлерді бейімдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кандидаттарды іздеу және іріктеу конкурстық іріктеудің негізгі қағидаттарына: айқындылығы, кәсібилігі, лауазымдарға қойылатын кандидаттың жеке қасиеттері және оның біліктілік талаптары мен құзыреттеріне, сондай-ақ қызметкерлерге әділ және тең қарау қағидаттарына сәйкес конкурстық негізде жүргізіледі. «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлердің мүдделері мен құқықтарын қатаң сақтайды, нәсіліне, ұлтына, діни сеніміне, жынысына, отбасы жағдайына немесе тұрғылықты жеріне қарамастан барлық түлғаларға жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктер мен әділ тең жағдайлар жасайды. «Самұрық-Энерго» АҚ кемсітушіліктің кез келген түрін, бала еңбегін пайдалануға және мәжбүрлеп еңбек етуді болдырмауға барынша ықпал етіп, кадрларды іріктеу мен олардың қызметін өсіруді тек кәсіби қабілеттері мен біліміне, білік-дағдыларына қарай жүргізуге күш салады.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық, әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу және қорғау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 15 199 адам мүшесі болып табылатын 11 кәсіподақ ұйымы жұмыс жасайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ кәсіподағы «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері — кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін еңбек заңнамасын сақтау, белгіленген әлеуметтік кепілдіктер және шарт ережелерін орындау бөлігінде қорғайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша мүдделі тараптармен диалог құрады. Атап айтқанда, алаңдаушылық пен кінәраттар туралы ақпарат алу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы веб-сайтында кері байланыс жүйесі арқылы өтініштер мен шағымдарды беру және қарау тетігі пысықталды — «Жедел желіге» жазбаша өтініш немесе телефон шалу.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ бойынша 73 өтініш тіркелді және барлық өтініштер есепті кезең ішінде реттелді. 2018 жылдың ұқсас кезеңінде компанияда 83 шағым мен өтініш тіркелді.

### Шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдар саны

| № | Көрсеткіш | Мәні |
|---|---|---|
| 1. | 2019 жыл ішінде шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны, олардың ішінде: | 73 |
| 1.1. | есептік кезең ішінде өңделген | 73 |
| 1.2. | есептік кезең ішінде реттелген | 73 |
| 2. | Есептік кезең басталғанға дейін берілген және есептік кезең ішінде реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны | |

### Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін көрсету

| № | Показатель | Значение |
|---|---|---|
| **1.** | **Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғалған ба** | **Иә** |
| **2.** | **Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жергілікті деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:** | |
| 2.1. | Жеке қорғаныш құралдары | Иә |
| 2.2. | Басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер | Иә |
| 2.3. | Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі инспекцияларға, аудиттер мен жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы | Иә |
| 2.4. | Білім және оқыту | Иә |
| 2.5. | Шағым беру тетіктері | Иә |
| 2.6. | Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы | Иә |
| 2.7. | Аралық инспекциялар | Иә |
| **3.** | **Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жаһандық деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:** | |
| 3.1. | Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) ұсыныстарына сәйкес келуі | Иә |
| 3.2. | Проблемаларды шешу бойынша шаралар немесе құрылымдар | Иә |
| 3.3. | Нәтижеліліктің мақсатты стандарттарына немесе іс жүзінде қабылданатын әдістердің деңгейіне қатысты міндеттемелер | Иә |

## Компания ұйымдары жұмыс істейтін өңірлердің әлеуметтік дамуына қосылған үлес

Көптеген жылдар бойы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде Компания қатысу өңірлерінің дамуына өз үлесін қосып, Компанияның жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, аймақтағы экологиялық жағдайды жақсартуға, әлеуметтік қолдауға және т. б. қатысу мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастықтармен үздіксіз өзара іс-қимылды қолдайды.

### Қатысу өңірлерін дамыту

Кейбір инвестициялық жобаларды іске асыру еншілес және тәуелді ұйымдардың орналасқан өңірлерінде жергілікті инфрақұрылымның дамуына ықпал етті. Мысалы, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның орналасу өңірінде Солнечный к. Мен Екібастұз қ. Инфрақұрылымын дамтыу жолға қойылды. Осылайша, Солнечный кентінде мешіт, шіркеу, мәдениет үйі, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, бассейн, қонақ үйі және т.б. инфрақұрылымдық объектілер салынды. Өз кезегінде, Екібастұз қаласында тұрғын үйлер, жатақханалар, Энергетиктер мәдениет үйі, сондай-ақ Екібастұз ГРЭС-1 станциясынан Екібастұз ГРЭС-2 станциясына дейін жолдар салынды.

Осындай жобалар сондай-ақ 235 адам тұратын (олардың: 100 адам — қызметкер, 135 –отбасы мүшелері) Мойнақ ГЭС қызметкерлері үшін «Мойнақ ГЭС» АҚ (77 үй, 1 балабақша және мешіт) орналасқан аймақтарда іске асырылды.

«Богатырь Көмір» ЖШС адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларды жан-жақты қолдайды, қалалық әлеуметтік бағдарламаларға белсенді қатысады. Қаланың таулы муниципалдық округіндегі балалар ойын және спорт алаңдарын абаттандыру бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Балалар алаңқайларын жөндеу және қалпына келтіру, құм салғыштарға құм әкелу, «Шахтер» саябағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Ұлы ақын және ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпеевке монумент орнатылды, Қонаев көшесінде бағдаршам орнатылды.

«Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз қаласында 20 541,9 мың теңге сомасына балаларға арналған ойын кешенін салды.

Қысқы кезеңнің басталуымен, өткен жылдардағыдай, «Шахтер» қалалық саябағында Жаңа жылдық мұз қалашығы орнатылды. Сондай-ақ қайырымдылық мақсатында «Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз қаласы бойынша орнатылған төрт ағаш төбешіктер үшін мұзбен қамтамасыз етуге көмек көрсетті.

### Экологияға қосқан үлесі

2019 жылғы 18 қарашада Алматы облысы бойынша экология департаменті мен «Алматы электр станциялары» АҚ арасында қоршаған ортаға эмиссиялар көлемін тұрақтандыру және кезең-кезеңмен төмендету мүмкіндігі бөлігінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Бекітілген аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстар жүргізілді — іргелес аумақты жоспарлау, көгалдар мен жасыл желектерді күту жұмыстары жүргізілді. Көгалдандыру аясында «Богатырь Көмір» ЖШС өтем ретінде 50 дана ағаш отырғызды.

2019 жылы қыркүйек айында «Алматы электр станциялары» АҚ «Макулатураны тапсыр — ағашты құтқар!» атты экологиялық челендж өткізді. Науқан нәтижесі бойынша 144 мың теңге сомасына 3 204 кг макулатура тапсырылды.

«Алматы электр станциялары» АҚ-да «Біз жасыл Қазақстан үшін!» атты экологиялық фестиваль өткізілді. Фестивальдің негізгі мақсаты — қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынасты, табиғатты пайдаланудың адамгершілік және құқықтық қағидаттарын қалыптастыру.

### Халыққа көмек көрсету

«Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз қаласы әкімдігімен бірлесіп Әлеуметтік серіктестік туралы келісім шеңберінде жыл сайын қаржылық көмек көрсетумен айналысады, қайырымдылық көмекті қалалық коммерциялық емес ұйымдар мен жеке тұлғалар және қамқорлыққа алынған № 6 мектеп-лицей сияқты білім беру мекемелері, «Екібастұз» балалар қоры, «Қоршаған ортаны қорғау» қоғамдық бірлестігі және басқалары иеленді. Діни конфессиялар мен «Екібастұз» футбол клубы да Компанияның қаржылық көмегінен тыс. қалған жоқ.

*«Мен экономиканың нақ осы саласы прогрестің қозғаушы күші екенін білгендіктен энергетик мамандығын таңдадым»*



**САПАРБАЕВ НҮРКЕН ДІЛМАХАМБЕТҰЛЫ**
*«Шардара СЭС» АҚ турбина цехының слесарі*





«Богатырь Көмір» ЖШС-нің 2019 жылы қаржылық көмегі 243 370 мың теңгені құрады.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Екібастұз қ. және Солнечный к. мүмкіндігі шектеулі балаларға, аз қамтылған отбасылардың балаларына, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа жылдық сыйлықтар бөлді. Жаңа жыл қарсаңында Компания Солнечный кентінің мүмкіндігі шектеулі балаларды, жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа жылдық тосын сыймен қуантты, «Үміт» балалар үйінің балалары, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі, «Аутист балалар ата-аналарының бірлестігі» ҚҚ және Екібастұз қаласының қайырымдылық қоры назардан тыс. қалған жоқ.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жыл сайын Солнечный кентінің Жаңа жылды мерекелеуге дайындығына қатысады. 2019 жылы кент алаңында кіре беріс арқасы безендірілді, Абай атындағы алаңда шырша, Аяз Ата мен Ақшақардың мүсіндері орнатылды, балалардың демалуына арналған төмпешіктер мен сырғанақтар құйылды. Сондай-ақ, цех қызметкерлері кент тұрғындарына сыйлық жасады – аққала шырша, сағат және т. б. түрінде түрлі иллюминация жасап орнатты.

Аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға «Қарлығаш» БСО-ға 160 тегін жолдама бөлінді. Жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар үшін жыл сайын Жасыбай көлінің жағасында «Қарлығаш» балалар лагеріне 200 орын бөлінеді.

Жергілікті инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалардан басқа, Компания қайырымдылық және демеушілік көмек арқылы халықтың осал топтарын қолдау қызметін жүзеге асырады:

- Зейнеткерлер мен интернационалист – жауынгерлерге тұтынылған электр энергиясы үшін 150 кВт ай сайынғы төлем түрінде көмек («Шардара СЭС» АҚ»)
- Жеңіс күніне орай ҰОС, Еңбек майданына қатысушыларға және оларға теңестірілген тұлғаларға қайырымдылық көмек көрсету («Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ)
- Аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек («Богатырь Көмір» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ). 2019 жылы аз қамтылған отбасынан шыққан 5 оқушы мектепке арналған тауарлармен қамтылған.
- Жергілікті халықтан 5 мүгедекке 30 000 теңге көлемінде бір жолғы ақшалай қаражат төлемі жүргізілді.

Сонымен қатар, Қордың қайырымдылық саясатына сәйкес Қор компаниялары тобының барлық демеушілік және қайырымдылық қызметін бірыңғай Оператор – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту Қоры жүзеге асырады, ол бірқатар бағыт бойынша конкурстық негізде іріктеу арқылы әлеуметтік маңызды жобаларды іске асырады.

Осыған орай, Компания «Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын» іске асыру және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды басқару үшін Қоғамның жеке мүмкіндіктерін пайдалану аясында «Samruk-Kazyna Trust» қорымен өзара іс-қимыл жасау жұмыстарын жүргізуде.

Қазіргі уақытта, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары әлеуметтік көмек алудың әлеуетті мүмкіндіктері туралы хабарландыру беріп, «Samruk-Kazyna Trust» қорына өтініштер беру үшін әлеуметтік сипатқа ие барынша өзекті проблемалары бар «Самұрық-Энерго» АҚ кәсіпорындар тобының орналасу өңірлерін талдау және анықтау жұмыстарын жүргізуде.

### Халыққа арналған мәдени-көпшілік шаралар

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС «Наурыз мейрамының» мерекеленуіне орай Екібастұз қаласының тұрғындары үшін жаппай қыдыруды ұйымдастыруға белсенді қатысты. Мереке аясында қызметкерлер қазақтың әдемі «Құда түсу» және «Сырға салу» атты театрландырылған қойылымын көрсетті. Бұл нөмір «Ең үздік киіз үй» байқауының конкурстық комиссиясының мүшелерін бей-жай қалдырмады және «Ең үздік салт-дәстүр» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, қала тұрғындары үшін мерекелік концерт және 1000 порция мөлшерінде палау, наурыз көже және дәмді тоқаштар түрінде азық-түлік жиынтығы үлестіріліп, қайырымдылық дастарханы ұйымдастырылды.

«Алматы электр станциялары» АҚ ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған челенджге қосылды, 2019 жылғы қарашаның соңында «Абай әлемі» атты конкурс өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – Абайдың өмір жолы мен шығармашылық жолын еліміздің рухани байлығы ретінде насихаттау. Байқау үш кезеңнен тұрды, оған 7 команда қатысты. Байқауға қатысушылар «Үздік оқушы», «Үздік жанкүйер», «Ақынның өмірі мен шығармашылығының үздік білгірі» номинациялары бойынша марапатталды.

JAS ENERGY

Балалардың көзімен болашақтың энергиясы







# ҚОСЫМША



# ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компания Есептің мазмұны мен сапасын анықтауда мынадай тәсілдерді ұстанады.

**Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және оның маңыздылығы.**

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау – бұл Компанияның әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарына ұмтылысы.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың мақсаты Компанияның стратегиялық дамуы мен оның қызметін жетілдіру жолдарын дұрыс таңдау, сонымен қатар мыналарды:

— ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қажеттіліктерін, үміттері мен пікірлерін;
— мүдделі тараптар тұрғысынан қиындықтар мен перспективаларды;
— ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды толғандыратын неғұрлым маңызды мәселелерді тану, анықтау және талдау мүмкіндігіне ие болғандықтан, одан барлығы да – Қоғам да, оның мүдделі тараптары да ұтатын орнықты даму деңгейіне жетуге жәрдемдесу болып табылады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың негізі Компанияға елеулі әсер ететін стейкхолдерлерді және олардың Қоғамға тәуелділік дәрежесін анықтау, маңызды матрица мен мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын құру болып табылады («Орнықты даму» бөлімін қараңыз).

Компания өз қызметі туралы жылдық есепті шығарғаннан кейін жыл сайын жылдық есепте ашылған ақпараттың теңгерімділігі мен толықтығын тексереді, сонымен қатар Компания мен оның мүдделі тараптарының қызметіне елеулі әсерін тигізетін және келесі есептілік циклында жылдық есепті қалыптастырған кезде ескерілуі тиіс тақырыптар мен аспектілерді анықтайды.

Аталған іс-шараларды іске асыру үшін біз пікірлерді жинақтадық, сондай-ақ мүдделі тараптардың, оның ішінде Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, қаржы институттарының, клиенттердің, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіби қоғамдастықтардың, еншілес ұйымдардың, топ-менеджменттің және басқа негізгі қызметкерлердің және т.б. мүдделері кеңінен ескерілді.

Біз мыналарды қамтитын құрылымданған процесті қолдандық:

— Маңызды тақырыптардың тізімін анықтау. Компания мен оның мүдделі тараптарының қызметі үшін орнықты даму тұрғысынан маңызды және Компания қызметінің ерекшеліктерін, жалпы үрдістерді, шетелдік және қазақстандық компаниялардың тәжірибелерін, GRI халықаралық стандарттарын, Компанияның Даму стратегиясын, Корпоративтік басқару кодексін, тәуекелдер тіркелімін және т.б. ескеретін тақырыптардың барынша толық тізімін қарастырды. Тізім Компанияның орнықтылығымен байланысты 39 тақырыпта (аспектіні) қамтыды.
— Компания мен оның мүдделі тараптарының қызметі үшін тақырыптар мен аспектілердің маңыздылығы мен басымдығын анықтау мақсатында сыртқы және ішкі стейкхолдерлерден сауалнама алу; Бұдан бөлек, барлық стейкхолдерлерді барынша қамту мақсатында Компания Компанияның 2018 жылғы жұмысының қорытындылары бойынша Жылдық есептің жарияланған интерактиві нұсқасы аясында барлық мүдделі тараптар үшін онлайн-сауалнаманы орналастырды ( https://ar2018.samruk-energy.kz/ru/index.html).
— Компания мен оның мүдделі тараптары үшін маңызы бар орнықты даму тақырыптары және олардың стейкхолдерлердің мүдделілік деңгейіне қатысты жағдайы мен Компанияның қызметіне әлеуетті ықпалы туралы көрнекі түсінік беретін маңыздылық матрицасын өзектендіру. Көлденең осі бойынша Компания үшін аспектілердің маңыздылығының бағасы, тігінен – стейкхолдерлер үшін аспектілердің маңыздылығының бағасы келтірілді. Мүдделі тараптар мен Компания үшін 4 балдан жоғары маңыздылық бағасын алған тақырыптар 2019 жылы неғұрлым маңызды болып танылды және Компанияның жылдық есебінің мәтінінде көрсетілді.

Талдау Компания мен оның мүдделі тараптары үшін бұрынғыдай инновацияны дамытумен, энергия тиімділігімен, экологиялық міндеттемелерге сәйкестікті қамтамасыз етумен, материалдарды, энергия мен суды тиімді пайдаланумен, қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және қызметкерлер мен мердігерлердің денсаулығын сақтаумен, парниктік газдар мен басқа да ластағыштардың шығарындыларын азайтумен, бопсалар мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл жасаумен байланысты тақырыптар маңызды болып қала беретінін көрсетеді.

Киберқауіпсіздік мәселелерімен және ақпараттық технологияларды дамытумен, комплаенс-тәуекелдерді басқарумен, өндірістік жарақатпен, тарифтік реттеумен, қаржылық тұрақтылықпен байланысты аспектілер жаңа болып табылады әрі олар 2018 жылдың Матрицасында жеке аспектілер ретінде қаралған жоқ.

Сонымен қатар 2019 жылы 2018 жылдың Маңыздылық матрицасымен салыстырғанда Компания мен оның мүдделі тараптары қалдықтарды басқару, жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестициялар, қоршаған ортаға салынатын инвестициялар мен жұмсалатын шығындар, компанияның беделін көтеру мен оған деген жағымды көзқарасты арттыру, энергия тұтынуды азайту және т.б. мәселелердің маңыздылығын атап өтті.

Ашық жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасаумен, қызметкерлерді жалдаумен, оның ішінде жергілікті халықтың арасынан алынған қызметкерлерді жалдаумен, тең мүмкіндіктермен, жергілікті өнім берушілерге жұмсалған шығындармен, мүдделі тараптардың сатып алу қызметін өзгертумен байланысты мәселелерді тараптар жоғары бағаламады, солай бола тұрса да, ол Компанияның есебінде көрсетілді.

**«Самұрық-Энерго» АҚ-ның маңыздылық матрицасы**



## 2019 жылғы маңызды тақырыптар тізімі:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | **Инновациялық даму және цифрландыру** | 21 | **Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығыстар мен инвестициялар (түрлерге бөлгенде)** |
| 2 | **Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар** | 22 | **Материалдарды, энергия мен суды тиімді пайдалану** |
| 3 | Қызметті атқару кезінде табиғи апаттар мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 23 | **Экологиялық заңнамалар мен нормативтік талаптарды сақтау** |
| 4 | **Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі (құрылған және бөлінген экономикалық құнды қосқанда)** | 24 | **Қалдықтарды басқару** |
| 5 | **Тарифтік реттеу** | 25 | Ұйымның су бөгеті айтарлықтай әсер ететін су көздері |
| 6 | **Қаржылық тұрақтылық** | 26 | Бірнеше рет және қайта пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі |
| 7 | **Тиімді инвестициялық қызмет** | 27 | Ұйымның ағызған суы мен оның аумағының бетіндегі ағын айтарлықтай әсер ететін су объектілері |
| 8 | Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл | 28 | Биологиялық әртүрлілікті сақтау |
| 9 | Әлеуметтік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру | 29 | Қызметкерлерге әділ сыйақы беру және оларды әлеуметтік қолдау |
| 10 | Сатып алудағы өзгерістер | 30 | Қызметкердің кәсіби және тұлғалық өсуі |
| 11 | Сатып алудағы әлеуметтік жауапкершілік | 31 | Жергілікті кадрлардың үлесін арттыру |
| 12 | Қызметті жүзеге асыратын маңызды аймақтарда жергілікті жеткізушілерге жұмсалатын шығындардың үлесі | 32 | Қызметкерді жалдау |
| 13 | **Бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерімен күресу** | 33 | Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер, оның ішінде гендерлік теңдік |
| 14 | **Тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіру және тәуекелдерді сапалы басқару** | 34 | Шағым беру тетіктері |
| 15 | **Комплаенс-тәуекелді басқар** | 35 | Мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін жою |
| 16 | **Қоғамға деген бедел мен оң көзқарастың артуы** | 36 | Еңбек пен жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою |
| 17 | **Жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестициялар** | 37 | Халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарының қорғалуын қолдау және оған құрметпен қарау |
| 18 | **Энергия тиімділік** | 38 | **Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі және олардың денсаулығын қорғау** |
| 19 | **Энергия тұтынуды азайту** | 39 | **Өндірістік жарақат** |
| 20 | **Парниктік газдар мен басқа ластаушы заттардың шығарындыларын (NOX, SOX, озонды бұзатын және басқа да маңызды ластағыштарды) азайту** | | |

### Орнықты даму мәнмәтіні

Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектісі бөлігіндегі үлесі туралы ақпарат ұсынады.

Компанияның тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі ұзақ мерзімді құнның өсуіне, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытуға инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған.

Экологиялық құрамдасы биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсер етуді барынша азайтуға, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия және материалдық үнемдеу технологияларын қолдануға, экологиялық қолайлы өнім жасауға, қалдықтарды барынша азайтуға, қайта өңдеуге және жоюға бағытталған.

Әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, олар өзгелердің қатарында: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды, қызметкерлердің әділ сыйақы беруді және құқықтарын құрметтеуді, персоналдың жеке дамуды, қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

### Толықтығы

Есептің көрсеткіштері мен мазмұны Компанияның есептік кезеңдегі экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға маңызды әсерін көрсету үшін жеткілікті болып табылады.

### Теңгерімділік

Аталған Есепте Компания нәтижелерінің есептік кезеңдегі оң және теріс аспектілері көрсетілді. Бөлек көрсеткіштер 3-жылдық динамикада көрсетілген.

### Салыстырмалылық

Аталған Есепті қолданатын мүдделі тараптар Компанияның қаржылық және өндірістік көрсеткіштер туралы ұсынылған ақпаратты бұрынғы кезеңдердің нәтижелермен және мақсаттармен салыстыра алады.

Есеп GRI Standards талаптарына сәйкес әзірленді, бұл стейкхолдерлерге Компанияның қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді.

### Нақтылық

Есептік кезеңде ұсынылған ақпарат мүдделі тараптар есептік кезеңдегі Компания қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жеткілікті толық және егжей-тегжейлі болып табылады. Ақпарат сапалы сипаттамалар ретінде де, сандық деректермен де көрсетілген.

### Уақытылылық

Есеп аудит жүргізілген қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін барынша қысқа мерзімде жыл сайынғы негізде және 30 шілдеден кешіктірмей ұсынылады, бұл аталған Есепте көрсетілген ақпарат өзекті болып табылатынына болжал жасауға мүмкіндік береді. Есеп корпоративтік веб-сайтта бүкіл стейкхолдерлер үшін бір уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

### Айқындық

Есеп туралы ақпарат мүдделі тараптарға түсінікті және қолжетімді нысанда баяндалды.

### Сенімділік

Осы Есепті әзірлеген кезде ұсынылған ақпарат мүдделі тараптар аталған есепті тексеруге және оның мазмұнының шынайлылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретіндей алдын ала талданды және ашылды.

Деректердің дереккөздері мемлекеттік органдарға жыл сайын ұсынылатын ресми есептілік нысандары болып табылады. Бірқатар көрсеткіш ішкі аудит рәсімдері аясында компаниялардың жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жинақталды және есептелді.

Компанияның Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырландыру есептілік қағидаттарына және Қоғамның Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылықтың ұсыныстарына және корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әрбір санаты бойынша сандық деректердің дәлсіздік ықтималдығы мейлінше азайды. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолюттік мәндермен толықтырылды. Сандық деректер көпшілік қабылдаған өлшем бірлік жүйесін пайдалана отырып көрсетілген және стандартты коэффициенттер көмегімен есептелген.

Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында қызметі мен жетістіктерінің нәтижелерін электрондық нұсқада, қағаз нысандарында және онлайн шолуға мүмкіндік береді. Компанияның алдыңғы Шоғырландырылған жылдық есепті жариялау күні – 2019 ж. 30 шілде.

## Есептің қамту және шекараларының салаларын шектеу

Осы Есепте көрсетілген Компанияның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2018 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2018 жылғы аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілік «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС («PwC») жүргізген тәуелсіз аудиттің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында қаржылық-операциялық нәтижелер және орнықты даму мәселелері бойынша ақпарат келтірілді. 2019 жылғы сапалық және сандық мәліметтер 2017 және 2018 жылдары пайдаланылған деректер қайда қолданылған көрсеткіштерде ақпаратты салыстыру мен талдау мақсатында ұсынылған.

Компания GRI Standards сәйкес Есептің шекараларын анықтады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті құру кезінде бірыңғай тәсіл мақсатында шоғырландыруда үлестік қатысу әдісі қолданылады. Сонымен қатар, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес, негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни қйта бағалаусыз жүргізіледі. Еншілес компаниялар сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан сатып алу күнгі әділ құны бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде шоғырландырылған баланста «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелік ету үлесі 50% құрайтын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Forum Muider B.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымы алынып тасталды.

«Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайда үлесі «үлестік қатысу әдісі және инвестициялардың құнсыздануы бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда/шығын үлесі» бабында көрініс табады.

Компанияның 2019 жылғы аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде «Самұрық-Энерго» АҚ келесі еншілес және тәуелді ұйымдарының көрсеткіштері пайдаланылды:

| Ұйымның атауы | Қызмет түрі | Дауыс беру құқығы % | Қатысу үлесі | Тіркелу елі |
|---|---|---|---|---|
| Еншілес ұйымдар: | | | | |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша электр энергиясын беру және тарату | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | Алматы қаласында және Алматы облысында электр және жылу энергиясы мен ыстық су өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС | Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сату | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Шардара СЭС» АҚ | Оңтүстік Қазақстанда су электр станцияларында электр энергиясын өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | Алматы облысындағы су электр станцияларында электр энергиясын өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | Көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Бұқтырма СЭС» АҚ | Жалға берілген Бұқтырма су электр станциясының меншік иесі болып табылады | 90% | 90% | Қазақстан |
| «Өскемен СЭС» АҚ | Гидроэлектр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады | 89.99% | 89.99% | Қазақстан |
| «Шүлбі СЭС» АҚ | Гидроэлектр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады | 92.14% | 92.14% | Қазақстан |
| Samruk Green Energy ЖШС | Жаңартылатын электр энергиясын дамыту | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Казгидротехэнерго» ЖШС | Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Теплоэнергомаш» ЖШС | Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру | 95% | 95% | Қазақстан |
| «Energy Solutions» ЖШС | Тасымалдау және басқа да қызмет түрлері | 100% | 100% | Қазақстан |
| «Тегис Мунай» ЖШС және «Мангышлак Мунай» ЖШС | Газ қойнауын іздестіру және өндіру | 100% | 100% | Қазақстан |



## Есептің GRI басшылығына сәйкес келу кестесі

| GRI Стандарт | Нөмірі | Мазмұны | Бет нөмірі | Растау |
|---|---|---|---|---|
| Есептіліктің жалпы элементтері | | | | |
| GRI 102: Жалпы ақпарат 2016 | | | | |
| | 102-1 | Ұйымның атауы | 8 | қолдануға болмайды |
| | 102-2 | Қызмет, брендтер, өнім және қызметтер | 8,10-12 | қолдануға болмайды |
| | 102-3 | Штаб-пәтердің орналасуы | 9, 177 | қолдануға болмайды |
| | 102-4 | Өндірістік алаңдардың орналасуы | 9, 44-61 | қолдануға болмайды |
| | 102-5 | Меншік сипаты және ұйымдастырушылық-құқықтық нысан | 8 | қолдануға болмайды |
| | 102-6 | Қызмет ету нарықтары | 8-12, 44-61 | қолдануға болмайды |
| | 102-7 | Ұйым масштабы | 8-12, 33-41, 124 | жоқ |
| | 102-8 | Қызметкерлер мен басқа жұмыскерлер туралы ақпарат | 144-146 | жоқ |
| | 102-9 | Жеткізу желісі | 44-61, 82-83 | жоқ |
| | 102-10 | Ұйымда және оның жеткізу желісіндегі елеулі өзгерістер | 2-5, 10-15, 64, 82-83, T.2 | PWC |
| | 102-11 | Сақтық шараларының қағидаты немесе әдісі | 105-107, 122-123, 157-158 | жоқ |
| | 102-12 | Сыртқы бастамалар | 116-117, 122-123, 146 | жоқ |
| | 102-13 | Қауымдастықтардағы мүшелілік | 122 | жоқ |
| | 102-14 | Жоғары тұрған басшылықтың өтініші | 2-5 | қолдануға болмайды |
| | 102-15 | Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер | 21-22, 65-66, 76-77, 117 | жоқ |
| | 102-16 | Мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары, стандарттары және нормалары | 16-17, 106-108, 142-143, 154-158 | жоқ |
| | 102-17 | Этика бойынша консультациялар мен өтініштердің тетіктері | 106-108, 122-123, 157-158 | жоқ |
| | 102-18 | Басқару құрылымы | 44, 86, 88-89 | жоқ |
| | 102-19 | Өкілеттіктерді табыстау | 86, 88-89, 92-104 | жоқ |
| | 102-20 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар үшін жауапты басқарушы лауазымдар | 92-94, 99-100 | қолдануға болмайды |
| | 102-21 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша мүдделі тараптарға консультация беру | 92-94, 99-100, 117-123 | жоқ |
| | 102-22 | Жоғары корпоративтік басқару органының және оның комитеттерінің құрамы | 92-104 | жоқ |
| | 102-23 | Жоғары корпоративтік басқару органының төрағасы | 92 | жоқ |
| | 102-24 | Жоғары корпоративтік басқару органын ұсыну және таңдау | 94-95 | қолдануға болмайды |
| | 102-26 | Жоғары корпоративтік басқару органының мақсаттарды, құндылықтарды және стратегияны анықтаудағы рөлі | 86, 95, 97 | қолдануға болмайды |
| | 102-31 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды барлау | 116-161, 166-167 | жоқ |
| | 102-35 | Сыйлықақы беру саясаты | 95, 101 | жоқ |
| | 102-36 | Сыйлықақыны анықтау процессі | 95, 101 | жоқ |
| | 102-40 | Мүдделі тараптар тобының тізімі | 119 | жоқ |

| GRI Стандарт | Нөмірі | Мазмұны | Бет нөмірі | Растау |
|---|---|---|---|---|
| | 102-41 | Ұжымдық еңбек шарттары | 154-157 | жоқ |
| | 102-42 | Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және анықтау | 119, 120-121 | жоқ |
| | 102-43 | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі | 118-123 | жоқ |
| | 102-44 | Негізгі тақырыптар және қозғалған қауіптер | 123, 105-107, 164-166 | жоқ |
| | 102-45 | Шоғырландырылған қаржылық есептілік енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі | 168, Т.2 | PWC |
| | 102-46 | Есеп мазмұнын және тақырыптар шекараларын анықтау | 166-167 | жоқ |
| | 102-47 | Маңызды тақырыптардың тізімі | 164-166 | жоқ |
| | 102-48 | Қайталама өтініштер | В КФО | PWC |
| | 102-49 | Есептегі өзгерістер | 167 | жоқ |
| | 102-50 | Есептік кезең | 167-168 | қолдануға болмайды |
| | 102-51 | Соңғы есеп шығарылған күн | 167 | қолдануға болмайды |
| | 102-52 | Есептілік циклі | 167-168 | қолдануға болмайды |
| | 102-53 | Есеп туралы сұрақтар бойынша байланыс ақпараты | 177 | қолдануға болмайды |
| | 102-54 | GRI Standards сәйкес есептілік туралы өтініш | 1, 168 | жоқ |
| | 102-55 | GRI мазмұнының белгісі | 169 | жоқ |
| | 102-56 | Сыртқы растау | 169-172 | жоқ |
| Арнаулы тақырыптар | | | | |
| GRI 200: Экономикалық тақырыптар 2016 | | | | |
| **Экономикалық нәтижелілік** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165, 24 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 168, 65-66 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 76-78, 124 | жоқ |
| GRI 201: Экономикалық нәтижелілік | 201-1 | Құрылған және үйлестірілген тікелей экономикалық құн | 124 | жоқ |
| **Нарыққа қатысу** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 144 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 144-148 | жоқ |
| GRI 202: Нарыққа қатысу | 202-1 | Жынысы әр түрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының қызметтің маңызды өңірлердегі белгіленген мейілінше аз жалақыға қатысы | 147 | жоқ |
| | 202-2 | Жергілікті халықтың өкілдері есебінен қабылданған қызметтің маңызды аумақтарында жоғары дәрежелі басшылардың үлесі | 146 | жоқ |
| **Сатып алу тәжірибесі** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 65-66 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 82-83 | жоқ |
| GRI 204: Тікелей емес экономикалық әсер | 204-1 | Жергілікті емес жеткізушілердің шығын үлесі | 83 | жоқ |



| GRI Стандарт | Нөмірі | Мазмұны | Бет нөмірі | Растау |
|---|---|---|---|---|
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165,105 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 105 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 105, 107 | жоқ |
| GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес | 205-1 | Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер | 105, 107 | жоқ |
| | 205-2 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, сондай-ақ оларға оқыту | 106 | жоқ |
| | 205-3 | Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар | 107 | жоқ |
| GRI 300: Экологиялық тақырыптар 2016 | | | | |
| **Материалдар** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165, 128 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 128 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 128 | жоқ |
| GRI 301: Материалдар 2016 | 301-1 | Салмағы немесе көлемі бойынша пайдаланылатын материал | 129 | жоқ |
| | 301-2 | Пайдаланылған қайта өңделген материал | 165, 128 | жоқ |
| **Энергия** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 127 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 128 | жоқ |
| GRI 302: Энергия 2016 | 302-1 | Энергияны ұйым ішінде тұтыну | 127 | жоқ |
| | 302-3 | Энергиялық сыйымдылық | 128 | жоқ |
| | 302-4 | Энергия тұтынуды қысқарту | 128 | жоқ |
| **Су және Ағын сулар** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165-131 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 131 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 133 | жоқ |
| GRI 303: Су және Ағын сулар 2018 | 303-2 | Ұйымның суды жинауы маңызды әсер ететін су көздері | 134-135 | жоқ |
| | 303-3 | Көп рет және қайталама пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі | 136 | жоқ |
| **Биоалуантүрлілік** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 136 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 136 | жоқ |
| GRI 304: Биотүрлілік 2016 | 304-2 | Қызметтің, өнімнің және қызметтердің биоалуантүрлілік маңызды ықпалы | 137 | жоқ |
| **Шығарындылар** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 138 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 138 | жоқ |
| GRI 305: Шығарындылар 2016 | 305-7 | NOx, SOx және басқа маңызды ластағыш заттардың шығарындылары | 138-140 | жоқ |

| GRI Стандарт | Нөмірі | Мазмұны | Бет нөмірі | Растау |
|---|---|---|---|---|
| **Ағын сулар және қалдықтар** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 140 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 140 | жоқ |
| GRI 306: Ағын сулар және қалдықтар 2016 | 306-2 | Қалдықтар | 140-141 | жоқ |
| **Экологиялық нормаларға сәйкестік** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 131 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 132 | жоқ |
| GRI 307: Экологиялық нормаларға сәйкестік 2016 | 307-1 | Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау | 132 | жоқ |
| GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар 2016 | | | | |
| **Жұмыспен қамту** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 144 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 144 | жоқ |
| GRI 401: Жұмыспен қамтушылық 2016 | 401-1 | Жаңадан қабылданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы | 144-145 | жоқ |
| | 401-2 | Уақтыша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер | 155 | жоқ |
| **Денсаулық және қауіпсіздік** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 152 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 150 | жоқ |
| GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік 2018 | 403-2 | Өндірістік жарақаттанушылық түрлері және деңгейі, жоғалған күндер және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өлімге әкелген жағдайлардың жалпы саны | 151 | жоқ |
| | 403-9 | Өндірістік жарақаттар | 151-152 | жоқ |
| **Оқыту және білім** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 144 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 170 | жоқ |
| GRI 404: Оқыту және білім 2016 | 404-1 | Бір қызметкер үшін оқыту сағатының орташа жылдық саны | 149 | жоқ |
| | 404-3 | Мерзімді нәтижелілік бағалары және мансаптық дамыту жүргізілетін қызметкерлердің үлесі | 149 | жоқ |
| **Кемсітушіліктің жоқтығы** | | | | |
| GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016 | 103-1 | Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру | 165 | жоқ |
| | 103-2 | Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері | 144, 105, 108 | жоқ |
| | 103-3 | Басқарушылық тәсілді бағалау | 144, 146, 157-58 | жоқ |



| GRI Стандарт | Нөмірі | Мазмұны | Бет нөмірі | Растау |
|---|---|---|---|---|
| GRI 406: Кемсітушіліктің жоқтығы 2016 | 406-1 | Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету қызметтері | 107, 108, 146, 157-158 | жоқ |

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| **АҚ** | Акционерлік қоғам |
| **Акционер/Жалғыз акционер** | «Самұрық-Қазына» АҚ |
| **«ШҚ АЭК» АҚ** | «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» АҚ |
| **«ОАЭК» АҚ** | «Орталық Азиялық Электр энергетикалық Корпорациясы» АҚ |
| **«АлЭС» АҚ** | «Алматы электр станциялары» АҚ |
| **«ЭҚРҚО» АҚ** | «Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық операторы» АҚ |
| **«МЭБК» АҚ** | « Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ |
| **«ССКӨБ» АҚ** | «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ |
| **ӘБП** | Әкімшілік-басқарушы персонал |
| **АЭС** | Атом электр станциясы |
| **Бенчмаркинг** | «Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі |
| **БК** | «Богатырь Көмір» ЖШС |
| **o.i.** | Оның ішінде |
| **ЖЭК** | Жаңартылатын энергия көздері |
| **ЖЭС** | Жел электр станциясы |
| **СКЖ** | Су арқылы күлді жою |
| **МКК** | Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын |
| **МҮИИДБ** | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы |
| **«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы/Топ/ЕТҰ** | «Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес және тәуелді компаниялары |
| **МАЭС** | Мемлекеттік аудандық электр станциясы |
| **ГТЭС** | Газ-турбиналық электр станциясы |
| **СЭС** | Су электр станциясы |
| **ДО** | Дизель отыны |
| **ЕҚДБ** | Еуропа қайта құру және даму банкі |
| **ЕурАзЭҚ** | Еуразиялық экономикалық қоғамдастық |
| **СБАЕК** | Сертификатталған Бухгалтерлер мен Аудиторлардың Еуразиялық Кеңесі |
| **ЕЭҚ** | Еуропа экономикалық қауымдастығы |
| **ҚР БЭЖ** | Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі |
| **ЛЗ** | Ластағыш зат |
| **ККҚ** | Күлқож қалдықтарының көлемдері |
| **ҚХР** | Қытай Халық Республикасы |
| **Компания** | «Самұрық-Энерго» АҚ |
| **КТК** | Коммуналдық-тұрмыстық көмір |

| | |
|---|---|
| **НҚК** | Негізгі қызмет көрсеткіштері, жалпы Компанияның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Компания қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар) |
| **ТМРжБҚК/Комитет** | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті |
| **КМЖ** | Корпоративтік менеджмент жүйесі |
| **КАТ** | Кокстік аз жентектелетін төмен метаморфталған көмірлер |
| **КСН** | Угли коксовые слабоспекающиеся низкометаморфизованные |
| **КО** | Корпоративтік орталық («Самұрық-Энерго» АҚ) |
| **ҰОҚ** | Ұшқыш органикалық қосылыстар |
| **ЭЖЖ** | Электр жеткізу желісі |
| **ҚР ИЖТМ** | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| **ҚР ҰЭМ** | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі |
| **ЖҚ** | Жергілікті қамту |
| **ХҚЕС** | Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары |
| **ЕҚТ** | Ең жақсы қолжетімді технология |
| **ҰЭЖ** | Ұлттық электр желісі |
| **БАӘ** | Біріккен Араб Әмірлігі |
| **БК** | Бірлескен компания |
| **ЖШҚ** | Жауапкершілігі шектелген қоғам |
| **БҰҰ** | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| **ЕҚТА** | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар |
| **ОБЗ** | Озон бұзатын заттар |
| **БЭЖ** | Бірлескен энергетикалық жүйе |
| **ЗТБ** | Заңды тұлғалардың бірлестігі |
| **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| **РФ** | Ресей Федерациясы |
| **АЭК** | Аудандық электр компаниясы |
| **ЖАҚ** | Жария акционерлік қоғам |
| **ПГ** | Парниктік газдар |
| **ШРТ** | Шектеулі рұқсат етілген төгінділер |
| **Даму жоспарының көрсеткіштері** | Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие. |
| **ӨҚҚ** | Өрт қауіпсіздігі қағидасы |
| **БҰҰДБ** | Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы |
| **ҚТҚ** | Қауіпсіздік техникасы қағидасы |
| **ЖКБ** | Жүк тиеу-көлік басқармасы |
| **ТПҚ** | Техникалық пайдалану қағидасы |
| **РТҒА** | Ресей табиғи ғылымдар академиясы |
| **Тәуекел** | Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу |
| **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| **РФ, Ресей** | Ресей Федерациясы |
| **ІАҚ** | Ішкі аудит қызметі |
| **ДК** | Директорлар кеңесі |



| | |
|---|---|
| **ОСЖ** | Оқшауланған сыммен жабдықталған |
| **ТМД** | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| **КСРО** | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| **Стратегия** | «Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясы |
| **Қоғамның құрылымдық бөлімшелері** | Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымға енген бөлімшелер (департаменттер, қызметтер) |
| **ТБЖ** | Қызметтің тиімділігін басқару жүйесі |
| **АҚШ** | Америка Құрама Штаттары |
| **АТП АЭА** | «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы |
| **ЭМЖ** | Экологиялық менеджмент жүйесі |
| **КЭС** | Күн электр станциясы |
| **ТҰК** | Трансұлттық компания |
| **ЖШС** | Жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| **«АЭС» ЖШС** | «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС |
| **«ҚКЖ» ЖШС** | «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС |
| **«БЖЭС» ЖШС** | «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС |
| **«EWP» ЖШС** | «Ereymentau Wind Power» ЖШС |
| **ОКЦ** | Отын-көлік цехы |
| **ТҚС** | Трансформаторлық қосалқы станциясы |
| **ТЖҚ** | Тауарлар, жұмыстар, қызметтер |
| **ЖЭС** | Жылу электр станциясы |
| **ЖЭО** | Жылу электр орталығы |
| **ОШШ** | Отынның шекті шығыны |
| **ҚКҚ** | Құрғақ күл қондырғысы |
| **Қор** | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| **ШарСЭС** | «Шардара СЭС» АҚ |
| **ГРЭС-1** | «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС |
| **ГРЭС-2** | «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ |
| **ЭӨҰ** | Энергия өндіруші ұйым |
| **ЭЖҰ** | Энергиямен жабдықтаушы ұйым |
| **CAP** | Сертификатталған бухгалтер-практик (Certified Accounting Practitioner) |
| **CASA-1000** | Орталық Азия-Оңтүстік Азия энергетикалық жобасы (Central Asia-South Asia) |
| **CO2** | Көміртегінің қос тотығы |
| **CPA** | Сертификатталған бухгалтер (Certified Public Accountant) |
| **DiPCPIA** | Сертификатталған кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Certified Professional Internal Auditor Diploma) |
| **DipPIA** | Кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Professional Internal Auditor Diploma) |
| **EBITDA** | Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization) |
| **EBITDA margin** | EBITDA бойынша тиімділік, EBITDA-ның табысқа қатысы |
| **ERG** | «Еуразия Тобы» ЖШС |
| **EVA** | Экономикалық қосылған құн |
| **GRI** | Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative) |
| **IFA (DipIFA)** | Халықаралық Аудит және Менеджмент Дипломы |
| **IoD UK** | Британия директорлар институты |

| | |
|---|---|
| **ISO** | Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization) |
| **ISO** | Стандарттау бойынша халықаралық ұйым (International Organization for Standardization) |
| **KEGOC** | «KEGOC» акционерлік қоғамы (KazakhstanElectricityGridOperatingCompany, Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы) |
| **LTIFR** | Жұмыс уақытын жоғалта отырып, жарақаттанушылық жилігінің коэффициенті, жұмыс орнында атқарылған 1 миллион сағат жұмыс уақытын жоғалта отырып алынған жарақаттар саны |
| **NAV** | Таза активтердің шамасы |
| **NOx** | NO және NO2 азот тотығының жинақтық атауы |
| **PESTEL-анализ** | Компанияның бизнесіне әсер ететін саяси (Political), экономикалық (Economic), әлеуметтік (Social), технологиялық (Technological), экологиялық (Environmental) және құқықтық (Legal) факторларды анықтауға арналған маркетингтік құрал |
| **SO2** | Күкірт тотығы |
| **SWOT** | Сыртқы және ішкі ортаға жағымды/ жағымсыз факторлардың әсерін талдау |

**ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ**

| | |
|---|---|
| **%** | Пайыз |
| **ГВтч** | Гигаватт сағат |
| **ГДж** | Гигаджоуль |
| **Гкал** | Гигакалория |
| **кВ** | Киловольт |
| **кВтч** | Киловатт сағат |
| **км** | Километр |
| **м** | Метр |
| **м³** | Текше метр |
| **МВА** | Мегавольт-ампер |
| **МВт** | Мегаватт |
| **мг/нм³** | Нормадағы текше кубқа миллиграмм |
| **Млн** | Миллион |
| **Млрд** | Миллиард |
| **мың** | Мың |
| **э/э** | Электр энергиясы |



# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

**Тасболатов Ринат Ермекұлы**

Баспасөз хатшысы
Телефон: +7 (7172) 55-30-62
email: r.tasbulatov@samruk-energy.kz

**Айсариева Мадина Бекайдарқызы**

«Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры
Телефон: +7 (7172) 55-30-20
email: m.aisarieva@samruk-energy.kz

**«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы**
**Орталық басқару аппараты**

010000, Ақмола обл., Нұр-Сұлтан қаласы,
Қабанбай Батыр д-лы, 15 А
"Q" бизнес орталығы, Б болгы
Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21
Факс: +7 (7172) 55-30-30
e-mail: info@samruk-energy.kz

**«Самұрық-Энерго» АҚ аудиторы**

«ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., A25D5F6
Әл-Фараби д-лы, 34, «А» ғимараты, 4 қабат
Телефоны: +7 727 330 32 00

**«Самұрық-Энерго» АҚ тіркеушісі**

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., «Самал-1» ш.а., 28
+7 (727) 312 33 04, 8 800 080 8668

Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде оған сілтеме жасау міндетті.

SAMRUK ENERGY